ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ (ҚАЗАҚСТАН)
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР, ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛАР

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС

ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ВЫЗОВЫ, СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ И СТРАТЕГИИ

INTERNATIONAL CONGRESS

DISTANCE EDUCATION: CRITICAL THREAT, MODERN TRENDS AND STRATEGIES

I ТОМ

14 наурыз 2023 жыл
14 марта 2023 года
14 march 2023 year

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
(РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ)

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТИ
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
ШАДРИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
(РОССИЙСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ)

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
M.KH. DULATY TARAZ REGIONAL UNIVERSITY
DEPARTMENT OF PEDAGOGY
SHADRINSK STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY
(RUSSIAN FEDERATION)

«ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР, ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛАР» атты Халықаралық Конгрес МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Международного Конгресса «ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ВЫЗОВЫ, СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ И СТРАТЕГИИ»

MATERIALS
International Congress «DISTANCE EDUCATION: CHALLENGES, MODERN TRENDS AND STRATEGIES»

2023 жылы 14 наурыз
14 март 2023 года
14 march 2023

ТОМ 1

«Dulaty university»
баспасы
Тараз, 2023

УДК 37.0
ББК 74.00
Қ52

«Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс материалдары/ Материалы Международного Конгресса «Дистанционное образование: вызовы, современные тренды и стратегии. – Тараз: Dulaty university, 2023. Том 1. - 292 б.

Ответственный редактор:
Бузаубакова К.Д.

Редакционная коллегия:
Елубаева М.С., Таджибаева Ж.С., Мамбетова А.М.

ISBN 978-9965-37-417-3

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жоба аясында ұйымдастырылған Халықаралық Конгреске жинақталған мақалалар топтастырылған.

Жинақ жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне және ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған.

В настоящем сборнике размещены статьи участников Международного конгресса, организованного в рамках грантового проекта AP09259497 «Совершенствование системы педагогического образования РК в новых условиях: технологические и методические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении в Республике Казахстан» по программе Министерства науки и высшего образования РК «Грантовое финансирование научных и научно-технических проектов на 2021-2023 годы».

Материалы сборника представляют интерес для преподавателей ВУЗов, студентов, магистрантов, докторантов и учителей средней общеобразовательной школы.

ISBN 978-9965-37-417-3

©М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, 2023

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Байжұманов Мұхтар Қазбекұлының
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Қайырлы күн, Цифрлы Қазақстанның жаңашыл ұстаздары мен құрметті қонақтар!
«ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР, ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛАР» атты Халықаралық Конгресіне қош келіпсіздер!

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетімен (Ресей Федерациясы) бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жоба аясында Халықаралық Конгресс өткізуде.

Жаңа ғасырда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту, оқу-тәрбие процесіне цифрлық технологияларды ендіру, сонымен қатар қашықтықтан білім беруді жетілдіру жолдарын айқындау кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Ұстаздардың маңызды миссиясы – жас ұрпақты тәрбиелеу, жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын дамыту, цифрлық құзыреттіліктерін жетілдіру.

Халықаралық Конгрестің мақсаты – цифрлы қоғамда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын айқындау; қашықтан оқытудың заманауи трендтерін анықтау; XXI ғасырдың сын-қатерлі контексіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы технологиялардың мәнін ашу; педагог кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеу.

Халықаралық Конгресс Цифрлы Қазақстан жағдайында педагогикалық кадрларды даярлауда сын-қатерлі контексінде цифрлы оқыту технологияларын тиімді пайдаланудың жолдарын айқындап, қашықтан оқытуды әлемдік тәжірибені зерделеу және т.б. келелі міндеттерді шешеді.

Халықаралық Конгресс барысында педагогикалық білім берудің заманауи трендтері, цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары және әлемдік тәжірибені зерделеудің қазіргі жай-күйі талқыланады.

Халықаралық Конгреске жақын және алыс шетелдерден танымал ғалымдар қатысуда: E.A.Köksal – Нигде Омера Халисдемира университетінің қауымдастырылған профессоры (Туркия); Б.Пшибыльский – Мария Гжегожевский атындағы университетінің профессоры (Польша); Н.В.Скоробогатова – Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми

және инновациялық жұмыстар жөніндегі проректоры (Ресей Федерациясы); Р.Т.Сулайманова – Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университеті, Педагогика факультеттің деканы (Қырғызстан); Б.Х.Байджанов, Д.М.Юлдашева, И.С.Солиев – Ферғана мемлекеттік университетінің профессорлары (Өзбекстан), Қ.К.Жампеисова, Ұ.Қ.Қияқбаева, Ғ.З.Таубаева – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары (Алматы); С.Қ.Абильдина – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды); Р.Л.Калимжанова - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің PhD докторы (Арқалық); Т.Б.Байназарова – Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университетінің профессоры (Алматы); Г.А.Абишева – Білім Сарапшылар Қазақ Лигасының Президенті, «KPI BILIM» білім беру орталығының Бас директоры (Алматы) және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АО басшылары, тренер-әдіскерлері; педагогикалық ЖОО-ның және орта кәсіби білім беру ұйымдарының басшылары, ғалым-педагогтері, болашақ педагогтері, магистранттары мен докторанттары; жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, әдіскерлері, жаңашыл мұғалімдері қатысты.

Халықаралық Конгреске 200-ден аса педагогтер өздерінің инновациялық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, белсенділік танытты.

Ақпараттық дәуірде білім сапасын арттыру үшін болашақ педагогтардың цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру маңызды.

Халықаралық Конгресс жұмысына сәттілік тілеймін!

ӘОЖ: 378.147

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

К.Д. Бузаубакова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі,
klara_1101@mail.ru
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны, ерекшеліктері жолдары айқындалды.

Сондай-ақ, мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттары айқындалады: вебинар, онлайн курс, онлайн-байқаудың мәні және мазмұны ашылады.

Зерттеу AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылды.

Кілтті сөздер: қашықтан оқыту, цифрлы құзыреттілік, вебинар, цифрлық онлайн байқау, онлайн курс.

Резюме: В статье определены содержание, особенности и пути формирования цифровых компетенций будущих учителей в условиях дистанционного образования в Республике Казахстан.

Также в статье раскрываются приоритетные направления проводимой исследовательской работы по формированию цифровых компетенций будущего учителя в условиях дистанционного обучения: раскрывается сущность и содержание вебинара, онлайн-курса, онлайн-конкурса.

Исследование AP09259497 в рамках грантового проекта «Совершенствование системы педагогического образования в новой реальности Казахстана: технолого-методические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении РК», профинансированного Министерством Образования и науки РК.

Ключевые слова: дистанционное обучение, цифровая компетентность, вебинар, онлайн-конкурс, онлайн-курс.

Abstract: The article defines the content and features of the formation of digital competencies of future teachers in the conditions of distance education in the Republic of Kazakhstan.

The article also reveals the priority directions of research work on the formation of digital competencies of the future teacher in the conditions of distance learning: webinar, online course, subject and content of the online contest.

The research AP09259497 within the framework of the grant project «Improving the system of pedagogical education in the new reality of Kazakhstan: technological and methodological aspects of the formation of digital competencies of future teachers in distance learning of the Republic of Kazakhstan» is funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: distance learning, digital competence, webinar, digital online contest, online course.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» – деп атап көрсеткеніндей, жайлы мектепте сапалы жұмыс жасайтындай SMART- педагог қажеттілігі кезек күттірмейтін өзекті мәселе [1].

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау, болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру сияқты басты стратегиялық міндет айқындалды [2].

Қазіргі Төртінші өндірістік революция жағдайында кез келген мемлекеттің, кез келген елдің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін және экономикалық өсуін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірегейі цифрлық технологиялардың дамуы болып табылады.

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, халықаралық дейгейдегі әртүрлі зерттеу бағдарламалары аясында, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды дайындау. Цифрлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады.

Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі оның кәсіби және даралық қасиеттерімен сипатталады. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жоғары нәтижеге қол жеткізетін оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігі.

Білім беру мен оқытудың цифрлық білім беру үдерісін құру қажеттілігін тудыратын факторлар цифрлық қоғамның үш құрамдас бөлігі болып табылады: цифрлы ұрпақ (ерекше әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар жаңа ұрпақ); цифрлы ортаны қалыптастыратын және онда дамитын жаңа цифрлық технологиялар; цифрлық экономика және ол қалыптастыратын кадрларға қойылатын жаңа талаптар.

«Z ұрпақ», «цифрлы ұрпақ», «желілік ұрпақ» және т.б. сөз тіркестері мен ұғымдары бүгінгі күнде күнделікті өмірде кең таралған білім беру және кәсіби қызметте цифрлық технологиялар контексінде әлеуметтенген жас ұрпақты айқындау үшін қолданылады.

Қабылдау, есте сақтау, ойлау, ынталандыру, мінез-құлық үлгілері, өмір сүру ұзақтығы, дүниетаны бойынша ерекшеленетін цифрлы ұрпақ өкілі цифрлық қоғамда сұранысқа ие, әлеуметтік және кәсіби маңызды құзыреттерге ие болатын тұлға болып табылады. Цифрлық («озық», «ақылды», «SMART») технологиялар заманауи технологиялық даму кезеңінің өзегін құрайды, жақын болашақта өзінің басым рөлін сақтайды.

Қазіргі кезеңде заманауи технологияларды оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану білім беретін мекемелердің оқыту мүмкіндіктерін кеңейтті, оқытудың жаңа форматтары өмірге келді. «Цифрлы ұрпақ» өмірге келді. Бүгінде жалпы білім беретін орта мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында ғаламтор желісіз ойлай да алмайтын жаңа буын өкілдері білім алуда.

Жаңа ғасырда Қазақстанда әртүрлі буын өкілдері білім алуда, жұмыс жасауда, өмір сүруде:

1) GI ұрпақ(1900-1923 жылдар аралығында өмірге келгендер);
2) Үндемейтін (жақ ашпайтын) ұрпақ (1923-1943 жылдар аралығында өмірге келгендер);
3) Беби-бумер ұрпақтары (1943-1963 жылдар аралығында өмірге келгендер);
4) X ұрпақ (1963-1984 жылдар аралығында өмірге келгендер);
5) Y(Миллениум) ұрпақ (1984-2000 жылдар аралығында өмірге келгендер);
6) Z ұрпақ (2000 жылдан бері өмірге келгендер) [3].

Педагогтерге Z ұрпақтың ерекшеліктерін білу маңызды. Z ұрпақ XX ғасырдан XXI ғасырға бірегей ерекшеліктерімен өткен ұрпақ, дегенмен де оларға Y (Миллениум) ұрпақтың әсері баршылық, әйтседе оларға жеке дербестік тән [4].

Еңбек нарығы мен жұмыс берушілер болашақ мамандарға кәсіби құзыреттіліктерімен қатар цифрлы құзыреттіліктерді меңгеру талаптарын қатар қоюда. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, цифрлы технологиялар құрал ғана емес, адамның өмір сүру ортасына айналып отыр.

Цифрлы блім беру ортасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады:

1) сыныпта немесе аудиторияда оқытудан кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға көшу;
2) дербес білім беру маршрутын жобалау;
3) білім алушыларды электронды ресурстарды қолданушыдан жаңа ресурстарды жасаушыларға айналдыру.

Еуропалық Одақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерді меңгеру деңгейлерін анықтау бойынша жүргізген зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, «оқушылар оқу процесінде белсенді пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті цифрлы құзыреттіліктердің тек 20-25% ғана мұғалімдерден үйренеді» [5].

2006 жылы Еуропалық Одақ үздіксіз білім берудің 8 құзыреттіліктерінің қатарына кіретін «цифрлық сауаттылық» және «цифрлы құзыреттілік» ұғымдарына сипаттама берді: «Цифрлы құзыреттілік – адамдардың жұмыс жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін ақпараттық технологияларды сенімді әрі сындарлы пайдалана алуы. «Цифрлы құзыреттілік » ұғымы сондай-ақ, адамдардың компьютерді өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолдана алу, ақпаратты сақтай алу, ақпаратпен алмасу, ғаламтор арқылы желілік байланысқа шыға алу сияқты алғашқы дағдыларды меңгеруі болып табылады [5,European Commission (2008)].

Қазіргі кезеңде оқытудың дәстүрлі формасымен қатар, цифрлы технологияны пайдаланатын әртүрлі формалары да қолдануда: қашықтан оқыту; электронды оқыту; жаппай ашық онлайн курстар және ғаламтор мен цифрлы технологияларды пайдаланатын оқытудың басқа да түрлері.

Қашықтан оқыту (ҚО) дегеніміз – телекоммуникациялық технологиялар мен интернет ресурстарының көмегімен жүзеге асырылатын, бір-бірінен алшақ орналасқан оқытушылар мен білім алушылардың білім беру өзара әрекеттесуіне негізделген оқытудың бір түрі. Қашықтан оқыту оқу үдерісіне тән оқыту жүйесінің барлық компоненттерімен сипатталады: мақсаттары, мазмұны, ұйымдастырушылық формалары, оқыту құралдары, нәтижелерді бақылау және бағалау жүйесі.

Қашықтан оқытудың ақпараттық білім беру ортасы – бұл пайдаланушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған деректерді беру құралдары, ақпараттық ресурстардың пайдалануды аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелі ұйымдастырылған жиынтығы, кабельдік немесе спутниктік теледидар, бейне немесе аудио жазбалар, факс, модем, бейнеконференция сияқты білім беру ұйымынан тыс технологиялар арқылы білім беру бағдарламаларын тарату.

Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылған AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында 2021-2023 жылдар арасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді (1-кесте).

Кесте 1

Жүргізілген іс-шаралардың басым бағыттары

№	Іс-шара атауы, мазмұны	Сілтемесі
1	Ресейдің ШМПУ-мен ынтымақтастық келісім шарт жасалды (28.10.2021 ж., Шадринск қ.)	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/3589-dulati-universiteti-men-resejdi-shadrinsk-memlekettik-pedagogikaly-universiteti-arasynda-yntyma-tasty-bajlanys-ny-ayuda.html
2	SMART-болашақ ПЕДАГОГ»: smart-pedagog.kz педагогикалық порталы әзірленді және ашылды	smart-pedagog.kz https://bilimdinews.kz/?p=174531
3	Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің (ШМПУ) базасында «SMART-PEDAGOG» онлайн-кафедра құрылды (ШМПУ Ғылыми Кеңесінің шешімі: №1 хаттама, 28.10.2021 ж.).	https://dulaty.kz//kk/2020-01-30-02-50-58/item/3589-dylati-universiteti-men-resejdi-shadrinsk-memlekettik-pedagogikaly-universiteti-arasynda-yntyma-tasty-bajlanys-nu-ayuda.html https://www.instaqram.com/p/CWFnFpeM0K5/?utm_medium=cory_link https://z-taraz.kz/dulati-universiteti-sheteldik-o-u-ornymen-bajlanysyn-ny-ajtuda/?fbclid=IwAR29qZ0r-6JNvxac7FdmP31TxLGDim4N1_M9aBkbH939F0h2B1yyGfvYUTc
4	SMART – болашақ ПЕДАГОГ» онлайн-тесттілеудің мобильдік қосымшасы жасалды	https://play.google.com/store/apps/details?id=smart.aplivfm&hl=ru&gl=US
5	«Мен – Smart педагог» Халықаралық онлайн-коучинг вебинар өткізілді	http://lib.dulaty.kz/index.php/kz/45-ma-yzdylar/1170zha-a-kitaptar https://www.instagram.com/p/CiSPM84MV15/?igshid=YmMyMTA2M2Y= https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4507-onlajn-konkurs-moj-pervyj-onlajn-urok.html
6	«Менің алғашқы онлайн сабағым» болашақ педагогтерге арналған онлайн байқау ұйымдастырылды	https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4507-onlajn-konkurs-moj-pervyj-onlajn-urok.html https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4603-dulati-universitetini-studenti-khaly-araly-baj-auda-zhe-iske-zhetti.html
7	«Ғылым таппай мақтанба, адам болам десеңіз!» ғылыми конференция ұйымдастырылды	https://dulaty.kz/ustaz-institute-kaz/ustaz-news/item/4732-ylym-tappaj-ma-tanba-adam-bolam-dese-iz.html
8	Онлайн-сауалнама және онлайн-тест жүргізілді	http://test.max-tech.kz/?page=author&lang=kaz
9	Болашақ педагогтерге арналған көлемі 72 сағаттық «Қашықтан оқыту технология-лары» онлайн курсы өткізілді	https://www.instagram.com/p/Cn7FSMGNocn/?igshid=MDJmNzVkMjY
10	«Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс ұйымдастырылды	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4913-ashy-tan-bilim-beru-khaly-araly-kongress.html
11	«Қазіргі заманғы оқыту технологиялары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар ұйымдастырылды	https://dulaty.kz/kk/2020-01-30-02-50-58/item/3845-aza-standy-zh-ne-resejlik-alymdar-kollaboratsiyaly-ylymi-zertteu-zh-mystaryn-zh-rgizude.html

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау, әдістемесін жасау қажеттілігі туындауда.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Дулати университеті) мен Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті (ШМПУ) инновациялық ынтымақ-тастығының негізінде қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін болашақ педагогтердің барлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін зияткерлік инновациялық виртуалды білім беру платформасы – педагогикалық білім беру порталы құрылды.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, инновациялық-технологиялық және желілік-әдістемелік негіздерін айқындалды және www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы ашылды.

www.smart-pedagog.kz білім беру порталының артықшылықтары тек білім алушылармен ғана шектелмейді, оқытушыларға да қатысты. Порталда қолданылатын интерактивті оқыту және білім беру әдістері болашақ педагогтер үшін жаңа перспективаны ашады, олар үйренген әдістерін болашақта қарапайым сыныптарда қолдана алады.

ҚР педагог мамандарды дайындау және болашақ педагогтердің цифрлы креативті құзыреттіліктерін арттыру мақсатында ашылған www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы төмендегідей бағытта жұмыс жасайды және 7 онлайн-педагогикалық ресурсты пайдаланады:

1) smart- онлайн педагогикалық шеберхана (педагогикалық орталық);
2) smart- онлайн педагогикалық студия;
3) smart-онлайн әдістемелік қоржын;
4) smart-онлайн коучинг;
5) smart-онлайн коворкинг-орталық;
6) smart - онлайн виртуалды зертхана;
7) smart -онлайн цифрлы контент [6].

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы 3 тілде жұмыс жасайды: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (1- сурет).

Басты беттің сол жақ жоғарғы тұсында Қазақстан, Ресей және Англияның байрақтары қойылған. Жоғары орта тұста «Google play» таңбасымен «Сауалнама -Тест» мобильдік қосымшасы орналастырылған.

Жоғары сол жақта «Іздеу» торкөзі орналасқан. Ізделінетін ақпараттың тірек сөздерін жазу арқылы қажетті ақпаратты іздеп табуға болады.

Басты беттің 2 жолағында 6 блог топтастырылған: «Басты бет», «Жаңалықтар», «Біз туралы», «Жоба туралы»,«Медиа», «Онлайн кафедра (ШМПУ)».

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты бетінде «Біз туралы» блогы орналастырылған. Педагогикалық білім беру порталының «Біз туралы» блогында жобаның жетекшісі және жоба мүшелері бойынша қысқаша мәліметтер беріледі.

Педагогикалық білім беру порталының «Жоба туралы» блогында жоба тақырыбы, жобаның өзектілігі, зерттеудің әдіснамасы, жобаның мақсаты, жобаның міндеттері, жобадан күтілетін нәтижелер ұсынылады.



Сурет 1. www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты беті

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты бетінде «Медиа» блогы орналастырылған. Педагогикалық білім беру порталының «Медиа» блогы 2 бөліктен тұрады: видеогалерея; фотогалерея.

Педагогикалық білім беру порталының «Медиа» блогының «Фотогалерея» бөлігінде Жоба аясында жүргізілген іс-шаралардың мазмұнын ашатын фото-суреттер топтастырылған.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындауда қашықтықтан білім беру жағдайында инновациялық іс-тәжірибені үйрену, пайдалану, зерттеу, насихаттау мақсатында Дулати университеті (Қазақстан) мен Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей) арасында бірыңғай ортақ бірлескен желілік-әдістемелік байланысын орнату мақсатында «Мен – smart педагог!» Халықаралық онлайн коучинг-вебинар ұйымдастырылды.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдары анықталынды: «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауының ережесі жасалынып, ұйымдастырылды.

ҚР-да қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша Халықаралық онлайн коучинг-вебинар ұйымдастырылды.

Халықаралық онлайн коучинг-вебинарға республикаға танымал ғалымдар, болашақ педагогтер, білім беру ұйымдарының әдіскерлері және Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары мен болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн коучинг-вебинардың мақсаты – болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың басым бағыттарын анықтау.

Болашақ педагогтер SMART педагогтің келбетін – жайлы мектепте әрбір оқушыға сапалы білім беретін, сыни ойлайтын, өте мейірімді, балаға деген махаббаты шексіз, баланы шынайы жақсы көретін, жүрегі жылы, жайдарлы мінезді, оқушы жанын жүрекпен түсінетін, балаға түсінбеген материалды қайта-қайта түсіндіруге, көмектесуге, кеңес беруге ұдайы дайын тұратын, әрбір баланың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңашыл педагог; цифрлы ортада жұмыс жасай алатындай цифрлық құзыреттіліктері қалыптасқан және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланатын шебер педагог; рефлексиялық құзіреттілігі жоғары, сыни ойлайтын, педагогтің өзін-өзі кәсіби маман ретінде бағалай алатын, білім сапасын арттыру бойынша ұдайы ізденісте болатын шығармашылық педагог; тұлға қалыптастырушы педагогикалық іс-әрекетті өнер деп танитын цифрлы педагогті жаңаша мазмұнда аша алды.

Онлайн коучинг-вебинарда «Білім беру процесінде цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану» тақырыбына шебер сынып өткізілді, цифрлық білім беру ресурстарының мәнін ашып, crosswordlabs.com платформасында сөзжұмбақты жасау және дайындаудың технологиясымен таныстырылды.

Шебер сынып соңында болашақ педагогтер https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdaiuytducyazJd_pWw5nFDL_2juFiiGIPiNQRgdA0sQ9RGaSw/viewform?usp=sf_link сілтемесімен кіріп, арнайы дайындалған 10 сұрақтан тұратын тесттен өтіп, өздерінің цифрлы құзыреттіліктерін сынауға және арттыруға мүмкіндік алды.

Онлайн коучинг-вебинар болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқытушы мен білім алушының серіктестікке құрылған қарым-қатынасы оқу материалының цифрлық контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтеді.

Болашақ педагогтерге арналған көлемі 72 сағаттық «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы өткізілді.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде «Педагогика» және «Цифрлы педагогика» электронды оқулықтары жарық көрді.

«Педагогика» ЭО-ның болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыруда төмендегідей артықшылықтары бар:

- болашақ педагогтер өз бетінше жұмыс жасайды: болашақ педагог өздігінен ізденіп, қарастырылған материалдардан өзіне қажетті материалды, жаңа ақпаратты дер кезінде таба алады;
- болашақ педагогтердің танымдық белсенділігі артады: әртүрлі деңгейдегі таным процесі барысында болашақ педагог өзінің қызығушылығы мен қажеттілігінен шығатын мәселелерді тиімді шешу белсенділігін арттырады;
- болашақ педагогтердің креативті ойлауы қалыптасады: болашақ педагогке ең қиын сұрақтарға жауап табуға, шешім шығаруға, сындарлы ойлауға жол ашылады;
- болашақ педагог өзінің, өзгенің көзқарасын бағалап, сол арқылы сыни ойлай білуді үйренеді; болашақ педагог салыстыра отырып, бұрынғы өтіп кеткен материалдар мен жаңа білім арасындағы логикалық байланыстарды анықтауды үйренеді;
- болашақ педагогтердің шығармашылық ізденісі қалыптасады: мәселені қоя білу, сұрақтарға жауап іздеу, нәтижені сұрыптау және т.б. зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасады;
- сыни тұрғыдан ойлау нәтижесінде болашақ педагогтер қойылған мәселені шешуде оңтайлы шешім тауып, оны дәлелдермен негіздейді;
- мәселені шешудің басқа жолдарын іздестіреді; педагогикалық процеске жан-жақты терең зерттеу, бақылау, талдау жасайды; өз ойын, өз тұжырымын дәлелдеуге тырысады; ең бастысы болашақ педагог өз бетінше білімді игереді; өзін-өзі дамытады [7].

Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері олардың сыни ойлау, жаңа ақпараттарды іздеу, өңдеу дәне сұрыптау сияқты практикалық машықтар арқылы ғана қалыптасатындықтан жоғары оқу орындарында электронды оқулықтарды пайдаланудың маңызы ерекше.

ЭО-тың ерекшелігі – теориялық материалдың ішіндегі сурет, кестелер студенттердің креативті ойлауына, шығармашылық ізденісіне негізделген.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалануда компьютер жұмыс құралы ретінде мәтінді дайындау және есте сақтау құралы; мәтіндік редактор; сызба, кесте құралы, графиктік редактор; есептегіш машина; нобайлау құралы қызметін атқарады.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды қолдану, бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалану тиісті ақпарат жинауды; дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

ЭО-тың Бас мәзірі 6 блоктан тұрады:«Теория»; «Білгенге маржан»; «Ұлыдан ұлағат»; «Глоссарий»; «Фотогалерея»; «Әдебиеттер» (2-сурет).

Білім беру процесінде «Педагогика» электронды оқулығын пайдаланғанда болашақ педагогтер алуан түрлі ақпараттық және бейне материалдарды пайдалану арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, сындарлы ойлау қабілеті артады, пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылық ізденісі қалыптасады, тақырыптың түсінбеген жерлерін қайта-қайта қарап, зерделеуге мүмкіндік ашылады.

ЭО-тың мақсаты – болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру; болашақ педагогтердің өздігінен білім алуына дайындығын жетілдіру; болашақ педагогті *цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдануға үйрету;* болашақ педагогтердің *танымдық белсенділіктерін және ақпараттық, шығармашылық құзыреттіліктерін, цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру.*



Сурет 2. Электронды оқулықтың бас мәзірі

Педагогикалық білім беру порталы «Медиа» блогының «Видеогалерея» бөлігінде Жоба авторының «Педагогика» пәнінен 12 видеосабағы ұсынылады (3-сурет).

«Педагогика» ЭО-ы болашақ педагогтерді тұтас педагогикалық процестің қыр-сырымен таныстырып, педагогикалық іс-әрекеттің теориясымен қаруландырады; болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагогтердің шығармашылық ғылыми-ізденіс жұмыстарға, өздігінен білім алуына дайындығын қалыптастырады; болашақ педагогке *инновациялық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдануға мүмкіндік береді; оқытуда іс-әрекетке бағыттап жүргізуді көздейді; студенттердің танымдық белсенділіктерін арттыруға көмектеседі; оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін қолдануға көмектеседі; болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін дамытады.*



Сурет 3. www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы «Медиа» блогының «Видеогалерея» бөлігі

«Педагогика» пәні бойынша инновациялық-ақпараттық банк құрылды: осы жоба аясында құрылған педагогикалық порталға «Педагогика» пәні бойынша дайындалған 12 бейне дәріс, «Педагогика» электронды оқулығы және «Цифрлы педагогика» оқулығы жүктелді (2-кесте).

«Цифрлы педагогика» оқулығының «Цифрлы педагогиканың дамуы және болашағы» атты тарауында цифрлықпедагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мазмұны ашылып, цифрлы ортадағы мұғалім мен оқушының рөлі айқындалады. Цифрлы орта контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы, цифрлы ұрпақтың ерекшеліктері ашылады.

«Цифрлы педагогика» оқулығының «Цифрлы ортадағы оқыту технологиялары» атты тарауында цифрлы оқыту құралдарына қойылатын талаптар, цифрлы оқыту құралдарының ерекшеліктері айқындалып, цифрлы білім беру платформаларының дидактикалық мүмкіндіктері ашылады: Skype, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Google Classroom, Nearpod, Learning Apps, Quizizz, Kahoot, «Күнделік», BilimLand, Online Мектеп және т.б.[8].

Кесте 2

«Педагогика» пәні бойынша инновациялық-ақпараттық банк қорының сілтемелері

№	Бейнедәріс және электронды оқулық	Сілтеме, штрих-код
1	Бейнедәріс №1	https://youtu.be/1ZQtnfa8bvk
2	Бейнедәріс №2	https://youtu.be/KNZeV1qeIEQ
3	Бейнедәріс №3	https://youtu.be/6KyZyVglB4k
4	Бейнедәріс №4	https://youtu.be/HDuJaE4v3F8
5	Бейнедәріс №5	https://youtu.be/hNAzo48XdPc
6	Бейнедәріс №6	https://youtu.be/g2XpxP3OvIk
7	Бейнедәріс №7	https://youtu.be/QFLGkksFS-4
8	Бейнедәріс №8	https://youtu.be/B71g0yFBCZ0
9	Бейнедәріс №9	https://youtu.be/mt6ZzsHDNiY
10	Бейнедәріс №10	https://youtu.be/9m9Y1XstsWI
11	Бейнедәріс №11	https://youtu.be/odi1SlGxpUk
12	Бейнедәріс №12	ttps://youtu.be/H8BUrH3BhEg
13	Плейпарақша	https://youtube.com/playlist?list=PLU8tanfFhA7y5w9PYPM5DtoD1aOnR854B
13	«Педагогика» электронды оқулығы	https://cloud.mail.ru/public/yNJ3 /UmAWNQXXU
14	«Цифрлы педагогика» оқулығы	http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/ Buzaubakova.html

Цифрлы білім беру платформалары электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі ретінде қарастырылады. Цифрлы білім беру платформаларының әлемдік тәжірибеде қолданыста бар: эдмодо, сократтық, жоба, thinglink, TED-Бас, cK-12, ClassDojo, eduClipper және т.б. түрлеріне сипаттама беріледі.

Сондай-ақ, «Цифрлы педагогика» оқулығында білім алушылардың білімін тексеру және бағалауға арналған сұрақ-тапсырмалар, тест тапсырмалары, глоссарий беріледі.

3 ғылыми туындыға Авторлық құқық обьектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды (3-кесте).

Кесте 3

Авторлық құқық обьектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынған ғылыми өнімдер

№	Ғылыми өнімнің атауы	Өнім түрі	Құжат
1	«Педагогика» электронды оқулық	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 23213; 1 ақпан, 2022 ж.
2	www.smart-pedagog. kz педагогикалық білім беру порталы	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 235 88; 14 ақпан, 2022 ж.
3	Цифрлы педагогика	Ғылыми туынды	Авторлық меншік куәлігі №26090; 3 мамыр, 2022 ж.

Цифрлы қоғамда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын айқындау; қашықтан оқытудың заманауи трендтерін айқындау; XXI ғасырдың сын-қатерлі контексіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы технологиялардың мәнін ашу; педагог

кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеу мақсатында «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс ұйымдастырылды.

Халықаралық Конгресс төмендегідей бағытта жұмыс жасады:

1) Цифрлы қоғам: цифрлы оқыту технологиялары және мұғалім тұлғасы.
2) Қашықтан білім беру: заманауи трендтер және жаңа мүмкіндіктер.
3) Цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары: ұлттық құндылықтар, әлемдік тәжірибе, инновациялар.

Халықаралық Конгресс аясында отандық және шетелдік ғалымдардың авторлық курстары, жаңашыл педагогтердің шеберлік сыныптары, психологиялық-педагогикалық тренингтерді онлайн, офлайн форматта ұйымдастырылды.

Цифрлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады.

2021-2022 оқу жылында Жоба мүшесі, 7М01104-Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан магистрант Ж.Жақып «Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзіреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілері» магистрлік диссертациясын сәтті қорғады.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін білім беру ұйымдарының оқу процесіне ендіру актілері анылды.

Жаңа Қазақстан жағдайында бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудағы қашықтан білім берудегі инновациялық тәжірибесі зерделенді: Дулати университеті (Қазақстан) мен Ресейдің ШМПУ (Ресей) арасында бірыңғай бірлескен әдістемелік байланыс орнатылды; педагогикалық (портал) smart-pedagog ашылды; серіктес университет ретінде ШМПУ-мен «SMART-PEDAGOG» онлайн кафедрасы ашылды; инновациялық-ақпараттық банк құрылды; зерттеу жұмысының барысында қол жеткізілген нәтижелерді өңделді.

Smart-pedagog.kz педагогикалық порталындағы «Педагогикалық студия» модулінде бейнесабақтарды жасау бойынша бейнероликтер орналастырылды (4-кесте).

XXI ғасырда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін оқыту бағдарламасын сыни ойлау, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға, қашықтықтан да білім алуға бағыттау қажет.

Кесте 4

smart-pedagog.kz педагогикалық порталындағы «Педагогикалық студия» модуліндегі бейнесабақтар сілтемесі

№	Бейнеөнім	Сілтемесі
1	Компьютерде видеосабақ жасау	https://youtu.be/k0suOPywAXA
2	Смартфонда видеосабақ жасау	https://youtu.be/-8eQLt7adVI
3	Скринкаст (экранды түсіру	https://youtu.be/i7UZFSyQ-PM
4	«Педагогика» электронды оқулығы	https://cloud.mail.ru/public/yNJ3 /UmAWNQXXU
5	«Цифрлы педагогика» оқулығы	http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/ Buzaubakova.html

Халықаралық педагогикалық, кәсіби білім беру орталықтарының тәжірибелерін қазіргі жағдайдағы қазақстандық нарыққа бейімдеу арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті цифрлы-креативті құзыреттіліктері жоғары болашақ педагогтер дайындауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам » ҚР Президенттінің Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы.-Астана, 2022.
2. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы/ ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген. -Астана, 2017.
3. Джусубалиева Д.М. Трансформация образования в условиях цифрового общества//Материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы и перспективы современного педагогического образования», посвященной 70-летнему юбилею доктора педагогических наук, профессора, академика МАНПО К.К.Жампеисовой. – Алматы: «Ұлағат», 2022.- с.35-41.
4. Джусубалиева Д.М. Формирование цифровой компетентности будущих учителей иноязычного образования в ходе обучения в вузе//Сборник материалов Круглого стола «Современное языковое образование: традиции и инновации».- Алматы: КазУМОиМЯ им. абылай хана, 2022.-с 10-15.
5. The European qualifications framework for lifelong (EFQ) .Luxembourg: Office for Official Publications of the European Comminities(2008).http:ecompretences.eu].
6. Buzaubakova K. The portal smart-pedagog.kz as means of increasing digital competencies of future teachers //Incte·22 6th International Conferenceon Teacher Education. - Bragança, 2022 .-206-208 p.
7. Buzaubakova K., Kudabayeva P. The electronic textbook «Pedagogy»in the formation of digital competencies of teachers// Incte·22 6th International Conferenceon Teacher Education. - Bragança, 2022.-133-136 p.
8. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

УДК 371.134

УПРАВЛЕНЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРОЦЕССА СТАНОВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ МОЛОДОГО ПЕДАГОГА

Л.И. Пономарева
доктор педагогических наук, профессор

Н.В. Скоробогатова
кандидат психологических наук, профессор, и.о. проректора по научной деятельности
ФГБОУ ВО «Шадринский государственный педагогический университет»
г. Шадринск, Россия

Аннотация: В педагогической науке и практике всё больше возрастает стремление ученых к осмыслению целостного педагогического процесса с позиций науки управления, желание придать ему строгий научно обоснованный характер.

Цель настоящей статьи в рассмотрении теоретических позиций на проблему управления процессом становления профессиональной компетентности молодого педагога.

В качестве задач можно выделить следующее: необходимость проведения анализа психолого-педагогических исследований по рассматриваемой проблеме; определение понятийно-терминологического поля исследования.

Результатом проведенного исследования является теоретико-методологическое обоснование проблемы управленческого сопровождения процесса становления профессиональной компетентности молодого педагога.

Ключевые слова: управление, сопровождение, профессиональная компетентность, управленческое сопровождение молодого педагога

MANAGEMENT SUPPORT FOR DEVELOPING YOUNG TEACHER'S PROFESSIONAL COMPETENCE

L.I. Ponomareva, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
N.V. Skorobogatova, Ph.D. in Psychology, Professor, Acting Vice-Rector for Scientific Activity
Shadrinsk State Pedagogical University

Abstract. In pedagogical science and practice there is an increasing desire of scientists to comprehend the holistic pedagogical process from the position of management science, the desire to give it a strict scientifically grounded character.

The aim of this article is to consider the theoretical positions on the problem of managing the process of becoming a young teacher's professional competence.

As tasks it is possible to allocate the following: necessity of carrying out the analysis of psychological and pedagogical researches on a considered problem; definition of conceptual and terminological field of research.

The result of the research is a theoretical and methodological substantiation of the problem of managerial support for the process of becoming a professional competence of a young teacher.

Key words*:* management, support, professional competence, management support of a young teacher

Справедливо утверждение многих отечественных и зарубежных исследователей о том, что управление реально и необходимо не только в области технических, производственных процессов, но и в сфере сложных социальных систем, в том числе педагогических. По-нашему мнению, это закономерно, так как само слово «педагогика» в переводе с греческого означает «детовождение», «детоводство», то есть, по сути своей, и есть управление.

Терминологическое поле проблемы управления можно очертить тремя позициями, представленными в психолого-педагогических исследованиях.

Первая позиция представлена научными трудами, в которых управление рассматривается как деятельность. Так, Й. Кхола рассматривает управление как деятельность, которая направлена на достижение определенных целей конкретной организации [1]. Как отмечает Н.С. Сидельникова, особое место в череде ученых, занимает А. Файоль, по праву считающийся отцом научной теории управления. Именно он впервые охарактеризовал функционал (планирование, организация, контроль) и определил цель деятельности, под названием «управление» [2]. Преломляя понимание А. Файоля цели управления с экономики на педагогику, М.М. Поташник определяет ее как организацию совместной деятельности субъектов образовательного процесса на достижение результата по развитию школы [3].

Для настоящего исследования важны концептуальные идеи данных авторов, в частности, понимание управления как одного из видов социальной деятельности, направленного на получение образовательного результата.

Во вторую позицию объединены научные исследования, которые рассматривают управление как непосредственное воздействие (влияние) одного человека на другого, или на коллектив. При этом, как отмечают I.I. Kayl, E.V. Zudina, V.S. Epinina, Y.S. Bakhracheva, V.V. Velikanov [4], в общем смысле, управленец является субъектом, и воздействует на объект, изменяя его. При этом, воздействие может оказываться и на другой субъект, но так же приводящее к его внутренним и внешним (поведенческим) изменениям. Данная позиция имеет в современной дидактике весьма широкое распространение и различные аспекты его мы находим в исследованиях Н.П. Романовой, С.А. Белоусовой, И.Э. Вильданова, Р.С. Сафина, Е.А. Корчагина и др.

Сторонники третьей позиции под управлением в системе образования понимают взаимодействие субъектов, т.е. декларируемый современный подход субъект-субъектных отношений, здесь ярко выражен. В философских, социальных и психологических науках взаимодействие рассматривается с позиций социальных характеристик, в том числе и взаимодействие в образовательном пространстве. В социальной психологии взаимодействие рассматривается как условие восприятия человека человеком (Андреева Г.М., Богомолов Л.А.,

Бодалев А.А., Кузьмин Е.С., Обозов Н.Н., Петровский Л.А.). В социально-педагогическом смысле взаимодействие рассматривается как процесс социального взаимообмена между учителем (или школой, как социальным институтом) и учащимся (учащимися), в ходе которого формируется позиция ученика. Под взаимодействием в философии понимается сложный и многообразный процесс, в котором смена сторон не просто взаимосвязана, но и взаимно обусловлена (А.Н. Аверьянов, Н.И. Жбанкова). Его сущность заключается в неразрывности прямого и обратного воздействия, органического сочетания изменений, воздействующих друг на друга субъектов. Кроме того, взаимодействие, внутренне дифференцированная, саморазвивающаяся система (А. И. Уемов, Б.М. Кедров и др.). Такое понимание взаимодействия, представляющее собой сущность управления, предполагает взаимное изменение управляющих и управляемых.

Мы придерживаемся третьего подхода, при котором управление образовательной организацией рассматривается как взаимодействие администрации, трудового коллектива, обучающихся, родителей, общественности, различных компаний и органов по реализации познавательных, воспитательных целей и целей развития обучающихся на базе решения кадровых, материально-финансовых, организационных, педагогических и других задач. Решая эти задачи, мы, по сути, создаем условия для организации образовательного процесса [5].

Для разработки методики реализации управленческого сопровождения образовательного процесса дошкольных образовательных организаций на основе интегративного подхода необходимо уточнить понятие «управленческое сопровождение».

В работах российских ученых (А.Б. Бакурадзе, С.В. Резун, В.М. Швецова и др.), а также в зарубежных исследованиях (У. Брэддик, Г. Кунц, С.О Доннелл и др.) рассматриваются вопросы педагогической поддержки и сопровождения деятельности специалиста в области образования [6].

Представляют интерес анализ педагогического (В. Ф. Макуха), информационного (О.А. Борисова) обеспечения деятельности, содержания и методов педагогического сопровождения деятельности (С.В. Резун), выявление педагогических основ подготовки специалистов (О.Ю. Бражник, В.С. Ковкина и др.), педагогических критерий развития профессионального мышления (Л.В. Беляева, Г.Н. Лищина), развития профессионального самосознания (В.Д. Чекина).

Считаем вполне приемлемым согласиться с мнением В.А. Сластенина и И.А. Колесниковой, которые отмечают, что педагогическое сопровождение как форма помощи, направлена на развитие индивидуальности, это процесс заинтересованного наблюдения, консультирования, личного участия, поощрения максимальной самостоятельности человека в проблемной ситуации при минимальном участии сопровождающего.

Психологи (В.В. Безденежных С.А. Белоусова, В.С. Лазарев, Л.М. Митина, Т.С. Кабаченко и др.) разрабатывают вопросы социально-психологического, психологического обеспечения и сопровождения профессиональной деятельности. Психологи в своих исследованиях показывают, как анализировать организационную среду, как её формировать, как выделять принципы, содержание, факторы, влияющие на успешность и не успешность профессионалов, сильные и слабые стороны в их деятельности.

Концептуальные положения о видах, методах и механизмах психологической поддержки развития личности отражены в работах А.Г. Асмолова, Ю.П. Ветрова, И.Б. Котовой, А.В. Мудрика и др.

В.А. Толочек. и Н.С. Пряжников выделяют следующие концептуальные уровни помощи человеку в профессиональном и личностном самоопределении:

- адаптационно-производственный. Цель – помочь человеку вписаться в заданную производственную структуру, повысить ее эффективность. При этом интересы самого человека часто оказываются на втором плане (хотя учитываются его способности и другие психологические особенности);
- социально-адаптационный. Цель состоит в том, чтобы помочь человеку достичь успеха в жизни через успешный выбор профессии или места работы. Человеческие интересы учитываются в большей степени, но путь к успеху может оказаться недостаточным;
- ценностно-смысловой. Цель – помочь человеку найти смысл в профессиональном и личностном самоопределении. Именно здесь учитываются жизнеопределяющие стимулы человека, поэтому этот уровень по праву можно считать личностно ориентированным.

Реализация задач третьего уровня связана с объективными трудностями: человек не готов брать на себя обязанность за свои обстоятельства, рассматривать свои проблемы на сложном –

ценностно-нравственном и смысловом уровне; готовность и способность психолога решать сложные проблемы профессионального самоопределения человека; многообразие позиций, интересов и запросов «клиента», «заказчика», например руководителя организации, в которой работает психолог.

Сопровождение считается индивидуальным и гибким по сравнению с другими формами методической работы, содержит более тонкий инструментарий.

Итогом управленческого сопровождения профессиональной деятельности станет развитие и саморазвитие личности педагога, осуществление его психолого-педагогических способностей, знаний, умений и навыков, обеспечение профессионального самосохранения, удовлетворённость трудом и повышение эффективности профессиональной деятельности.

Об этом говорится и в профессиональном стандарте педагога, который предусматривает формирование профессиональной компетентности как одного из важных видов профессиональной подготовки педагога.

Профессиональная компетентность – ключевое понятие, характеризующее педагогическую деятельность, определяющее степень педагогической готовности к труду и являющееся фактором сохранения направленности деятельности.

Сандық ақпараттық технологиялар арқылы жазуды үйрету. Жазуды үйренудегі тағы бір мәселе-грамматика. Джеймс Д. Виллиамстың "жазуды үйренуге дайындық" атты еңбегінде Вайз (2001) қарқынды грамматикалық оқыту жұмысын жақсартудың ешқандай дәлелі жоқ екенін атап өтті . Дегенмен, Джон Фостер сөздердің ағылшын тілінде бір-бірімен қалай байланысатыны туралы айтады және жазылым тілдің құрылымы ретінде танылады. Құрылым мен ережелер грамматика деп аталады. Ол сондай-ақ алдымен сөйлем құрылымынан жазуды бастауды және біртіндеп күрделі сөйлемдерге көшуді және т. б. ұсынады. Грамматиканы білетін ағылшын тілін екінші шет тілі ретінде үйренушілерді іздей отырып, бұл оларға жазуға деген сенімділік береді және сөйлемдерді дұрыс құруда өте маңызды екені көрсетіледі. Оқушылардың жазу дағдыларынан басқа сандық сауаттылық дағдылары қажет, бұл сандық құралдарды қолданудың тағы бір себебі. Оқушылармен үйренуге болатын көп нәрсе бар: сандық мәтіндердің мультимодальділігі (мысалы, мәтін мен суретті

біріктіру), әртүрлі цифрлық контексттерде жазу (мысалы, мобильді мәтіндік хабарларды немесе SMS-ті пайдалану, сондай-ақ қаріптерді пайдалану және басқа дизайн ерекшеліктері және т. б.

Сандық ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеуді үйрету. Ағылшын тілі пәні оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Диалог сөйлеуді дамытуда ерекше маңызға ие. Оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас және ауызша қарым-қатынас диалог арқылы жүзеге асырылады. Кейс-стади технологиясы арқылы проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың ойлау және диалогтық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға болады. Проблемалық сұрақтар тақырыптың мазмұнына байланысты таңдалады және қалыптасады. Мәселені шешу барысында оқушы деректер мен фактілерді іздейді және әртүрлі ғылыми дәлелдер келтіреді. Мысалы, егер ағылшын тілі пәнінде Қазақстанның географиялық жағдайы, тұрғылықты жерінің ерекшеліктері басқа мемлекетпен салыстырылатын болса, онда бұл мәселе бойынша бірнеше проблемалық сұрақтар дайындалып, оларға жауаптар жан-жақты дайындалып, оқушылардың сұранысына ие болады.

Қорыта келе, заманауи технологияларды сабақта тиімді қолдану, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазір цифрлық технологиясыз адамның болашағын елестету мүмкін емес. Сондықтан оқытудың ең тиімді, және жылдам жолы болып табылады. Оқытуда цифрлық технологияны қолдану дұрыс деп есептеймін. Сабақта инновациялық технологияларды қолдану-оның нәтижелілігі үшін қолайлы жағдай жасаудың жалғыз жолы, бұл өз кезегінде бірлескен жұмысқа, адами қатынастарға ықпал етеді. Оқытуға инновациялық тәсілді қолдану тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады , сондай-ақ оның сапасы өмір сапасын арттыруда алған білімге деген үлкен сұранысты қанағаттандыруды, сондай-ақ нақты жағдайларда мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Берулава Г.А., Берулава М.Н. Ақпараттық қоғамда және жеке тұлғада жоғары білім беру жүйесін дамытудың әдіснамалық негіздері / / Педагогика. - 2010.
2. Назарова Н.Б., Мохова О.Л. Шет тілдерін оқытудағы жаңа ақпараттық технологиялар / / ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. - 2016. №3; URL: http://science education.ru/ru/article/view?id=24564
3. Абилова Л.К. Оқу үдерісінде АКТ-ны қолдану арқылы білім мазмұнын жетілдіру //www.zkoipk.kz/kz/2016smart5/2445-conf.html
4. Полат Е.С. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар / Е. С. Полат / / М.:"Академия" баспа орталығы.

ӘОЖ: 821.512.122 А46

ЫБЫРАЙ ҰРПАҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ӨЛЕҢДЕРІМЕН БОЛЖАП КЕТКЕН АҚЫН

А. Ақанқызы
«Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі» КММ
тарих пәнінің мұғалімі, aanyzy86@mail.ru
Құлан ауылы, Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Ыбырай Алтынсарин көзі тірісінде қазаққа мәшhүр болған талант иесі. Оның ұлылығының сыры ақындығында. Ақындық тұла бойына тұнған, өз заманының жаршысы, халық жалауын желбіреткен туы болды десек артық айтқандығымыз болмас. Қазақ даласына шам болып, жарқырап білім нәрін шаша білген, ең алғашқы рет қараңғы қазақ жеріне білім тұқымын сепкен адам болатын. Ыбырай Алтынсарин қазаққа неге керек екенін жақсы білді. Қараңғы тар қапастың бодауына түскен қазақты құтқарып, жарық жерге жетелей алып шығу Ыбырайға жүктелгендей еді.

Кілт сөздер: мәдени мұра, ақын, өнерпаз, ұстаз.

Аннотация: Ыбырай Алтынсарин – первый педагог казахский степи. Мечтал видет свой народ свободным и образованном.И это сбылось во многом благодаря его титанический работе. Он

талантливый казах, прославившийся еще при жизни. Секрет его величия кроется в его стихах. Без преувеличения можно сказать, что поэт был вестником своего времени, флагом, развевающим знамя народа. Он был человеком, который был маяком в казахских степях, сияющим знанием, и впервые посеял семена знаний в темной казахской земле. Ыбырай Алтынсарин знал, зачем он нужен казахам. Ыбыраю показалось, что его долг - спасти казаха из темной клетки и вывести его к свету.

Ключевые слова: культурное наследие, поэт, артист, педагог**.**

Annotation: Ibrai Altynsarin is a talented Kazakh who became famous during his lifetime. The secret of his greatness lies in his poetry. It is no exaggeration to say that the poet was a messenger of his time, a flag waving the banner of the people. He was a man who was a beacon in the Kazakh steppes, shining with knowledge, and for the first time sowed the seeds of knowledge in the dark Kazakh land. Ibrai Altynsarin knew why the Kazakhs needed him. It seemed to Ibra that his duty was to save the Kazakh from the dark cage and lead him out into the light.

Keywords: cultural heritage, poet, artist, teacher.

Қазақ жерінде қолына қалам алып, ақындығын ұштаған ақын өте көп. Туған жерінен шабытына шабыт қосып, аузына дүйім елді қарата білген ақынның бұлда бір даралығының көрінісі болар. Ақынды ақын деп, тұлғаны тұлға деп танитын халық. Халық таныған тұлға қашанда тұлға болып қалыптасады. Осындай тұлғалар қашанда жарқырай түспек. Сол аты аңызға айналған тұлғалардың бірі де, бірегейі –Ыбырай Алтынсарин. Аты әлемге жайылған, атағы кең тараған тұлғаны білмейтін адам әсіресе қазақ кемде - кем шығар. Ыбырай Алтынсарин көзі тірісінде қазаққа мәшhүр болған талант иесі. Оның ұлылығының сыры ақындығында. Ақындық тұла бойына тұнған, өз заманының жаршысы, халық жалауын желбіреткен туы болды десек артық айтқандығымыз болмас. Қазақ даласына шам болып, жарқырап білім нәрін шаша білген, ең алғашқы рет қараңғы қазақ жеріне білім тұқымын сепкен адам болатын. Ыбырай Алтынсарин қазаққа неге керек екенін жақсы білді. Қараңғы тар қапастың бодауына түскен қазақты құтқарып, жарық жерге жетелей алып шығу Ыбырайға жүктелгендей еді. Сол жүкті шамасы келгенше алға сүйрей білді. Тар заман, яғни зар заманда қиындық көріп, алдан еш жарық көрінбей, үміті үзілген қазаққа үміт сыйлаған ең алғашқы қазақтың тұлғасы Ыбырай еді. Ол қандай үміт, сәуле деген ой ойымызға бірінші келеді. Ол әрине білім болатын. Білімнің жарығы кеңге жайылып, қараңғы тар қапас жоғалатынын ақын тұлғамыз қазақтың жанына, санасына, миына сіңіре білді. Қазақтың қазақ болып, осы күнге жетуіне Ыбырай барын салды.

Бұл білімнің нәрін себе отырып, ақын өлеңдерінің барлығынан біразын білімге арнады. Білімнің, өнердің адамға қанат бітіріп, биікке самғай түсетініне сене қарады. Соңына шәкірт ерте жүруді өзіне міндет тұтты. Бойында ақындық қасиетімен, ақылдылық қасиеті біте қайнасқан ақын әр-түрлі тақырыптарда қалам сермеді. Қаламының қарышын ұзаққа қарыштады. Қазақ халқы үшін соның ішінде, қазақ балалары үшін Ыбырайдың алатын орны ерекше еді. Балалар, яғни ұрпаққа жасаған жақсылығы ұшан-теңіз. Ең алғаш рет қазақ даласына мектеп аша отырып, сол оқуға қажетті оқулықты жазып шығарған да Ыбырай болатын. Ұстаздық-ағартушылық қызметіне қоса, басқада қазаққа керекті қызмет тізімін ұстаған Ыбырай алға қарай ілгерлей берген еді. Барлық қызметте жүрсе де, оқу-ағарту қызметін еш тастамай, қайта жандандыра, жаңғырта білген еді.

Ұлы педагог атағына ие бола білген Ыбырай ақындық өнерден, шынайы өмірге ауыса білген десек артық айтқандығымыз болмас. Сол заманның өзекті өртер проблемасын оқу-ағарту ісін өзіне мақсат тұтып, сол мақсат жолына өзін құрбан етті. Ұлы педагог- ғалым сонымен қоса қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, тың жаңалықтар әкелуші тұлға. Ақынның адамгершілікке, әдептілікке, патриоттыққа толы көптеген еңбектері жарық көрді. Барлығы тұнып тұрған тарихи қазына іспеттес. Жаңашыл ақын әдебиетке тың тақырыптармен, озық ойлы еңбектер енгізе білді. Қазақ даласының, әсіресе табиғаттың тамаша тылсым сырларын өлеңдеріне арқау ете білді. Қысқаша әңгімелеріне барлық керекті мәселелерді сыйғызды. Қазақтың басына біткен қиыншылық, сол замандағы келеңсіз жағдайларды публицистикалық мақалаларына арқау етті. Оқушыларға арналған көптеген оқулықтарды қазақ тілінде аударып, сол оқулықпен қазақ балаларын оқытты. Осылай қазақтың халық- ағарту ісіне өз үлесін қоса білді. Қазаққа білім нәрін сусындатушы, білімге өз үлесін қосушы деген тамаша өшпес атпен ене берді. Қай шығармаларын алып қарасақ та, арманшыл болашаққа бағдар жасай білген тұлға бейнесін көреміз. Ыбырай өзге ақыннан несі өзгеше деп, ой толғайтын болсақ әрине жаңашыл жазбаларымен өзгеше дер едік. Ескі ақындар шығарған еңбектерінің ескіл жолын жаңа жолға алып келген жаңашыл ақын. 60-70жылдарына жазушылық қызметімен, оқу-ағарту ісін бір арнаға тоғыстырып, халыққа паш ете білген дара тұлға еді. Қандайда бір еңбегін ала қалсақ үлкен құбылысқа арналған.

Ыбырай қазақ поэзиясында ойып орын алған тұлға. Ыбырай қазақ әдебиетіндегі және тарихтағы ұлы тұлға, ерекше еңбегімен, таңдаулы туындыларымен жәнеде дүние жүзі еңбектерімен поэзияның майын ішкен талант иесі. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған халықтың жоқтаушы жаршысы ақындары бар қазақ ешқашанда жұртта қалмас. Ұлы тұлғаны заман туғызды. Ыбырай халықтың мүддесін, тілек- талаптарын өмір шындығын арқау етті. Қоғам өміріндегі аса маңызды мәселелерді терең толғап, заман қамын, ел зарын шебер бейнелей білген тұлға. Әр ақын әр қырынан таныла біледі. Әр қырымен әдебиеттен орын алары хақ, ақиқат. Ыбырай-қазақтың оқу ағарту ісінің негізін қалаушы ақын, оқу-ағарту ісінің үздігі. Ыбырайды оқу-ағарту ісінің үздігі дей отырып, білімнің беделін көтере отырып, көп адамның көкірегіне білімді ұялата білген тарихи тұлға ретінде көре аламыз. Сан ғасырылық саралы да, даналы жолды жалғастыра білу үлкен нәтижелі іс екенін айтпаса да түсінікті. Сол осындай халыққа пайдасы бар, еліне елеулі еңбегін сіңіре білген тұлғаны таныта да, бағалай да білетін халық. Халықтың ілтипатына бөленіп, халықтың таңдауымен талғамына іліге білген тұлғаларды білеміз.

Сол тұлғалардың танымал да, таланттысы да әрине Ыбырай Алтынсарин. Ыбырайдың жалғыз оқу- ағарту ісіне көңіл бөлмей жан- жақты қамти білгенінің куәсі мына біз халық. Өз заманының ойшылы да, озығы Ыбырайды сол заманның танымаған пендесі болмады. Жалғыз қазақ поэзисына ғана араласа қоймай, өзге ұлт өкілдерінің еңбектеріне де орала білді. Сол уақытта қазақ деген елдің білімге еш таласы болмаған еді. Тек орыс балаларына арналған мектеп, оқулық легі ғана болды. Келешек ұрпақ қамына аса ыждаhаттылықпен қарай отырып, қазақ баласы оқу үшін оқулықтың жоқтың қасы екенін білді. Сол қол жетпес жоқшылықтың жолынан шығудың жолын іздеді. Әрине ол үшін сол жолдың торабын аша түсу үшін білімді болу керек екенін ақын сезді. Осы жолда белді буып әрекет ету қамына кірісуді білді. Еңбегі еленіп, арманының орындалғанының, туындыларының тарихтан ойып орын алғанының куәсі бола білдік. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан- ұрпаққа аты жаңғырып жете беретініне кәміл сенеміз. Тәуелсіз елімізде, білім ошағы, мектептің алдында оқушылардың әнұран шырқауы Ыбырай атамыздың арманының орындалуы деп білеміз. Көкте қыран самғаса, жерде күлген балалардың даусы естілсе барлығы тұлғамыздың аты тасқа жазылғанының белгісі. Біздің азаматтық борышымыздың үлкен белгісі қазіргі жас келер ұрпаққа, оқушыларымызға Ыбырай Алтынсариннің атын, барлық еңбектерін жеткізудеміз. Осы әңгімелердің оқушыларға берер тәлім- тәрбиесі мол. Бұл әңгімелер ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып жалғасуда. Себебі біз сол тұлғаны әрдайым жеткізіп әңгімелеудеміз.

Шығармаларының мәнді де, мағыналы тұстары өте көп. Зерттеп, әр-бір бөліміне зер салсақ, зерделі тұстары құлағымызда ызыңдап тұрады. Сөзінде, әріпінде сөздік қасиеті жетіп артылады.

«Қазақ деген- жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», қазақтың аңқау, арамдығы жоқ, мінезі жайсаң деп жазды Ыбырай Алтынсарин.

Осындай бойында тектілігімен асылдығының кілті қарпайымдылығында екенін жан-жағына таныстыра, ұқтыра білді.

Ыбырай өлеңдері кең мағыналы мәнге ие. Тақырыбы толық ашылған. Құрылымдық жағынан жатық. Солардың бірі де, бірегейі «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңі. Бұл өлеңге білім, арман, мақсат, болжау барлығы тоғысып сыйып түскендей. Ақын өлеңі арқылы болашақты болжай білген. Сол бір тар заманның көрінісімен қазіргі біз өмір сүріп заманды салыстырып кеткендей. Оның дәлелін өлең жолдарын зерттеп, жеке-жеке тоқтала кетсек.

Өнер, білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді-ашып жұмғанша

Жылдам хабар алғызды дей отырып, ақын өнер, білімнің бар кезінде барлық нәрсеге қол жеткізуге болатынын айтқан. Тастан сарай салғызды деп, қазіргі көрсең көз тоятын, зәулім-зәулім небір ғажайып архитектурамен салынған үйлердің болатынын болжап айта кеткен.

Сондай-ақ, алыстан хабар алу үшін ат- арбамен айшылық алыс жерлерге айлап, жылдап жүрмей, тез хабар келетініне назар сала аламыз. Керек хабарыңды, аман-саулықты, жаңалықтарды біз ақпараттық құралдардан білеміз. Мысалы телефон, мобильді телефон, хат, газет-журналдар тағы басқа ақпараттық құралдар көзі. Ақынның болжамының шынайы болғанының пайдасын, қызығын біз көріп жатырмыз.

Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.

Деген өлең жолдарына талдау жасай отырсақ, аты жоқ арба не екенін ойланбай –ақ байқауымызға болады.Сол заманның көлігі түйе, яғни төрт-түлікті мініп жүретін қарапайым қазаққа білім, өнер болса, барлығы болатынын өлеңі арқылы түсіндіре отырған. Бұл дегеніміз қазіргі поезд, жеңіл автокөліктер, транспорттар түрлері.

Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді
Отынсыз тамақ пісірді.

Бұл жолдарды саралай отырып, адамды құстай ұшырғанын, деп сол уақытта әуе қатынасы болмағаны барлық адамға аян екенін айта отырып, болашақта яғни біздің заманда әуе қатынас көліктерінің болатынын анық айта түскен. Ұшы қиыры жоқ кең аспанға армандап қана қарай алған, құстай қанатының болғанын армандап қана білген қазақ арманын орындай білген сиқыршыма деп те ойланасың. Бұл өлең жолдарынан мен әуе көліктерін, су жолы көліктерін және де қазіргі түрлі пеш толқындарын көре аламыз.

Ақын халқына көп еңбегін сіңірсе де, қарапайымдылығының куәсі боламыз. Өзінен де оза туатын ұрпақ туатынына сене түскендей. Қазіргі дамыған заманды болжау көріпкел қолынанда келмес болар. Өлең жолдарымен кеңінен талдай, таныса отырып көп нәрсеге қанық болғандаймын. Өлеңнің сол уақытта үлкен мағына бергенін біле аламыз. Бұл айтылған болжамдардың айтуына , орындалуына ең бірінші әсер ететін–өнер, білім. Осы екеуі адам бойында тоғыса білсе барлық қалаулы арман тілектер жүзеге асатыны анық, ақиқат еді. Өнер, білімге итермелей түседі. Өлеңнің идеясын толығымен аша білген. Мағынасы құрылымдық жағынан жатық, түсіне білген адамға тұшымы бар дүние.Біз балаларға осындай шығармаларын оқыта отырып барлық дүниелерінен рухани қасиеттер, патриоттық көзқарас, танымдық ой, шебер ұйқас өріле түскеннің куәсі боламыз.

Қорыта айтқанда, ең алғашқы проза жанрының негізін қалаушы, өмір шындығын өлеңмен көрсетуші, балалар әдебиетінің іргетасын бекітуші, жүйелі сөздің жілігін шағып, майын ішуші әбден айтуымызға болады. Барлық шығармалары өзекті мәселені қозғай түсіп, қорытындылай білген. Қай тақырыптада таласқа түсе білетін туындылары жетіп артылады. Оқу-ағарту ісіде бір орында тоқтап қалмады. Туындылары еш өлмей, өлеңшіл өмірі өлмес бейнеге айналғандай.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. «Избранные произведения». - Академия наук КазССР, 1957.
2. Алтынсарин Ы. «Даланың оятқан қоңырау иесі». - Қостанай, 2001.
3. Алтынсарин Ы. «Даланың алып қоңырауы». - Қостанай, 1991.
4. Дербісалин Э. «Ы. Алтынсарин-өмірі мен қызметі туралы». - 1965.
5. Алтынсарин Ы. «Избранные произведения». - Академия наук КазССР, 1957.
6. Алтынсарин Ы. «Даланың оятқан қоңырау иесі». - Қостанай, 2001.
7. Алтынсарин Ы. «Даланың алып қоңырауы». - Қостанай, 1991
8. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. - Алматы, 1975.
9. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар.- Алматы, Ғылым, 1990.
10. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. - Алматы, 1965.

ӘОЖ 37.013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘЖІРИБЕЛІК –ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

К.Д.Бузаубакова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
п.ғ.д., профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, klara_1101@mail.ru

П.А.Кудабаева
PhD доктор
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мұғалімдерді даярлауда қашықтықтан білім беруде инновациялық тәжірибелерді зерделеу, пайдалану, зерттеу және ілгерілету жолдары қарастырылады.

Сондай-ақ Дулати университетінде бәсекеге қабілетті оқытушыларды даярлау кезінде қашықтықтан білім берудің инновациялық тәжірибелерін зерттеу, пайдалану, зерттеу және ілгерілету туралы есеп берілген.

Зерттеу AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылды.

Кілтті сөздер: құзыреттілік, цифрлы құзыреттілік, білім беруді цифрландыру, смарт педагог, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар.

Аннотация: В статье рассматриваются пути изучения, использования, изучения и продвижения инновационных практик в дистанционном образовании при подготовке конкурентоспособных учителей на мировом уровне.

В университете Дулати также представлен отчет об исследованиях, использовании, исследованиях и продвижении инновационных практик дистанционного образования при подготовке конкурентоспособных преподавателей.

Исследование AP09259497 в рамках грантового проекта «Совершенствование системы педагогического образования в новой реальности Казахстана: технолого-методические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении РК» финансируется Министерством Образования и Науки РК.

Ключевые слова: компетентность, цифровая компетентность, цифровизация образования, смарт педагог, информационно-коммуникативные технологии.

Abstract: The article discusses ways to study, use, research and promote innovative practices in distance education in the training of competitive teachers at the world level.

Also, the article presents the report on the study, use, research and promotion of innovative practices of distance education in the training of competitive teachers in Dulati University.

The research within the framework of the grant project AP09259497 "Improving the system of pedagogical education in the new reality of Kazakhstan: technological and methodological aspects of the formation of digital competencies of future teachers in distance learning of the Republic of Kazakhstan" is funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Key words: competence, digital competence, digitalization of education, smart teacher, information and communication technologies.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылатын AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Дулати университетінде бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындауда қашықтықтан білім берудегі инновациялық іс-тәжірибені үйрену, пайдалану, зерттеу, насихаттау мақсатында «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық байқауы ұйымдастырылды.

Халықаралық байқауға республикаға танымал ғалымдар, болашақ педагогтер, білім беру ұйымдарының әдіскерлері және Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары мен болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн байқаудың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары білім алушыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту, болашақ педагогтердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру, білім беру қызметінің сапасын арттыру және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру [1].

«Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауы болашақ педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру; қазіргі заманғы инновациялық білім беру технологияларын оқу-тәрбие процесінің практикасына енгізу; болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру; болашақ педагогтердің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру және т.б. міндеттерді шеше алды.

Халықаралық вебинарға қашықтан қосылған Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауыш білім берудің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Н.М.Жданова онлайн байқау Дулати университеті мен Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің болашақ педагогтердің цифрлы ұзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан коллаборациялық зерттеулерінің нәтижесі екендігін тебіренте жеткізді.

Болашақ педагогтердің онлан-сабақтары 5 критерий бойынша бағаланды: оқу материалының мазмұнының дидактикалық талаптарға сәйкестігі; болашақ педагогтің пәндік және технологиялық құзыреттіліктерді меңгеруі және жалпы эрудициясы; сөйлеу мәдениеті мен оқушылармен оңтайлы қарым-қатынас жасау стилі; болашақ педагогтің жалпы мәдениеті; бейнесабақтың сапасы, сюжеттік желіні құру логикасы, таңдалған фрагменттердің оңтайлылығы, мазмұны мен ақпараттылығы; бейнесабаққа қоса берілетін материалдардың сапасы; ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың тиімділігі; бейнесабақты жазу мен монтаждаудың техникалық деңгейі [2].

Байқауға қатысқан болашақ педагогтер өз сабақтарында Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Google Classroom, Padlet, Clideo, Quizizz, Wordwall, Crossword Labs, Canva, Survio және т.б. цифрлы білім беру платформаларының мүмкіндіктерін пайдаланған .

Дулати университетінің 6В01501– Математика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 2 курс студенті Ә.Абулхаир топ жарып, «Smart-педагог – Ол кім? » тақырыбына жасаған онлайн-сабағы 1-орынды иеленді.

Дулати университетінің студенттері А.Байсултанова және А.Тумабаева жүлделі 2-орынды иеленді.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенті Ж.Жайберген, Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті А.Манакова және Дулати университетінің студенті Н. Серік жүлделі 3-орынды бөлісті (2-кесте).

Кесте 1

«Менің алғашқы онлайн-сабағым» байқауының нәтижесі

№	Қатысушының аты-жөні, ЖОО	Сабақтың әлеуметтік желідегі сілтемесі	Жалпы балл	Орын
1	Абулхаир Ә. Ж., Дулати университеті	https://youtu.be/qWnffOc_nSI	117	I
2	Байсултанова А.В. Дулати университеті	https://youtu.be/ WmdSvqln1I8	115	II
3	Тумабаева А.Б., Дулати университеті	https://youtu.be/--Qv00FUqrM	114	II
4	Серік Н.Л., Дулати университеті	https://youtu.be/kiL4BJwQeUw	110	III
5	Жайберген Ж..Ә., М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	https://youtu.be/0xFGAiMrvm0	110	III

6	Манакова А.В., Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей	https://youtu.be/d7S4A5-aBjc	110	III
7	Сарыпбек Қ.М., Дулати университеті	https://youtu.be/ECJVhC5pa3w Дулати университеті	109	Көрермендер көзайы

Халықаралық онлайн байқау болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқу материалының цифрлық контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтеді [3].

Әлеуметтік желіде электронды дауыс беру нәтижесінде ең жоғары балл жинаған Дулати университетінің студенті Қ.Сарыпбек көрермендер көзайымы атанды (18-сурет).

«Менің алғашқы онлайн-сабағым» байқауының толық нұсқасымен төмендегі сілтемен кіріп, танысыға болады : https://youtu.be/z2CxM-gApeI.



Сурет 18. «Менің алғашқы онлайн-сабағым» байқауының
әлеуметтік желідегі электронды дауыс беру нәтижесі

3 ғылыми туындыға Авторлық құқық обьектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды (3-кесте; В,Б,Г -қосымшалар).

Жоба мүшесі, 7М01104-Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан магистрант Ж.Жақып «Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзіреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілері» магистрлік диссертациясын сәтті қорғады.

Ғ-**қосымшада жүргізілген** ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін білім беру ұйымдарының оқу процесіне ендіру актілері **берілді.**
Д-қосымшада жарық көрген ғылыми еңбектердің тізімі берілді.

Кесте 3

Авторлық құқық обьектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынған ғылыми өнімдер

№	Ғылыми өнімнің атауы	Автор	Өнім түрі	Құжат
1	«Педагогика» электронды оқулық	Бузаубакова К.Д.	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 23213; 1 ақпан, 2022 ж.
2	www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру	Бузаубакова К.Д.	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 235 88; 14 ақпан, 2022 ж.
3	Цифрлы педагогика	Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А.	Ғылыми туынды	Авторлық меншік куәлігі №26090; 3 мамаыр, 2022 ж.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. - 314 б.
2. Бузаубакова К.Д., Жақып Ж.Ш. Болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың тиімділігі //«Педагогикалық білім беру – ел өркендеуі мен тұрақтылығының негізі: жаңа мүмкіндіктер және заманауи трендтер» атты Дулати халықаралық педагогикалық оқулар жинағы. I том. - Тараз: TarSU2022. -33-35 б.
3. Бузаубакова К.Д., Жақып Ж.Ш. Жоғары оқу орындарында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану //«Педагогикалық білім беру – ел өркендеуі мен тұрақтылығының негізі: жаңа мүмкіндіктер және заманауи трендтер» атты Дулати халықаралық педагогикалық оқулар жинағы. I том. -Тараз: TarSU, 2022. -25-28 б.

ӘОЖ 371:351.851

ЦИФРЛЫ ҚОҒАМ: ЦИФРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ

К.А.Берметова
Бәйтелі бастауыш мектебі, kamila.bermetova@mail.ru
Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Педагогтердің алдына қойылып отырған басты міндеттемелердің бірі – оқыту технологияларын үнемі жетілдіру. Сол себепті бұл мақалада мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде цифрлы оқыту технологияларды жүзеге асырудың тиімділігін жан-жақты қарастырамыз. Аталмыш технологияларды пайдалану арқылы қандай нәтижеге қол жеткізенімізді талдаймыз. Сондай-ақ, цифрлы технологияның жеке тұлғаны жан-жақты дамытудағы маңызын анықтаймыз.

Кілт сөздер:цифрлы технология, білім беру, әдіс-тәсіл, электрондық оқулық, оқушы.

Аннотация. Одной из основных обязанностей учителей является постоянное совершенствование технологий обучения. Поэтому в данной статье мы комплексно рассмотрим эффективность внедрения цифровых технологий обучения в образовательный процесс в школе. Мы проанализируем, каких результатов мы можем добиться, используя эти технологии. Также определим значение цифровых технологий во всестороннем развитии личности.

Ключевые слова: цифровая технология, образование, метод, электронный учебник, учащийся.

Annotation. One of the main obligations of teachers is to constantly improve teaching technologies. Therefore, in this article, we will comprehensively consider the effectiveness of the implementation of digital learning technologies in the educational process at school. We will analyze what results we can achieve by using these technologies. We will also determine the importance of digital technology in comprehensive development of an individual.

Keywords: digital technology, education, method, electronic textbook, student.

Цифрлы технологияның біздің өмірімізге етене араласып кеткені сонша, бүгінде бұл технология қоғамдық салалардың сан алуан бағытында қолданылып жүр. Қазіргі таңдағы білім мен ғылымның дамуы түрлі қоғамдық өзгерістердің туындауына әкеліп жатыр. Соның ішінде білім беру саласында осы бағытта түрлі шаралар жасалуда.

Бүгінгі күні цифрлы оқыту технологияларын қолдану аса маңызды болып саналып жүр. Бұл үшін еліміздің білім беру саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, сабақты оқушылар үшін аса қызықты әрі пайдалы өткізу жолдары қарастырылып, өз кезегінде нәтижесін де беріп жүр.

Адамға білім беру процесі ең алғаш бастауыш сыныптарда берілетіні белгілі. Жалпы бастауыш сынып баланың білім мен тәрбиені бойына барынша жинап, тұлғалық дамуына ерекше жағдай жасайтын кезең. Алғашқы білімнің іргетасы қаланатын тұстардың түйісетін уақыты да бастауыш сынып болмақ. Міне, бүгінгі цифрлы оқыту жүйесінде бастауыш сыныптағы оқыту процесін дамыту арқылы елдің өркендеу мәселесін көздейді.

Бір кездері дамытушы ойыншықтар мен проекциялық аппараттарды инновациялық технология ретінде қолданған мен үшін ақпараттық технологияларды меңгеріп, пайдаланудың пайдасы зор болды. Бірінші кезекте өзімнің материалдық базамды толықтырдым, екінші кезекте уақыт үнемдей алдым. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енуде. Жалпы, педагогика цифрлы оқыту технологияларымен тығыз байланысты. Олардың дамуына орай, педагогикалық орта мен әдіс-тәсілдер де өзгереді. Бүгінде цифрлы технологиялардың алуантүрлілігі білім алудың сапасын көтеріп қана қоймай, білім алудың жаңа тәсілдерін құруға да мүмкіндік беріп отыр. Және де ұстаз пен оқушының арасындағы қарым-қатынастардың жаңаша түрін қалыптастыра бастады.

Түрлі технологиялар көп-ақ, дейтұрғанмен олардың арасынан қажеттілігін ғана таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – менің басты талаптарымның бірі. Мәселе, технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сол себепті де сабақ барысында барысында көрнекілік әдістер мен техникалық құралдарды қолданамын.

Жалпы, сабақ барысында жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттар легі көбейіп оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақ барысында қолданатын электрондық оқулықтардың артықшылықтарын айтып өтейін. Аталмыш оқулықты пайдалану барысында оқушы бұрын алған білімін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы салдарынан бүгінде ақпараттар ағымы өте көп. Тіпті, санынан адам жаңылады. Осыған байланысты педагогтерге артылар жүкте артты. Мәселен, педагог – ақпараттық мәдениеті жоғары, кез-келген технологияларды меңгерген болуы шарт. Бұл мәселеге мен де бей-жай қарамаймын. Өз тәжірибемде мультимедиялық технологияларды көбірек қолданып, оқушыларға ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер көрсетемін. Компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оқушыларға талдау жұмыстарын жасатамын. Олардың терең де тиянақты білім алуларын қамтамасыз етемін. Графикалық материалдар мен презентациялық слайдттар жасау арқылы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, танымдық және есте сақтауын қалыптастыруға әрекет етемін. Оларға сұрақ қоя отырып, өздерінің көргендерінен ой-пікірлерін сұрауды да ұмытпаймын. Бұл арқылы жасөспірімдердің өз пікірлерін еркін жеткізе білуіне, бірін-бірін тыңдай білуге ұмтылады.

Ал, компьютерлік сабақтарда көбіне компьютерлік бағдарламалар мен электрондық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беремін. Себебі, бұл әдіс арқылы оқушылар кез-келген тақырыпты еркін меңгеріп, пәнге деген қызығушылығы артады, ой-танымы кеңейеді, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасайды. Жалпылама пәндерде компьютерлік тестілеуді қолданудың өте көп көмегі тиеді. Бұл – оқушылардың интеллектуалдық танымын, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Сабақтарымда әр тақырып сайын оқушылармен түрлі шығармашылық жұмыстарды шеберлігіме қарай ұйымдастырып, түрлендіріп, өткіземін. Және де жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеймін. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне үшін логикалық, талдамалық сұрақтар қоямын.

Негізінен, білім беруде цифрлық технологияларды қолданған да сабақ барысы ерекше форматта өтеді. Себебі, аталмыш құралдардың өзіне тән формальды колориті мен танымы болғандықтан, сабақ беру методикасы қызығырақ болады. Бұндай танымда өскен балалар белгілі бір қабілетті игеріп, соған жетік болады. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда жоғарыда атап өткен жүйелі-әрекеттік тәсілдің тигізер пайдасы зор.

Мектеп қабырғасында оқушыларды оқыту процесінде ең алдымен жүйелі-әрекеттік әдісі басты назарға алынуы керек. Өйткені, қазіргі таңдағы оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі-әрекеттік әдісі бойынша жазылған. Сондықтан, әрбір мұғалім аталмыш технологиядағы негізгі функцияларды өзінің сабағында жетік қолданып, оны бүгінгі күннің талабына сай икемдеп, жаңа форматты оқыту процесінің үлгісін қалыптастырғаны абзал. Жүйелі-әрекеттік әдіс бүгінгі күні өте кең ауқымда қолданылып келе жатыр. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен ықыласын арттыру мақсатында қолданылып жүрген бұл технологияның беріп жатқан нәтижесі де өте үлкен.

Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда және ақыл-ой зердесін дамытуда аталмыш технологияның мәні зор. Мәселен, оқушының еңбек етуге деген ұйымшылдық қабілетін оятуға ынталандырады, өзін-өзі басқару, бақылау, байқампаздыққа, ақыл-ой іскерлігінің белсенділігін дамытады. Сондықтан, цифрлы технология үрдісін әр ұстаз жүйелі пайдалана білсе, ертеңгі қоғам иелерінің білімді, білікті, ынталы болары сөзсіз.

Қорыта келе, әрбір сабақ - мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында цифрлы технология әдістерін тиімді пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жабелова Т.Е Еуразиялық кеңістікте ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы мәселелері // Саясат-Policy.- 2011.- №8. б.12-13
2. С.Жолдасбеков, С. Мәжитов Қазақстан тарихы Оқулық. - 2006.
3. Рахитов А. И. Философия компьютерной революций. - 1991.
4. Бөрібаев Б. Жаңа ақпараттық технологиялар. – 2003.
5. Істеміров И. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. - 2007.

ӘОЖ 378.14

«ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН АКТ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ»

Д.Б.Баймуратова
Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы
тарих магистрі, тарих пәні мұғалімі, dinabai-83@mail.ru
Тараз қ., ҚазақстанРеспубликасы

Аннотация: Мақалада оқушылардың цифрлық сауаттылықтарын арттыру, дұрыс оқуы үшін жылдам үйренуіне ықпал жасау қарастырылған. Мұғалімнің кәсіби дамуына, әріптестермен бірлесіп жұмыс жасауына, басқа да қалалардың ұстаздарымен тәжірибе алмасуына ықпал жасауда. Білім беруде АКТ-ны пайдалану мұғалімнің де, оқушылардың да құзіреттілігін қалыптастырады. Қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: интернет, мультимедия, гаджет, бәсекеге қабілетті, презентация.

Аннотация: Статья направлена на повышение цифровой грамотности школьников, на содействие их быстрому обучению правильному чтению. Способствует профессиональному развитию педагога, сотрудничеству с коллегами, обмену опытом с педагогами других городов. Использование ИКТ в образовании формирует компетенции как учителя, так и учащихся. Использование ИКТ, электронных учебников и интернет-ресурсов в соответствии с современными требованиями позволяет развивать творческие способности студента в образовательном процессе.

Ключевые слова: интернет, мультимедиа, гаджет, конкурс, презентация.

Annotation: The article aims to increase the digital literacy of students, to promote their rapid learning in order to read correctly. It contributes to the professional development of the teacher, cooperation with colleagues, exchange of experience with teachers of other cities. The use of ICT in education forms the competence of both the teacher and the students. The use of ICT, electronic textbooks and Internet resources in accordance with modern requirements allows the development of the student's creativity in the educational process.

Key words: internet, multimedia, gadget, competitive, presentation.

Қазіргі таңның балалары азаннан қара түнге дейін қолдарынан гаджет түспейтін болды. Еңбектеген баладан қартайған қария да қолынан ұялы телефондарын тастамай жүретін болды. Егер де заманауи технологияларға білім алушыларымыз құштар болса, неге қолдарындағы смартфондармен жұмыс істетпеске. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жайында айрықша атап өткенін айтуға болады.«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017 жылдың 12 желтоқсанында іске қосылған болатын, содан бері міне он жыл уақыт өтті.

Қазақстан Республикасы тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстанды» ерекше атап өтуінің де өзіндік жөні мен себептері бар. Қазіргі таңда IT саласы дүниежүзі бойынша айрықша сұранысқа ие болып отыр. Бізде IT саласының маманы болмасақта мемлекеттік бағдарламаның кең көлемде жүзеге асуына мектеп деңгейінде өз үлесімді қосуды жөн көрдім.

Содан сабақта өтілген жаңа тақырыптар бойынша, әр түрлі программаларға салып үй тапсырмаларын дайындап келсе екен дедім. Ол үшін тақырып бойынша таныстырылымды Power Point программасында презентация жасауды ұсындым. Бұл программаны қолданып, үй тапсырмасын дайындап келген екі ғана оқушы болды. Бұл оқушылар презентацияларына сүйене отырып, өтілген сабақ бойынша сөйледі, суреттермен көрсете алды және бастысы көмекші құрал ретінде пайдаланып, өз-өздеріне сенімдері мол болды. Мен өз тарапымнан таныстырылым дайындаған білім алушыларға жоғары баллды қойдым. Бұл басқа оқушылар үшін мотивация болды. Жоғары балл алған білім алушылар одан әрі жанданып, келесі сабаққа бұдан да күшті етіп дайындайтындарына уәде беріп кетті. Ал келесі сабақта сыныптың жартысынан көбі презентация дайындаған және де қазіргі INSHOT, VN программаларында видеосабақ дайындап келгендері де болды. Бұл күнгі сабағымыз мен үшін де, бастысы білім алушылар үшін де өте қызықты өтті. Ендігі кезекте мен оқушыларға видеосабақ жасаған кезде өз аудиожазбаларын басып келуді сұрадым. Бұндағы мақсат айтылым дағдыларын АКТ арқылы дамыту болатын. АКТ-ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ-ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады [1].

Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль-сабақ, саяхат-сабақ және т. б. жатқызуға болады.

Оқушыларға бағыт-бағдар беру үшін әдебиеттер қорымен таныса отырып Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекованың «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» оқулығында«Компьютерлік оқыту технологиясы» бөлімінде компьютерлік технологиялар түрлері мен қызметі және анықтамалары жайында материалдар таптым [1]. Атап айтсам, интерактивті тақта және ACTIVstudio программасы, ACTIVboard тестілеу жүйесі қызметі жайында деректер қорымен таныстым. Аталған интерактивті тақталармен жұмыс істеу мүмкін болмай тұр, оның себебі бұл тақталар мектепте жұмыс істемейді және тарих кабинетінде жоқтығы. Және де Свиридова Марина Юрьевнаның «Создание презентаций в PowerPoint» деп аталатын кітабын ғаламтордан тауып алдым. Бұл оқу құралы алға қарай жылжып жұмыс істеуіме таптырмас құрал болды. Бұл оқулықтың ішінде жаңа слайд құру, өзіндік рәсімдеу, фотоальбом жасау, презентацияны сақтау, бір мезетте бірнеше презентацияны ашу,

көру, слайдтардың көшірмесін бір презентациядан басқа презентацияға түсіру, слайд фонын жасау үшін градиентті қолдану, текстураны қолдана отырып фон жасау, суреттер аннимациясын жасау, гиперсілтеме қою, слайдтарды ауыстырғанда дыбысты әсерді пайдалану, презентацияға фондық музыка қою сияқты жаңа ақпараттармен таныса отырып, презентациялар жасадым, жасағанымды, үйренгенімді оқушыларыма, шікірттеріме де үйреттім.

Бүгінгі таңда мультимедиялық технологиялар ақпараттандырудың перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Бағдарламалық-әдістемелік қормен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны жақсарту, сонымен қатар педагогикалық кадрлардың міндетті біліктілігін арттыру білім беруде заманауи ақпараттық технологияларды табысты қолданудың болашағы зор. Өзімнің жұмыс жасайтын мектебімде одан ары қарай жетілдіре жұмыс істеу үшін көп кедергілерге тап болып отырған жайым бар [2]. Мысалы, мендегі ең бірінші мәселе тарих кабинетінде интерактивті тақтаны айтпастан бұрын, проектордың жоқтығы продуктивті (өнімді) жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді. Бұдан басқа нашар байланыс желілері, үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс жасау үшін байланыс желілерінсіз жұмыс істеу мүмкін еместігі, проекторға жалғайтын ноутбуктық жоқтығын да айта кеткім келеді. Осы жайында мектеп әкімшілігінен табысты жұмыстарға жету үшін заманауи технологиялардың қажеттігін айтып, келешекте тарих кабинетін қажетті құралдармен, қондырғылармен жабдықтауды сұрандым. Себебі, интернет мұғалімнің ақпаратты табу мен алуда, басқа аймақтағы әріптестермен, тіпті мектепішіндегі әріптестермен қарым-қатынас құралы ретінде таптырмас көмекшіге айналуда.

Мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып, аудиториялық сабақтарды ұйымдастыру уақытты үнемдеуге, сол арқылы кез келген оқушыға қолжетімді өте қарапайым құралдарды пайдалану арқылы оқу материалын көрсетуді күшейтуге мүмкіндік береді.

АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға үйретеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұсы – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Қорытындылай келе, білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдарын: Интерактивті тақтаны, мультимедиялық дисктерді, интернет кеңістігін, электронды оқулықтарды, сонымен қатар гаджеттерді, смартфондарды, компьютерлерді оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін пайдалануға болады. Білім беруде АКТ-ны пайдалану мұғалімнің де, оқушылардың да құзіреттілігін қалыптастырады. Қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет., 190-198 б.
2. Свиридова М.Ю. Создание презентаций в Power Point. - Москва: Академия. - 224 с.

ӘОЖ 373.1

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ РОЛІ

С.Б.Болатова
Берікқара орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
директордың бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәні мұғалімі
samal_bolatova@bk.ru

Б.Т.Алтынбекова
Берікқара орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
педагог-ұйымдастырушы, информатика пәні мұғалімі
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Мақалада сабақты зерттеуді ұйымдастыру тәжірибесі қарастырылып, оны қолданудың тиімділігі негізделеді, өйткені сабақты зерттеу мұғалімнің кәсіби дамуына, оны оқытуға және қолдауға бағытталған. Оқыту әдістерін жетілдіріп, әр оқушының білім деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін оқуға деген қызығушылығын арттырудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған.

Кілтті сөздер: Lesson Study, сабақ жоспарлау, зерттеу сабағы, сабақ жоспарын талқылау

Аннотация: В статье рассматривается практика организации уроковедения и обосновывается эффективность его использования, так как уроковедение направлено на профессиональное развитие учителя, его обучение и поддержку. Приведены эффективные методы совершенствования методов

обучения и повышения интереса к обучению, позволяющие повысить уровень образованности каждого ученика.

Ключевые слова: Lesson Study, планирование урока, урок исследования, обсуждение плана урока

Annotation: The article examines the practice of organizing lesson research and substantiates the effectiveness of its use, during the lesson research is aimed at the professional development of the teacher, his training and support. Effective methods of improving teaching methods and increasing interest in learning, which allow to increase the level of education of each student, are provided.

Key words: Lesson Study, lesson planning, study lesson, lesson plan discussion

Мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісінің белгілі бір қырларын жетілдіруге бағытталған арнайы педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың оқуына және прогресіне назар аударады. Сабақты зерттеу білім және тәжірибе алмаса отырып, кәсіби қоғамдастық құруға септігін тигізетін мұғалімдердің бірлескен жұмысын зерделеуді көздейді. [4]

Сабақты зерттеу тәсілі оқыту мен оқуды жетілдіру саласында ғана емес, сонымен қатар педагогикалық білімді жетілдіру, оқу бағдарламасы мен оқытуды құрылымдау, мектепті басқару және т.б. салаларда да жүргізілуі мүмкін [3].

Сабақты зерттеу жеке шара ретінде емес, күнделікті жұмыстармен, мәселен, жаңа оқу бағдарламасын енгізу, белгілі бір саладағы оқыту тәжірибесін жетілдіру, ұзақ мерзімді жоспарлаумен бірге ықпалдастырылып жүргізілгенде анағұрлым тиімді болмақ.

Сабақты зерттеу мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, мектепте жүргізілетін іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше түрі болып табылады [1]. Бұл тәсіл «сабақ жоспарлау, сабақ жоспарын талқылау, зерттеу сабағын өткізу, сабақтан кейінгі талқылау үдерістерін қамтиды» [2], «оқытумен оқу тәжірибесін жетілдіруді, соның нәтижесінде түпкі мақсат– оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды» [5] көздейді. Яғни, Сабақты зерттеу – кәсіби білім алу үдерісі. Сабақты зерттеу тәсілінің тағы бір демократиялық ерекшелігі мынада, мұғалім жинақтаған білімімен педагог қауыммен кеңінен бөлісе алады. Зерттеу топтары сондай-ақ әріптестерімен бірлесіп жаңа тәсілді оқыту жолдарын және оқу бағдарламаларының аспектілерін модельдейді, бұнымен қоса жүргізілген зерттеулер туралы көпшілік талқысын ұйымдастырады. Берікқара орта мектебінде 2022-2023 оқу жылындарына жоспарланған қоғамдық-гуманитарлық пәндері мұғалімдері зерттеу тобы зерттеу жұмысын 2022 жылдың қазан айында, I кезең зерттеу жұмысын басталды. Сабақты зерттеу бойынша ДОІЖО, сарапшы Асқарбаева Г.Қ. топ мүшелерін Пит Дадлидің «Сабақты зерттеу: Нұсқаулық»., және Чичибу Т. «Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық». /Т. Чичибу, Л.Ду Тоит, А.Тулепова. –Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша «мұғалімге арналған нұсқаулықпен» таныстырып өтті. Сонымен қатар Берікқара орта мектебінің педагогикалық кеңесімен бекітілген «Сабақты зерттеу» (lesson study) өткізу туралы ережесімен таныстырды. Сынып жетекшісі сынып туралы мінездеме берді, әлеуметтік-педагог сыныптың әлеуметтік жағдайымен таныстырып өтті. Мектеп психологы оқушылардың оқу мотивациясын анықтауда алынған MALS сауалнамасымен таныстырды. Педагог ұйымдастырушы «Оқуға қызығушылықтарын анықтау» сауалнамасы мен «Оқушылардың оқу пәндеріне деген көзқарасы» атты сауалнамасының нәтижесімен таныстырды.

Сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер кәсіби сұхбат жүргізе отырып және алынған сауалнамаларды ескере отырып, бірқатар проблемалар анықталды:

- жоғары деңгейдегі сұрақтарды қоя алмауы;
- бастауыш сыныптарда оқып жүргендегіден қарағанда білім сапасының төмендеуі;
- көшбасшылыққа ұмтылмауы.

Топ мүшелері туындаған проблемаларды ескере отырып, зерттеу тақырыбын таңдады.

Зерттеу тақырыбы: «Төңкерілген сабақ арқылы мотивациясы төмен оқушылардың еркін сөйлеу дағдысын қалай дамыта аламыз?» Мақсаты мен күтілетін нәтиже: Таңдалған педагогикалық әдіс-тәсілдердің оқушылардың ішкі уәжін оятуға тиімділігі зерттеледі және оны жақсарту жолдары қарастырылады.

Топтың алғашқы отырысы, жетілдіретін іс-әрекеттерді анықтау.

1. Сынып жетекшісінің бақылау қорытындыларымен және оқу басымдылықтарын анықтау үшін бағалау;

2. Зерттеу сабақтарын жүргізу үшін мұғалімдердің тобын ұйымдастыру. Сабақты зерттеу бойынша нұсқаулықпен жұмыс.
3. Зерттеу тобының мақсатын айқындау және жұмыс жоспарын жасау.

Зерттеу сабақтың міндеті:

- Оқу сабағын қызықты, тартымды және маңызды етуге бағыттау;
- A,B,C оқушылардың не білетінін анықтап, ары қарай триангуляция арқылы оқушылардың салыстыру дағдысын қалыптастыруға дағдыларын дамуына ықпал ету;
- Балалардың өзіндік ойлауы мен түсінігінің кемелдеуіне көмектесу;

Күтілетін нәтиже:

- бала өзін оқушы ретінде тани отырып, өзінің мықты және әлсіз жақтарын сезінеді;
- оқу үдерісінде не ұнайтынын, не ұнамайтынын түсінеді және жеке мақсаттарды белгілеу қабілеті туындайды;
- оқушылар өз ойын анық баяндауға, салыстыра алуға дағдыланады ;
- оқушылардың өзін-өзі бағалауы қалыптасады;
- өзінің және өзгенің пікірін құрметтеуге үйренеді;
- кері байланысты меңгереді.

Зерттеу сабағын бақылаушы -қадағалаушы мұғалімдердің міндеті:

- бақылаушылар бір-бірімен сөйлеспеуі;
Аннотация: Задержка психического развития – одна из групп детей, с особыми образовательными потребностями. Данный вид расстройства в течение многих лет относился к категории детей с умственной отсталостью. Только последние тридцать лет рассматривается и исследуется как расстройство личности. По этой причине это тема, которая все еще нуждается в исследованиях. В рамках статьи была организована исследовательская работа с целью изучения особенностей развития устной речи младших школьников с задержкой психического развития. В результате установлено, что у детей с задержкой психического развития имеются нарушения по всем компонентам устной речи, представлены особенности работы по их развитию.

Ключевые слова: умственная отсталость, начальный класс, устная речь, фонематика, словарный запас, произношение, связная речь.

Annotation: Mental retardation is one of the groups of children with special educational needs. This type of disorder for many years belonged to the category of children with mental retardation. Only the last thirty years have been considered and investigated as a personality disorder. For this reason, it is a topic that still needs research. Within the framework of the article, a research work was organized in order to study the features of the development of oral speech of younger schoolchildren with mental retardation. As a result, it was found that children with mental retardation have disorders in all components of oral speech, the features of work on their development are presented.

Keywords: mental retardation, elementary grade, oral speech, phonetics, vocabulary, pronunciation, coherent speech.

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілін зерттеу мәселесі логопедия ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі, балалардың психикалық дамудың артта қалуына байланысты сөйлеу тілінің де барлық салалары зардап шегеді. Атап айтқанда, сөйлеу тілінің дамуына тән басты қиындық – барлық компоненттердің дамуының қатарластарына қарағанда біршама артта қалуы. Яғни, онтогенетикалық даму бойынша балалар кеш дамиды, дағдылар мен біліктерді кеш игереді [1].

Аталған тақырыпта зерттелген теориялық деректерде, психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілінің белсенді кезеңінің дамуы тек 4 жаста басталатыны айтылады. Ал, қалыпты даму жағдайында 2 жас шамасында сөйлеу тілінің фразалық кезеңі басталатынын ескерсек, ПДТ балалардың сөйлеу тілі кеш дамиды деп айтуға негіз бар [2].

Психикалық дамуы тежелген балаларда сөйлеу дамуының баяулауы және сөйлеу бұзылыстарының кең таралуы байқалады. Сөйлеу патологиясының көптеген көріністері психикалық дамуы тежелген балалардың жалпы психопатологиялық ерекшеліктерімен байланысты болып келеді [3].

Бұл балалардың импрессивті сөйлеуі сөйлеу қабылдауын, сөйлеу дыбыстарын саралаудың жеткіліксіздігімен, жеке сөздердің мағынасын, сөйлеудің айтылым ырғағын ажыратпауымен сипатталады. Бұл балалардың экспрессивті сөйлеуі дыбыстық айтылымның бұзылуымен, аз көлемде дамыған сөздік қорымен, сөйлеудің грамматикалық құрылымының жеткіліксіз қалыптасуымен, аграмматизмдердің, сөйлеу инактивтілігімен сипатталады. Көптеген жағдайларда сөйлеу бұзылыстарының көрінісі сөйлеудің жалпы дамымауын, сөйлеу дамуының кешігуін көрсетеді. Сөйлеу дамуының кешігуі ауызша, интеллектуалды қабілеттердің жеткіліксіз деңгейінде көрінеді.

Осылайша, ПДТ балалардағы сөйлеу ерекшеліктері жүйе ретінде сөйлеу қабілетінің бұзылуымен сипатталады. Сөйлеудің өзіндік ерекшелігі эмоционалды – ерікті саланың да, танымдық іс-әрекеттің де дамымауын көрсетеді [4].

Жоғарыда келтірілген теориялық деректердің эксперименталды тұрғыдан сынау мақсатында «№150» және «№151» мектептердің базасында психикалық дамуы тежелген балалармен зерттеу эксперименті өткізілді.

Зерттеу экспериментіне жалпы саны 15 бала қатысты. Зерттеу экспериментінде психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамуын тексеруге арналған әдістер сынақтан өткізілді. Атап айтқанда, зерттеуге алынған балалардың фонематикалық қабылдауы, сөздік қоры, дыбыс айтуы мен байланыстырып сөйлеу тілінің ағымдағы жағдайы тексерілді.

Зерттеу әдістері ретінде төмендегі әдістер қолданылды:

1. «Сөздерді ата» - сөздік қорының даму деңгейін тексеру;
2. «Менен кейін қайтала» - фонематикалық даму деңгейін анықтау;
3. «Мәтінді баянда» - дыбыс айтуының даму деңгейін анықтау;
4. «Ертегіні баянда» - байланыстырып сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау [5; 6; 7].

Зерттеу жұмысына ұсынылған әдістер жеке тәсіл арқылы әр баламен сынақтан өткізілді.

Сөздік қорының дамуын тексеруге берілген әдісті сынау кезінде балалардың басым бөлігінде сөздік қорының көлемінің тар екендігі анықталды. Мәселен, балалар тұрмыстық қолданыстағы заттардың атауларын айта алғанымен, сирек қолданатын заттарды атауларын атау кезінде қиналады. Осылайша, бұл әдіс бойынша 0 % жоғары, 33 % орташа және 67 % төмен көрсеткіштер алынды.

«Менен кейін қайтала» әдісі арқылы балалардың фонематикалық қабылдау деңгейін тексердік. Нәтижесінде, балалардың дыбыстады фонематикалық тұрғыда ажырата алмауы, оларды өзара ұқсас түрлерімен алмастыруы тәрізді бұзылыстар ретін байқадық. Осылайша, бұл әдіс кезінде 40 % орташа, 60 % төмен нәтиже алынды.

«Мәтінді баянда» әдісі арқылы дыбыс айтудың мәтін көлеміндегі деңгейі сынақтан өткізілді. Әдісті сынау барысында балалардың басым бөлігінде ысқырық және ызың дыбыстардың айтылым деңгейінде бұзылыстар бар екендігі анықталды. Нақты айтқанда, балаларда дыбысты тастап кету мен оны ұқсас дыбысқа алмастыру қателігі жиі кездеседі. Осылайша, бұл әдіс аясында 40 % орташа, 60 % төмен нәтижелер анықталды.

«Ертегіні баянда» әдісі кезінде балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің ағымдағы жағдайы тексерілді. Нәтижесінде, балаларды ауызша баяндауы барысындағы фразаларының

үйлесімсіздігі, сөйлемдер арасындағы логикалық дәлдіктің төмендігі мен сөйлемдердің мағынасының бұзылыстары айқын байқалды. Сандық көрсеткіштер бойынша 33 % орташа, 67 % төмен нәтиже алдық.

Осылайша, психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру барысында төмен нәтижелер алынып, түзету жұмыстарының қажет екендігін анықтадық.

Алынған сандық деректердің нәтижесінде төменгі диаграмманы ұсынамыз:



Сурет 1. Зерттеу нәтижелері

Сонымен, зерттеу нәтижелерінің төмендігінің орын алуына байланысты психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыстар қажет екендігіне көз жеткіземіз.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту жұмысы арнайы педагогикадағы үздіксіздік, кешенділік, жас және жеке ерекшеліктерді негізге алу қағидаларының нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар, логопедиялық жұмыстың барлық сабақтарына артикуляциялық жаттығулар мен тыныс алу жаттығуларын қосу ұсынылады. Қажет болған жағдайда артикуляциялық аппараттың тонусын қалыптандыру мақсатында логопедиялық массаж да тағайындалуы мүмкін [8].

Сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жұмыстары кезінде дидактикалық ойындарды, цифрлық технологияларға негізделген ойындарды белсенді қолдануды ұсынамыз. Цифрлық технологияларды қолдану логопедиялық сабақтардың қызықты және әртүрлі өтуіне ықпал етеді. Озық цифрлық технологиялар ретінде «Мерсибо» сайтын және сол тәрізді балаларға арналған сайттарды ұсынамыз. Алайда, цифрлық технологияларды қолдану кезінде балалардың жас мөлшеріне сай 5 – 15 минуттан артық қолдануға тыйым салынады. Сондықтан, цифрлық технологияларды сабақ фрагменті ретінде қолдану қажет [9].

Қорыта айтқанда, психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша сөйлеу тілін дамытуда дәстүрлі және цифрлық технологияларды үйлестіре пайдалану нәтижелердің басым болуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. //Сбор. соч.- М., 1982.- Т.2.
2. Бабкина, Н. В.Особенности познавательной деятельности и ее саморегуляции у старших дошкольников с задержкой психического развития [Текст] / Н. В. Бабкина // Дефектология. - 2002.-№ 5. - С.40 - 45.
3. Бабкина, Н. В. Формирование саморегуляции познавательной деятельности у детей с ЗПР в различных условиях обучения [Текст] / Н. В. Бабкина // Дефектология. - 2003. - № 6. - С.46 - 50.
4. Баряева, Л. Б. Логопедическая работа по развитию связной речи дошкольников с задержкой психического развития (на модели обучения рассказыванию по картине) [Текст] / Л. Б. Баряева, И. Н. Лебедева // Логопедия. - 2005. - № 1. - С. 11 – 21
5. Блинова, Л.Н. Диагностика и коррекция в образовании детей с ЗПР[Текст] / Л.Н. Блинова. – М., 2002.
6. Борякова, Н. Ю. Исследование лексико-грамматического компонента языка у дошкольников с ЗПР [Текст] / Н. Ю. Борякова, Т. А. Матросова // Логопедия. - 2005. - № 1. - С. 47 - 51.
7. Гвоздев А.Н. Формирование у ребёнка грамматического строя русского языка. М.,1949
8. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи.М.,1961
9. Голубева, Г. Г. Нарушение звукослоговой структуры слова у дошкольников с задержкой психического развития [Текст] / Г. Г. Голубева // Логопедия. - 2004. - № 1(3). – С. 49 – 52

ӘОЖ: 373.1.02:372.8

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ

А.Т.Исмакулова
Иван Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясы
музыка пәнінің мұғалімі
Меркі ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Мақалада цифрлы технологиялардың білім беру саласындағы рөлі мен маңызы туралы ой қозғалды. Уақыт үдерісіне сәйкес цифрлы білім беру қандай артықшылықтарға ие болғандығы, мұғалімдердің заманауи сұраныстарды қанағаттандыра алуы сынды мәселелер көтерілді. Сонымен қатар, жеке тәжірибеге сәйкес цифрлы оқыту технологиясын музыка пәнінде қолдану, тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіру жолдары туралы да тұжырымдар ортаға салынды. Мақаланың негізгі мақсаты мен міндеттері – музыка пәнін оқытуда цифрлы технологияларды пайдаланудың ерекшеліктерін айқындай отыра, тиімді нәтижеге қол жеткізуге болатындығына көз жеткізу. Осы мақсатта зерттеу жүргізуге жол ашқан мақаладағы қорытынды тұжырым: заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеріп, цифрлы технологияларды жан-жақты білу – музыка пәнінің мұғалімдері үшін ғана емес, кез келген бағыттағы мұғалім үшін өз нәтижесін береді.

Кілт сөздер: цифрлы қоғам, білім беру, музыка пәні, тұжырым, заманауи, мұғалім тұлғасы, цифрлы оқыту технологиялары, білім алушы

Аннотация: В статье была затронута мысль о роли и значении цифровых технологий в сфере образования. В соответствии с процессом времени были подняты такие вопросы, как, какими преимуществами пользовалось цифровое образование, смогли ли учителя удовлетворить современные запросы. Также были высказаны выводы о применении технологии цифрового обучения в музыкальной дисциплине в соответствии с личным опытом, о способах поиска эффективных методов и приемов. Основная цель и задачи статьи-убедиться в том, что можно добиться эффективного результата, определив особенности использования цифровых технологий в преподавании музыки. С этой целью, заключительный вывод в статье, открывшей путь к проведению исследования: овладение современными методиками

Ключевые слова: цифровое общество, образование, музыкальный предмет, концепция, современность, личность учителя, технологии цифрового обучения, ученик

Abstract: The article touched upon the idea of the role and importance of digital technologies in the field of education. In accordance with the process of time, such questions were raised as what advantages digital education enjoyed, whether teachers were able to meet modern demands. Conclusions were also made about the use of digital learning technology in the music discipline in accordance with personal experience, about ways to find effective methods and techniques. The main purpose and objectives of the article is to make sure that it is possible to achieve an effective result by defining the features of the use of digital technologies in music teaching. To this end, the final conclusion in the article, which opened the way to the research: mastering modern techniques

Keywords: digital society, education, musical subject, concept, modernity, teacher's personality, digital learning technologies, student

Қазіргі таңда қай салада болмасын цифрлық технологиялардың қарыштап дамыған кезеңі. Бұл үрдіс білім беру саласын айналып өтіп кеткен жоқ. Керісінше, білім берудің жетіліп, дамуына цифрлы технологиялар ықпал етуде. Осы тұста әу баста екіжақты пікірталас орын алуы мүмкін. Оның бірі цифрлы технологиялардың салдарынан білім берудің дәстүрлі жүйесінің берекесі қашып, сапасы төмендейді, - деп алаңдаушылық білдіретіндерден құралған бір топ болса, екіншісі – заманауи сұранысты биік қойып, сол арқылы дамуға қол жеткіземіз деген ұстаныммен өмір сүретіндер. Дәл осы екіжақты пікірдің аражігін ажыратып алмастан бұрын «цифрлы технология» ұғымының анықтамасын берсек: Цифрлық технология - бұл деректерді құратын, сақтайтын немесе өңдейтін электрондық құралдар, жүйелер, құрылғылар және ресурстар. Белгілі мысалдарға әлеуметтік медиа, онлайн ойындар, медиа және ұялы телефондар жатады. Цифрлық оқыту – бұл технологияны қолданатын кез-келген оқыту түрі. Бұл оқу бағдарламасының барлық салаларында болуы мүмкін [1]. Иә, қазіргі білім беру саласына ендігі онлайн, электрондық құралдар, ұялы телефон, медиа ұғымдары алшақ емес. Аталған ресурстар білім беру саласының ішінде жүр. Осы тұста неліктен адамзат оған жол берді? деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Хакім Абайдың заман мен адам қарым-қатынасы туралы терең ой қозғайтын «Тотықұс түсті көбелек» толғауынан жоғарыдағы сауалдарымызға нақтылы жауаптарды табатынымыз сөзсіз. Үш шумақ өлеңнің алғашқы шумақтары заманның құбылмалылығы, адамзаттың «толық адамға» тән үш негізгі қасиетті толық ұстануы туралы философиялық ойды меңзесе, соңғы шумағы адамзаттың заманнан һәм қоғамнан оқшау өмір сүре алмайтындығын қозғайды:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек [2].

Дәл осы өлең шумақтарына тереңірек зер салсақ, заман өзгереді, сөйте тұра адам заманнан алшақ өмір сүрмейді деген тұжырымға келуге болады. Бұл дегеніміз XXI ғасыр – технология ғасырында білім беру жүйесін цифрлық технологияларсыз елестету мүмкін емес деген сөз. Қазір бәріміз цифрлы қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Соған сай мұғалім тұлғасы да заманауи технологияларды жетік меңгеру арқылы, жаңа қасиеттермен толыға түсуі тиіс. Өйткені, цифрландыру адамдарға күнделікті өмірде көбірек білуге және ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жинақталған тәжірибе мен біліммен алмасуға мүмкіндік береді [3]. Осы мүмкіндіктерді барынша пайдалануға ұмтылу, ізденісін арттыру – әрбір мұғалімнің мамандығы алдындағы парызы. Мәселен, барша адамзат үшін алаңдаушылық тудырған пандемия кезеңі білім беру саласындағы қашықтан оқу тәсілінің қыр-сырын меңгеруге жол ашты. Білім саласын тұралатпай, процессті жалғастыру деген мүмкіндікке мұғалімдер де, білім алушылар да тең дәрежеде қол жеткізе білді. Бұл да – цифрлы технологияның жемісі.

Кез келген ұғым немесе жаңашылдық пайда болса әр мұғалім өз пәнін жетілдірудің жолын іздейді. Ол әрине мамандығына махаббаты ерек мұғалімнің ісі. Дана Абайдың «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деген өсиетін өнеге тұтқан мұғалім ретінде музыка пәнін оқытудың тиімді жолдарын іздестіру, зерттеу, зерделеу нәтижесінде «Білім алушыларға домбыра мен ағаш қасық аспаптарында ойнауды сандық форматтағы тәсілмен үйрету» тақырыбындағы еңбегімді «Педагогикалық идеялар» фестиваліне ұсынған болатынмын. Аталған еңбектің мәні неде деген сұраққа тоқтала кетейін: негізінде кез келген музыка пәнінің мұғалімі 45 минуттық сабақ барысының 10 минутын «шығармашылық бөлім» ретінде қарастырып, сол уақытта ұлттық аспабымыз домбыраны

«сандық жүйе» арқылы үйрету арқылы **оқушылардың музыка пәніне деген қызығушылықтарын жаңа деңгейге** көтере алады. Онымен қоймай:

- Барлық білім алушының ұлттық аспапта ойнай алуына жол ашу;
- Білім алушылардың бойында патриоттық тәрбие қалыптастыру және дамыту;
- Білім алушылардың жан-жақты болып қалыптасуына ықпал ету;
- Ұлттық бай музыкалық мұраларымызды дәріптеу;
- Музыка пәнінің қызықты әрі мазмұнды өтуін қамтамасыз ету сынды мақсаттарға қол жеткізе алады.

Шыны керек қазіргі уақытта музыка пәнінің бағдарламасында білім алушылардың аспаптарды меңгеруіне бағытталған арнайы әдістеме немесе бөлім жоқтың қасы деп айтса да болады. Музыка сабағы – буыны қатпаған жас 5-6 сынып білім алушылары үшін тек ән айтып, теориямен ғана шектеліп өткізе салатын сабақ емес. Бұл сабақ – мықты тәрбие құралына да жатады. Себебі білім алушыларды белгілі бір тәртіпке шынайы бағындыра білу, ұйымдасып бірге жұмыс жасай алуы, мазмұнды өнер көрсетуі, әрбір білім алушының ішінде жатқан жасырын таланттарын ашуына септігін тигізуі, тұйық келген баланың өзін аша білуі, барлығы осы аталмыш пәнде дұрыс әдіс-тәсілдер қолданылған жағдайда жүзеге асырылады. Ол өзімнің ұстаздық еткен жылдардағы тәжірибемде дәлелденген дүние.

Жоғарыдағыдай мақсаттарға құрылған педагогикалық идеядан күтілетін нәтиже - мектеп қабырғасындағы әрбір білім алушының домбыра аспабын, қабілеттеріне қарай «Ағаш қасық» сынды ұрмалы аспаптарды үйренуіне жол ашу. Байқасақ, мұндай идеялар білім алушылардың білімін жетілдіріп қана қоймай құндылықтарын арттыра түседі. Ал, осындай дүниелердің кеңінен таралуы мен көп білім алушыларға қолжетімді болуы үшін біз әрине цифрлы технологиялардың көмегіне жүгінеміз. Дәл осы бір ғана мысалдан-ақ, цифрлы технологиялардың музыка пәнін оқытудағы маңызы ерек деген тұжырымға келуге болады. Шын мәнінде, әрбір пәннің ерекшеліктеріне тоқталып, көптеген мысалдар келтіру арқылы бұл тұжырымның нақтылығына сан мың дәлел келтіруге болады.

Қорытындылай келе, заман көшінен кейін қалмас үшін де, әлемдік аренада бәсекеге қабілетті болу үшін де білім беру ұйымдарын цифрландыру – кемел келешектің кілті. Қазіргі ақпараттың шынайы немесе жалғандығын ажыратуды талап ететін кезеңде цифрландыру – ағындай сарқыраған ақпараттардың ақ-қарасын ажырата алатын, көкірегі ояу, көзі ашық, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алатын ұрпақ қалыптастыруға бастайды. Өйткені, білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті ел жастарын дайындау [4]. Ал бүгінгі мұғалімнің тұлғалығы көп жағдайда оқушыларының білімі және жеткен жетістігі арқылы өлшенетінін, байқалатынын байқасақ, әрбір мұғалімнің білім беру ісінде заманауилықтан, жаңашылдықтан кейін қалуы кәсібилігіне сын. Сол себепті, цифрлы технологиялар дәуірі өз жемісімен қатар талаптар мен ізденістен де кенде емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Вайндорф-Сысоева М.Е. Методика дистанционного обучения: учебное пособие для вузов / М.Е. Вайндорф-Сысоева, Т.С. Грязнова, В.А.Шитова. – Москва: Издательство Юрайт, 2020. – 194 б. – (Высшее оьразование). –ISBN 978-5-9916-9202-1 abai.kz сайты
2. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері//Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Шымкент – Москва, 2009. Т.III. – 174-178 б.
3. edunews.kz ақпарат агенттігі.

УДК 372.2.01

МЕТОД ПРОЕКТОВ КАК ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

И.С.Солиев
Ферганский государственный университет, доктор философии (PhD)
Заведующий кафедрой дошкольного образования
г. Фергана, Узбекистан

Аннотация: В статье подчеркнута роль и значение проектного метода в развитии творческих способностей дошкольников, формирование потребности к активной созидательной деятельности, направленность на развитие познавательного интереса ребенка. Дано определение понятиям «проект» и «проектная деятельность», рассмотрена типология проектов и классификация.

Ключевые слова: дошкольник, проект, проектная деятельность, метод проектов, типы проектов

Annotation: The article emphasizes the role and importance of the design method in the development of the creative abilities of preschoolers, the formation of the need for active creative activity, the focus on the development of the child's cognitive interest. The definition of the concepts "project" and "project activity" is given, the typology of projects and classification are considered.

Key words: preschooler, project, project activity, project method, types of projects

Одним из эффективных методов работы с детьми старшего дошкольного возраста является метод проектной деятельности, который основан на понимании роли личности ребенка в системе дошкольного образования. Метод проектов – педагогическая технология XXI века. Спецификой метода является сотворчество взрослого и ребенка в решении проблемы, лично значимой для ребенка. Основа этого метода – самостоятельная деятельность детей – исследовательская, познавательная, продуктивная, в процессе которой ребенок познает окружающий мир и воплощает новые знания в жизнь. Главное в проектной деятельности то, что проект не «привязан» к программе. Дети свободны в своем творчестве. Метод проектной деятельности позволяет развивать познавательный интерес к различным областям знаний, формировать коммуникативные навыки и нравственные качества

Сегодня в связи с введением в действие Государственных требований к развитию детей раннего и дошкольного возраста Республики Узбекистан, возникла необходимость обновления и повышения качества дошкольного образования. Дошкольные образовательные организации Узбекистана реализуют Государственную учебную программу дошкольного образования «Илк кадам», которая направлена на выявление и развитие творческих и познавательных способностей, с учетом возрастных особенностей детей.

Одним из наиболее ярких, развивающих, интересных, значимых методов, как для взрослых, так и для детей дошкольного возраста является проектная деятельность. Это обусловлено тем, что проектирование во всех сферах человеческой деятельности становится универсальным инструментарием, позволяющим обеспечить ее системность, целеориентированность и результативность.

Метод проектов занимает ведущее место среди инновационных методов, обнаруженных в арсенале мировой и отечественной педагогической практики.

Что такое проект?

Термин “проект” был позаимствован из классического латинского языка, в котором оно изначально означало “выброшенный вперёд”, “выступающий”, “бросающийся в глаза”.

По определению американского педагога, основоположника метода проектов, Уильяма Херда Килпатрика, проект - это всякое действие, совершаемое от всего сердца и с определенной целью.

Что такое метод проектов?

Метод проектов – педагогическая технология, направленная на обучение детей проектной деятельности.

Проектная деятельность индивидуального и коллективного субъекта – это (соответственно) индивидуальная или групповая (коллективная) деятельность, направленная на достижение

поставленной цели - решение конкретной проблемы, значимой для участников проектной деятельности и оформленной в виде некоего конечного продукта.

Метод проектов – это педагогическая технология, стержнем которой является самостоятельная деятельность детей – исследовательская, познавательная, продуктивная, в процессе которой ребёнок познаёт окружающий мир и воплощает новые знания в реальные продукты.

Суть метода проектов в образовании состоит в такой организации образовательного процесса, при которой обучающиеся приобретают знания и умения, опыт творческой деятельности, эмоционально-ценностного отношения к действительности в процессе планирования и выполнения постепенно усложняющихся практических заданий проектов, имеющих не только познавательную, но и прагматичную ценность.

Проект - это модель трех вопросов:

Что мы знаем?

Что мы хотим узнать?

Что нужно сделать, чтобы узнать это?

«Всё, что я познаю, я знаю, для чего мне это надо и где и как я могу эти знания применить» – вот основной тезис современного понимания метода проектов. Иными словами в основу метода проектов заложена идея о направленности познавательной деятельности дошкольников на результат, который достигается в процессе совместной работы педагога, детей над определённой практической проблемой (темой).

Знания, приобретенные детьми в ходе проекта, становятся достоянием их личного опыта. Они получены в ответ на вопросы, поставленные самими детьми в процессе “делания”. Причем необходимость этих знаний продиктована содержанием деятельности. Они нужны детям и поэтому интересны им. Ведь с самого рождения ребёнок является первооткрывателем, исследователем того мира, который его окружает. Для него всё впервые. Всем хорошо известно, что детей называют “почемучками”. Самостоятельно ребёнок не может найти ответ на все интересующие его вопросы - ему помогают педагоги, родители.

Для чего нужен метод проектов?

Является одним из методов развивающего обучения, так как в его основе лежит развитие познавательных интересов детей.

Именно проекты способны увязать не слишком веселый образовательный процесс с реальными событиями, которые время от времени происходят в жизни ребенка, что привлекает и может заинтересовать даже самого непоседливого малыша.

Позволяет развивать систему продуктивного взаимодействия участников проекта.

Проектная деятельность в ДОУ позволяет превратить любой коллектив в сплоченную команду, члены которой смогут сообща работать над решением даже самых сложных и нетривиальных задач. В таких условиях каждый ребенок может почувствовать себя нужным, заинтересованным в выполнении важной задачи.

Происходит формирование субъективной позиции ребенка, раскрывается его индивидуальность, творческие способности, логическое мышление.

В переводе с греческого проект – это путь исследования. Проект – это метод педагогически организованного освоения ребёнком окружающей среды в процессе поэтапной и заранее спланированной практической деятельности по достижению намеченных целей.

Стремление наблюдать и экспериментировать, самостоятельно искать новые сведения о мире – важнейшие черты нормального детского поведения. Исследовательская, поисковая активность – естественное состояние ребенка. Именно это внутреннее стремление к исследованию порождает исследовательское поведение и создает условия для того, чтобы психическое развитие ребенка изначально развивалось в процессе саморазвития.

На сегодняшний день для всех однозначно, что современных детей надо учить по-новому. Ребята должны быть увлечены в исследовательские проекты и творческие занятия. Тематическое планирование по программе «Илк кадам», дает воспитателю творческий подход в организации образовательного процесса с детьми дошкольного возраста. Поэтому проектно-исследовательская деятельность занимает прочное место в дошкольных образовательных организациях Узбекистана. Метод проектов, считается самым интересным и увлекательным процессом, как для детей старшего дошкольного возраста, так и для взрослых.

Знания, полученные в результате собственного исследовательского поиска, значительно прочнее и надежнее тех, что получены репродуктивным путем. Но в виду того, что самостоятельно

дошкольник еще не может найти ответы на все интересующие его вопросы – ему помогают педагоги и родители.

Решая различные познавательно-практические задачи вместе с взрослыми и сверстниками, дети приобретают способность сомневаться, критически мыслить.

Как показывает результаты психологических исследований, в процессе решения проблем дошкольники передают опыт сверстникам, подражают взрослым. Образец креативного поведения взрослого в нерегламентированной ситуации способствует формированию и проявлению творчества ребенка.

Метод проектов используется в реализации областей развития:

- физическое развитие и формирование здорового образа жизни;
- социально-эмоциональное развитие;
- речь, общение, навыки чтения и письма;
- развитие познавательного процесса;
- творческое развитие.

Государственная учебная программа дошкольного образования « Илк кадам», определяет содержание и организацию образовательного процесса и предусматривает его комплексно-тематическое планирование.

Темы многих проектов, реализуемых в старших группах, сочетаются с темами комплексных планов, что позволяет достигать высоких результатов в усвоении детьми определенных знаний.

Проектная деятельность обладает целым рядом характеристик, которые оказывают положительное влияние на развитие ребенка-дошкольника.

Прежде всего, в ходе проектной деятельности расширяются знания детей об окружающем мире. В первую очередь это связано с выполнением исследовательских и творческих проектов.

Кроме того, развиваются общие способности детей познавательные, коммуникативные, регуляторные. Выполнение проекта предполагает формирование оригинального замысла, умение фиксировать его с помощью доступной системы средств, определять этапы его реализации, следовать задуманному плану и т.д. Уже в дошкольном возрасте дошкольник приобретает навык публичного изложения своих мыслей.

В ходе проектной деятельности дошкольники приобретают необходимые социальные навыки - они становятся внимательнее друг к другу, начинают руководствоваться не только собственными мотивами, сколько установленными нормами.

Проектная деятельность влияет и на содержание игровой деятельности детей - она становится более разнообразной, сложно структурированной, а сами дошкольники становятся интересны друг другу.

Также проектная деятельность позволяет ребенку наполнить свою деятельность личностным смыслом, проявить себя активным субъектом познания, не задает жестких рамок, а является открытой, так как результат проекта не может быть заранее предопределен. Ребенку дается возможность проявить инициативу, самостоятельность и творчество.

Проектная деятельность развивает наблюдательность, творческое и критическое мышление, самодисциплину, культуру речи, позволяет участникам быть более активными в дошкольной жизни, способствует развитию у детей и педагогов навыков общения в группе, умение отстаивать и доказывать свою точку зрения, умения публичного выступления.

Проектная деятельность, основываясь на личностно-ориентированном подходе к обучению и воспитанию, в конечном итоге, должна способствовать развитию индивидуально-творческой деятельности педагогов в разработке стратегии, тактики и технологии образовательного процесса, способствовать личностному развитию воспитанников, обеспечить качественные результаты педагогической деятельности.

Метод проектов в работе с дошкольниками сегодня – это достаточно оптимальный, инновационный и перспективный метод, который должен занять свое достойное место в системе дошкольного образования.

Список использованной литературы:

1. Государственным требованиям к развитию детей раннего и дошкольного возраста Республики Узбекистан (18.06.2018г.№1-мх)

2. Государственная учебная программа «Илк кадам» (№ 4 от 7 июля 2018 г).
3. Веракса Н. Е., Веракса А. Н. Проектная деятельность дошкольников. 4.Пособие для педагогов дошкольных учреждений. – М.: Мозаика - Синтез, 2008.-112
4. Виноградова Н.А. Образовательные проекты в детском саду. Пособие для воспитатлей / Н.А. Виноградова, Е.П. Панкова. – М.: Айриспресс, 2008.- 215с..
5. Морозова Л.Д. Педагогическое проектирование в ДОУ: от теории к практике. - М.: ТЦ Сфера, 2010. - 128с.
6. http://old.regulation.gov.uz/ru/documents/2369.
7. https://nsportal.ru/detskii-sad/vospitatelnaya-rabota.

УДК 37:372.8

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

А.Ж.Сарсенбекова
Көктал орта мектебінің математика пәні мұғалімі, sarsenbek84@list.ru
Р.Б.Абдрахманова
Көктал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, rima_abdrakhmanova@bk.ru
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа*:* білім берудегі заманауи инновациялық технологияларды білім беру процесінде тиімді қолданудың маңызын көрсету

Міндеті:Инновациялық технологиялардың тиімділігін анықтау

Зерттеу нәтижелері: Білім берудегі заманауи инновациялық технологиялардың тиімділігі анықталды.Педагогикалық инновация-бұл қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізуге көмектесетін білім беру саласындағы жаңалықтар. Білім берудегі инновациялар деп педагогикалық технологияларды, оқыту әдістері мен құралдарының жиынтығын жетілдіру процесі түсініледі. Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық қызмет кез-келген оқу орнының білім беру қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Бұл білім беру қызметтері нарығында белгілі бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құруға негіз құрып қана қоймай, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби өсу бағытын, оның шығармашылық ізденісін анықтайды және оқушылардың жеке өсуіне ықпал етеді. Педагогикалық инновация-бұл педагогика саласындағы инновация, білім беру ортасына оның жекелеген компоненттерінің де, тұтастай алғанда білім беру жүйесінің де сипаттамаларын жақсартатын тұрақты элементтерді (инновацияларды) енгізетін мақсатты прогрессивті өзгеріс. Педагогикалық инновациялар білім беру жүйесінің өз ресурстары (дамудың қарқынды жолы) есебінен де, қосымша қуаттарды (инвестицияларды) — жаңа құралдарды, жабдықтарды, технологияларды, күрделі салымдарды және т.б. тарту есебінен де жүзеге асырылады.

Кілтті сөздер: білім, инновация, озық технологиялар, әдістер, оқушы

Аннотация: показать важность эффективного использования современных инновационных технологий в образовании в образовательном процессе

Задача:Определение эффективности инновационных технологий

Результаты исследования: Определена эффективность современных инновационных технологий в образовании педагогические инновации-это нововведения в сфере образования, которые помогают эффективно достигать поставленных целей. Под инновациями в образовании понимается процесс совершенствования педагогических технологий, комплекса методов и средств обучения. В настоящее время инновационная педагогическая деятельность является одной из важнейших составляющих образовательной деятельности любого учебного заведения. Это не только создает основу для создания конкурентоспособности конкретного учреждения на рынке образовательных услуг, но и определяет направление профессионального роста учителя, его творческий поиск и способствует личностному росту учащихся. Педагогическая инновация-это инновация в области педагогики, целенаправленное прогрессивное изменение, включающее в образовательную среду устойчивые элементы (инновации), улучшающие характеристики как отдельных ее компонентов, так и системы образования в целом. Педагогические инновации осуществляются как за счет собственных ресурсов системы образования (интенсивный путь

развития), так и за счет привлечения дополнительных мощностей (инвестиций) — новых инструментов, оборудования, технологий, капитальных вложений и т.д.

Ключевые слова: образование, инновации, передовые технологии, методы, студент.

Annotation: to show the importance of the effective use of modern innovative technologies in education in the educational process

Task: Determining the effectiveness of innovative technologies

Research results: The effectiveness of modern innovative technologies in education has been determined. Pedagogical innovations are innovations in the field of education that help to effectively achieve the goals set. Innovations in education are understood as the process of improving pedagogical technologies, a set of methods and means of teaching. Currently, innovative pedagogical activity is one of the most important components of the educational activity of any educational institution. This not only creates the basis for creating the competitiveness of a particular institution in the educational services market, but also determines the direction of the teacher's professional growth, his creative search and contributes to the personal growth of students. Pedagogical innovation is an innovation in the field of pedagogy, a purposeful progressive change that includes stable elements (innovations) in the educational environment that improve the characteristics of both its individual components and the education system as a whole. Pedagogical innovations are carried out both at the expense of the education system's own resources (intensive development path) and by attracting additional capacities (investments) — new tools, equipment, technologies, capital investments, etc.

Key words: education, innovations, advanced technologies, methods, student.

Білім беру жүйесінің дамуы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін енгізуді талап етеді. Педагогикалық білімнің жаңа саласы – инновациялық педагогикалық технологиялар – педагогикалық жаңалықтарды теориялық түсінумен, жіктеумен айналысады. Педагогикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар қоғамдағы жалпы процестерге, ғаламдық мәселелерге, білімдер мен формалардың интеграциясына байланысты әлеуметтік болмыс болып табылады. Қазіргі кезеңде дәстүрлі мектептің білім, білік, дағдыларды беруге бағытталғаны барған сайын айқындала түсуде.Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, оның инновациялық жұмыс режиміне енуі, шығармашылығының дамуында инновациялық педагогикалық технологиялар жетекші рөл атқарады.

Қазіргі таңда елімізде ұлттық білім беру саясатында елеулі өзгерістер орын алуда. Олар тұлғалық-бағдарлы педагогика позициясына көшуге ұмтылумен анықталады. Бұл білім беру үдерістерінің вариативтілігі жүзеге асырылған жағдайда ғана мүмкін болады, соған байланысты терең ғылыми және практикалық түсінуді қажет ететін оқу орындарының әртүрлі инновациялық типтері мен түрлері пайда болады.

Инновациялар немесе заманауи технологиялар адамның кез келген кәсіптік қызметіне тән және зерттеу, талдау және енгізу пәніне айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, ол жекелеген мұғалімдердің, тұтас ұжымдардың ғылыми ізденістерінің, озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен болуы мүмкін емес, оны басқару керек. Сондықтан қазіргі мектептерде инновациялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу және қолдану және оларды пайдаланудан жоғары нәтиже алу тақырыбы осы тақырыпқа үлкен қызығушылық танытуда.

Мектепті ақпараттандыру процесінің қалыптасқан тенденциясын түсіну маңызды: мектеп оқушыларының информатика туралы бастапқы ақпаратты игеруінен бастап, жалпы білім беретін пәндерді оқу кезінде компьютерлік бағдарламалық құралдарды қолдануға, содан кейін білім берудің құрылымы мен мазмұнын информатика элементтерімен қанықтыруға, ақпараттық технологияларды қолдану негізінде бүкіл оқу-тәрбие процесін түбегейлі қайта құруды жүзеге асыруға. Нәтижесінде, мектеп әдістемелік жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар пайда болады, ал мектеп түлектері болашақ еңбек қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды игеруге дайындалады. Бұл бағыт оқу жоспарына АКТ-ны зерттеуге бағытталған жаңа пәндерді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Қолдану тәжірибесі көрсетті:

а) қашықтықтан білім берудің әртүрлі формаларын қамтитын ашық типтегі мектептің ақпараттық ортасы оқушылардың пәндерді, әсіресе жоба әдісін қолдана отырып оқуға деген ынтасын едәуір арттырады;

б) оқытуды ақпараттандыру оқушы үшін тартымды, өйткені «мұғалім-оқушы» субъективті қатынастарынан «оқушы-компьютер-мұғалім» неғұрлым объективті қатынастарына көшу арқылы мектеп қарым-қатынасының психологиялық күйзелісі жойылады, оқушы еңбегінің тиімділігі

артады, шығармашылық жұмыстардың үлесі артады, мектеп қабырғасында пән бойынша қосымша білім алу мүмкіндігі кеңейтіледі, ал болашақта университеттің мақсатты таңдауы, беделді жұмыс жүзеге асырылады;

в) оқытуды ақпараттандыру мұғалім үшін тартымды, бұл оның еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді, мұғалімнің жалпы ақпараттық мәдениетін арттырады.

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының қажетті ақпаратты тауып, оны өңдеп, белгілі бір қорытынды жасай білуіне көп көңіл бөлінуде. Мектептердің алдына қойылған мақсат-міндеттердің өзгеруі нәтижесінде инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдану қажеттілігі туындады [1; 24].

Білім берудегі инновациялық технологиялар үш элементтің кешенімен ұсынылған:

1. Оқушыларға берілетін мазмұн. Қазіргі әлемге барабар құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл мазмұн жақсы құрылымдалған, мультимедиа түрінде көрнекі түрде ұсынылуы және заманауи коммуникациялар арқылы берілуі керек.

2. Оқыту әдісі, ол оқушыларды белсенді түрде тартуға бағытталуы керек. Білімді оқушылардың тікелей қатысуымен алу керек.

3. Ақпараттық, технологиялық, ұйымдастырушылық және коммуникациялық компоненттерді қамтитын оқыту құралдары.

Қазіргі білім беру технологияларының негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

- оқушылар арасында жаңа білімді одан әрі алуға, жұмыс істеуге және қайта оқуға мүмкіндік беретін іргелі білімдерді қалыптастыру;
- жеке тұлғаның шығармашылық типін, топтық және аналитикалық жұмысқа қабілеттілікті, төзімділікті, жобалық ойлауды қалыптастыру.

Олай болса, оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану қажет екені белгілі болды. Қазіргі уақытта мұғалімдер арасында жергілікті, аймақтық және бүкілресейлік деңгейде білім беруде инновациялық әдістерді енгізуге ынталандыратын көптеген байқаулар өткізілуде. Телекоммуникация желілерінде әртүрлі семинарлар өткізіледі. Жаһандық интернет желілерінде сабақта жаңашылдыққа мүмкіндік беретін көптеген ақпарат бар.

Қазіргі мектептердің педагогикалық қызметінде инновациялық технологиялардың үлкен арсеналы бар. Оларды оқу процесінде пайдалану мүмкіндігі мұғалімдердің өзгерістерді қабылдауға дайындығына және, әрине, оқу орындарының техникалық қамтамасыз етілуіне байланысты. Көп мектептерде сыныптар интерактивті тақтамен және мультимедиялық қондырғылармен қамтамасыз етілген, мұғалімнің орны интернетке қосылған дербес компьютермен немесе ноутбукпен жабдықталған.

Тәжірибелі мұғалімдер күнделікті жұмысында белсенді және интерактивті формаларды қамтитын инновациялық технологиялар мен заманауи оқыту әдістерін қолданады. Белсенді әдістер оқушылардың тікелей қатысуын, олардың оқу процесіндегі белсенді позициясын көздейді. Интерактивті формалар есту-визуалды қабылдау арқылы алынған білімді жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушылардың топтың бір бөлігі ретінде жұмыс істеуге, топтық білім алуға шақыратын, бірақ сонымен бірге жеке жауапкершілікті көтеретін оқытудың топтық формаларына жатады.

Нәтижесінде оқушыларға жаңа материалды алу, оны талдау дағдылары қалыптасады; оқығандарынан қорытынды жасауға, алынған мәліметтерді жалпылауға және жүйелеуге, талқылауға, пікірталас жасауға үйренеді. Әрине, оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдістерді қолдану қазірдің өзінде қажеттілікке айналып отыр. Дәстүрлі әдістер жаңаларына орын беруде, өйткені инновациялар өзін тез бағдарлайтын және дербес шешім қабылдауға қабілетті «жаңа» тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бірақ бұл дәстүрден инновацияға көшу өздігінен болмауы керек. Барлық өзгерістер мұқият жобалануы керек және бірнеше бағыттар бойынша: психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық және тікелей педагогикалық.

Осылайша, инновациялық технологиялар адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде білім беруде де қолданылады. Уақыттың өтуі және өмір салтының өзгеруі инновацияның қажеттілігін талап етеді. Кез келген жаңалықты енгізу стихиялық емес, ол жоспарлы, мұқият талданған процесс [2; 12].

Пәндік білім берудегі инновациялық технологияларды екі топқа бөлуге болады:

1. Жалпы технологиялар:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ);
- білім беру мен білім сапасын басқаруды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;
- дидактикалық;
- денсаулық сақтау.

2. Оқытудағы жеке көзқарасқа негізделген технологиялар:

- жеке тұлғаға бағытталған;
- инновациялық технологияларды енгізуге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- интеллектуалдық даму мониторингі;
- тәрбиелік;
- тереңдетілген оқыту технологиясы.

Білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу информатикамен әртүрлі білім салаларын біріктіруді көздейді. Бұл оқушылардың ойлауын ақпараттандыруға және олардың қазіргі әлемдегі ақпараттандыру процестерін түсінуіне әкеледі.

АКТ-ның артықшылықтарына мыналар жатады: оқытылатын материалдың көрнекілігі, жұмыстың шығармашылық стилі, әртүрлі тақырыптар бойынша кез келген ақпарат көзіне кедергісіз қол жеткізу, ақпаратты жаңартудың тиімділігі.

АКТ-ны қолдану арқылы оқушылардың халықаралық деңгейдегі түрлі деңгейдегі онлайн олимпиадаларға қатысады, әртүрлі пәндер бойынша жобалар дайындайды.

АКТ-ны сабақтарда қолданудың негізгі жағымды жағы аудиовизуализация арқылы жеткізілетін ақпаратты қабылдау мүмкіндігі болып табылады.

Бұл технологияларды мұғалімнің іс-әрекетінде қолдану мәліметтерді өңдеуге және сабаққа дайындалуға кететін уақытты қысқартуға болады.

Дегенмен, сабақта АКТ-ны қолдану барысында мұғалім пайдаланатын техникалық құралдар мұғалім ретінде оны алмастырмайтынын, тек қажетті материалды неғұрлым анық және көрнекі түрде беруге мүмкіндік беретінін ұмытпауы керек.

Білім беру мен білім сапасын басқаруды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету. Бұл технологияны қолдану баланың, сыныптың, қатарлас сыныптар тобының және жалпы мектептің уақыт бойынша дамуын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушылардың пәндерді меңгеруін бақылау, жекелеген мұғалімдердің жұмысын бақылау процестерінің құрамдас бөлігіне айналды. Бұл технология АКТ қолданумен бірге тиімдірек жұмыс істейді. Жарқын мысал ретінде «Network City» жүйесінде жеке оқушының және жалпы мектептің жетістіктерін олардың динамикасы бойынша бақылауға болатын электронды күнделіктер мен электронды журналдардың енгізілуін айтуға болады [3; 48].

Инновациялық білім беру технологиялары сан алуан және көп. Біз бұл жұмыста ең жиі қолданылатындарын сипаттауға тырыстық. Қазіргі кездегі білім берудің басты мақсаты – айналадағы өзгерістерге тез бейімделетін, тез бейімделетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолданудағы мұғалімдердің қалыптасқан тәжірибесі мектептерде тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану арқылы бұған қол жеткізуге болмайтынын көрсетеді. Сабақта оқытудың жаңа формаларын қолдану бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: оқушылар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру; білім беру процесінің субъектілерінің өзара әрекеттесу сипатын өзгерту, оқушылардың ынтасын арттыру.

Инновациялық технологиялардың қажеттілігі даусыз. Оларды қолдану арқылы сабақтар қызықты және тартымды болады. Оқушылар оқудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізуге мүдделі, бұл түптеп келгенде білім сапасын арттырады.

Қорытындылай келе, мұндай инновациялық технологияларды қолдану мектеп оқушыларының сабақ сапасына да жоғары деңгейге көтереді, өйткені әрбір сабақтың үдерісі оқушының да, ұстаздың да жауапкершілігін арттырады.

Пайдаланған әдебиттер тізімі:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011- 2020 годы
2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2015 -2016 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 232 с.

3. Ахметова Г.К., Семченко А.А., Мухамбетжанова С.Т. Методика внедрения системы электронного обучения в организациях образования. Методическое пособие. - Алматы: РИПК СО, 2012. - 76 с.

ӘОЖ 373.1.013

САНДЫҚ САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ

М.Б. Сейділда
«Абланов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, seidildayevam@gmail.com
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Мақалада мұғалімдердің цифрлық сабақ жоспарын құру кезінде өздеріне қоятын сұрақтары қарастырылған. Сондай-ақ сандық сабақ жоспарының негізгі компоненттерін түсіндірілген. Сонымен қатар, онлайн сабақ жоспарын дайындау, сыныпты тиімді басқару үшін цифрлық сабақты жоспарлау және қосымша идеялар мен цифрлық сабақ жоспарын шабыттандыру туралы ақпараттар қамтылған. Қазіргі уақытта көптеген мұғалімдер оқытуды сандық технологиялармен оңтайландыруда. Сандық сабақ жоспарын қалай жазу керектігін түсіну қажеттілігі бұрынғыдан өзекті болып отыр. Бақытымызға орай, бізде онлайн оқыту бойынша тәжірибеміз бар.

Кілтті сөздер: сандық сабақты жоспарлау, оқу мақсаты, онлайн сабақ жоспары.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы, которые задают себе учителя при создании цифрового плана урока. Также объясняются основные компоненты цифрового плана урока. Также включена информация о подготовке онлайн-плана урока, цифровом планировании урока для эффективного управления классом, а также дополнительные идеи и вдохновение для цифрового плана урока. В настоящее время многие учителя оптимизируют свое обучение с помощью цифровых технологий. Необходимость понять, как написать цифровой план урока, актуальна как никогда. К счастью, у нас есть опыт онлайн-обучения.

Ключевые слова: цифровое планирование урока, цель обучения, онлайн-план урока.

Annotation: This article discusses the questions that teachers ask themselves when creating a digital lesson plan. The main components of a digital lesson plan are also explained. Also included is information on preparing an online lesson plan, digital lesson planning for effective classroom management, and additional ideas and inspiration for a digital lesson plan. Nowadays, many teachers are optimizing their teaching with the help of digital technologies. The need to understand how to write a digital lesson plan is more relevant than ever. Fortunately, we have experience with online learning.

Key words: digital lesson planning, learning objective, online lesson plan.

Қазіргі уақытта көптеген мұғалімдер оқытуды сандық технологиялармен оңтайландыруда. Сандық сабақ жоспарын қалай жазу керектігін түсіну қажеттілігі бұрынғыдан өзекті болып отыр. Бақытымызға орай, бізде онлайн оқыту бойынша тәжірибеміз бар. Бұл мақалада біз мұғалімдердің цифрлық сабақ жоспарын құру кезінде өздеріне қоятын сұрақтарын қарастырамын. Сондай-ақ сандық сабақ жоспарының негізгі компоненттерін түсіндіремін (мысалдармен). Сонымен қатар, онлайн сабақ жоспарын дайындау, сыныпты тиімді басқару үшін цифрлық сабақты жоспарлау және қосымша идеялар мен цифрлық сабақ жоспарын шабыттандыру туралы ақпаратпен бөлісемін.

Сіздерде сандық сабақ жоспары қалай жасалады деген сұрақ туындауы мүмкін. Сабақтарды цифрлық жоспарлау оқу бағдарламасының тақырыптарын жүзеге асырудағы қажетті алғашқы қадам болып табылады. Осы мақсаттарға жетудегі прогресті өлшеу үшін нақты анықталған оқу мақсаттары, міндеттері және өлшемдері бар онлайн сабақ жоспарын құру студенттердің сіздің цифрлық сабақтарыңыздан барынша пайда алуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Өзіңізге онлайн сабақтарыңыздың құрылымы мен артықшылықтарына, сондай-ақ оқушыларыңыздың

қажеттіліктеріне қатысты сұрақтар қойыңыз. Сандық сабақ жоспарын құру кезінде сұралатын кейбір нәрселер:

Бұл сабақтың мақсаты/міндеті қандай?

Бұл сабақты тиімді өткізу үшін қандай материалдар қажет?

Оқушыларыма осы сабақты үйренуге көмектесетін ең жақсы әрекеттер қандай?

Әр іс-әрекет үшін қандай өлшемдер жақсы және оқушыларға оқу процестерінде жақсы көмектеседі?

Сыныптың ұжымдық және жеке стильдері мен оқу қажеттіліктерін қарастырыңыз. Сіздің оқушыларыңыз сіз ұсынатын оқулықтар мен веб-сайттарға қарағанда өздерінің зерттеу мәтіндерін табуға көбірек жауап бере ме? Сізде ақпаратты өңдеуге көмектесу үшін физикалық белсенділікті қажет ететін көптеген практикалық тапсырмалар болуы мүмкін. Сандық сабақтың жоспарын жасау бірқатар қиындықтар тудыруы мүмкін, бірақ оны жасауға болады.

Оқушыларға онлайн іс-шаралар мен сабақтарға қатысуға мүмкіндік беру үшін қосымша көмек қажет болатын кез келген ерекше қажеттіліктер мен кедергілерді есте сақтаңыз. Сіздің сандық сабақ жоспарыңыз да нақты жазылған, қысқа және қолдануға және жүзеге асыруға оңай болуы керек.

Онлайн сабақ жоспарларын осылай жазу арқылы сіз кез-келген алмастырушы мұғалімдерге жол картасын ұсына аласыз, олар сіз болмаған кезде ұстанады.

Сандық сабақ жоспарының негізгі компоненттері мысалдармен ұсынылады. Сіздің онлайн сабақ жоспарыңыз мыналарды қамтуы керек:

1.Мақсат немесе оқу мақсаттарын қою

Мақсаттар сіздің сандық сабақ жоспарыңыздың негізі болып табылады. Олар нақты көрсетілуі керек және студенттер сабақ нәтижесінде қандай дағдыларды, білімді немесе түсінікті алуы керек. Мысалы: "осы сабақтың соңында оқушылар Қазақстан өнеркәсібі салаларының 50 саласын бақылап, анықтай алады". Сіздің мақсаттарыңыз нақты, өлшенетін және сіздің мектебіңіздің немесе сынып деңгейіңіздің білім стандарттарына сәйкес келетінін есте сақтаңыз.

2.Қажетті материалдар

Барлық қажетті материалдардың тізімін жасаңыз және олардың сабақтан бұрын қол жетімді екеніне көз жеткізіңіз. Бұған сандық оқулықтар, PDF файлдары немесе басқа онлайн оқу ресурстары кіруі мүмкін. Студенттерге оңай ұсынылатын материалдардың сандық көшірмелері бар екеніне көз жеткізіңіз. Сабаққа қажет кез келген сілтемелерді немесе медианы қосыңыз. Сіздің сайттарыңыз бетбелгіленгеніне және ойнату тізімдері алдын-ала жасалғанына көз жеткізіңіз.

3.Тапсырма және нұсқаулар

Сандық сабақ немесе жаттығу барысы туралы және нұсқауларды қалай беру керектігі туралы егжей-тегжейлі жазбалар жасаңыз. Мүмкін сіз студенттерге алдын-ала айтқыңыз келмейтін белгілі бір ақпарат бар шығар, бірақ сіз оларды бүкіл сабақ барысында ашқыңыз келеді. Сіздің онлайн сабақ жоспарыңыздың үлгісі оны оқыған кез келген адамда бірдей ақпарат пен сабақты тиімді оқыту мүмкіндігі болуы үшін жеткілікті егжей-тегжейлі болуы керек.

1. Сабақтар мен іс-шараларға арналған топтардың өлшемдері

Жеке адамдар, жұптар, шағын топтар және бүкіл сыныптағы жұмысты қоса алғанда, сабақтарыңыздағы іс-шаралар үшін топтардың комбинациясын қолданған дұрыс. Мұны онлайн сабақтар үшін жеңілдету үшін чат пен бейне қызметтерін пайдалануға болады. Өз іс-әрекетіңізді жоспарлағанда, әр іс-әрекет үшін қай топтар жақсы жұмыс істейтінін немесе қай топ өлшемдері олар үшін жақсы жұмыс істейтінін таңдау мүмкіндігі болатынын қарастырыңыз.

2. Оқушылардың мақсаттарға жетудегі үлгерімін бағалау әдісі

Сіздің цифрлық сабақ жоспарыңыз оқу мақсаттарына жету мақсатына жеткенін қалай анықтайсыз? Онлайн сабақ жоспарында бағалау процесін егжей-тегжейлі сипаттаңыз (ауызша тест, жазбаша тест, жоба және т.б.) және студенттер үшін не жұмыс істегені және не істемегені туралы Кері байланыс алыңыз. Сабағыңыздың сәттілігін анықтау үшін қандай құндылықтар қолданылатынын анықтаңыз (мысалы, оқушылар 80 пайыз оқу мақсатына сәйкес білімді түсінуді көрсете алады). Оқуды кеңейту үшін сабағыңызды кез келген тиісті үй тапсырмасымен жалғастырыңыз. Үй тапсырмасын орындау оқушылардың оқуын кеңейтуге көмектеседі.

Сабақ жоспарын Онлайн дайындау

Цифрлық сабақ жоспарларын іске асырар алдында кешіктірмей аяқтауға тырысыңыз. Ағымдағы аптаның мақсаттарына жету барысын бақылауға және сабақты келесі аптаға ұзарту қажет пе екенін анықтауға уақыт беріңіз.

Кейбір мектептер мен аудандар сабақ жоспарларын құру үшін сабақты жоспарлау оқулықтары мен үлгілерін пайдалануды талап етеді. Егер олай болмаса, сіз өзіңіздің онлайн сабақ жоспарының шаблонын жасай аласыз немесе оны веб-сайттан жүктей аласыз. Кейбір нұсқаулар мен тәжірибелермен сіз өзіңіздің сабақ жоспарыңызды қалай құруға болатындығын білуге дайын боласыз.

Сыныпты тиімді басқару үшін сандық сабақты жоспарлау

Сандық сабақты жоспарлауоқушыларға олардың оқуын жақсы қолдайтын тұрақты онлайн сынып ортасын қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады. Жас тобына қарамастан, студенттер өздері қатысатын және процесс туралы білетін болжамды процедураларға жақсы жауап береді және әрі қарай не болатынын болжай алады.

Тұрақсыз уақытта оқушылар оларды хабардар ету үшін мектеп тәртібіне қарайды. Сабақ жоспарларыңызды интернетте оқушылар, орынбасарлар және ата-аналар оларды көре алатын және оқу жоспарыңыздан оңай хабардар болатын бірнеше көрінетін жерлерде орналастырыңыз.

Оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеретін мұғалімдерге арналған цифрлық сабақ жоспары оқушылардың қатысуы мен қатысуын жеңілдету үшін үлкен маңызға ие. Оқушыларыңыздың бір апта ішінде немесе аяқталған сабақтың соңында сабақ туралы кері байланыс беруге шақырыңыз және қандай элементтер жақсы және нашар жауаптарға әкелгеніне назар аударыңыз.

Жеке ұялы телефондар қалыпты жағдайға айналған кезде мектеп басшылары мектепте не рұқсат етілетінін алдын ала шешуі керек. Бұл шешімдер мұғалімнің, әкімшіліктің немесе ауданның жеке шешімдерінің жалғасы ретінде басталды. Алайда уақыт өте келе келісілген параметрлерге қажеттілік бар екені белгілі болды. Ұялы телефондарға толық тыйым салу немесе сабақ кезінде шектеулер болсын, мектептер оқыту мен оқудың пайдасына жүйелер құруы керек. Бүгінгі таңда біз білім беруде осындай проблемаға тап болдық, өйткені көптеген оқушылар мектептегі сандық құрылғылар мен онлайн ресурстарға қол жеткізе алмайды. Технология дамыған сайын оларға деген қажеттілік артып келеді. Технологияны сыныпта барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз етпес бұрын, бірінші маңызды қадам-технологияны мақсатты енгізу.

Оқушылардың нәтижелеріне баса назар аудара отырып, технологияларды енгізу мектептерде технологияны қолдану туралы шешім қабылдаған кезде дұрыс сұрақтармен мәселені тұжырымдау маңызды. «Бұл жаңа технология студенттер үшін не істей алады?» Цифрлық ресурстар мен онлайн құралдар әзірленіп, оқушылардың қысқа және ұзақ мерзімді оқу нәтижелерін жақсартумен тікелей байланысты болуы керек. Өнімнің сипаттамаларына емес, нәтижелерге назар аудару — «қоңыраулар мен ысқырықтар» — мұғалімдерге сыныптардағы әділеттілік пен жетістіктерді қамтамасыз ету үшін шешімдерді жақсырақ үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қандай технологияларды қабылдау керектігі туралы шешім қабылдауға көмектесу үшін оқытушылар оқу ғылымымен кеңесуі керек. Оқыту ғылымдары біздің миымыз ақпаратты қалай түсінетіні туралы неврологияға негізделген және олар бізге технология дұрыс қолданылған кезде оқуды бірегей түрде жақсарта алатынын айтады.

2022-2023 оқу жылының басталуы сыныптарды қалыпты жағдайға келтірді, бірақ мұғалімдер әлі де қашықтан оқыту оқу мәселесін шешудің қиын міндетіне айналғандай. Қиындық мұғалімдердің көпшілігінің сандық сауаттылық жәредесі мен техникалық қамтамасыз етілуі үлкен себеп болып отырғандай.

Интернет-бұл үлкен және алуан түрлі орын, және ол керемет оқу құралы бола тұра, тез арада алаңдаушылық тудыруы немесе тіпті қауіп төндіруі мүмкін. Күн сайын бүкіл әлем бойынша 547 200-ден астам жаңа веб-сайттар және әр минут сайын YouTube-те жарияланған 500 сағаттық жаңа бейнежазбалар шығады. Сол себепті сандық мүмкіндіктерді қолдануда мектепте шектеулер қою маңызды деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Образование и XXI век: Информационные и коммуникационные технологии. – М.: Наука, 1999.-191с.
2. https://www.goguardian.com/blog/how-to-write-a-digital-lesson-plan
3. https://www.goguardian.com/distance-learning

ӘОЖ: 373.1.02:372.8

«БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ» ТАРИХ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

А.Б.Сейсебаева
Берікқара орта мектебінің кәсіптік бағдар беру педагогі,
тарих және география пәні мұғалімі
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

С.Б.Болатова
директордың бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары
тарих пәні мұғалімі, samal_bolatova@bk.ru

Аңдатпа: Өскелең ұрпақ заман талабына сай сапалы, терең білім алуы қажет. Оқушылардың бойына асыл қасиеттермен қатар сапалы білімді де сіңіру аса маңызды. Жас ұрпақты жан- жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру өзекті мәселе. Бүгінгі ғылым мен техниканың шарықтап дамуына байланысты, әрбір оқушы сауаттылықты алдыңғы орынға қоюы қажет. Сапалы білімге қатысты тың мәліметтерді пайдалану оң нәтижелер шығару маңызды. Білімді ұрпақ жарқын болашақтың кепілі. Оқушы жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптаса білсе, болашағымыз баянды, білім сапасы айтарлықтай жемісті жетістіктер көрсететіні анық.

Кілтті сөздер: білімді ұрпақ, оқушы, ата-ана, үлгерімі төмен оқушы

Аннотация: Подрастающее поколение нуждается в качественном, углубленном образовании в соответствии с современными требованиями. Наряду с благородными качествами очень важно прививать учащимся качественные знания. Формирование молодого поколения как всесторонне развитой личности является актуальной задачей. В связи с бурным развитием современной науки и техники каждому учащемуся необходимо уделять первостепенное внимание грамотности. Для получения положительных результатов важно использовать свежие данные, касающиеся качественного образования. Образованное поколение – залог светлого будущего. Если учащийся сможет сформировать всесторонне развитую личность, то ясно, что наше будущее будет светлым, а качество образования покажет значительные плодотворные достижения.

Ключевые слова: образованное поколение, ученик, родитель, слабоуспевающий ученик

Annotation: The younger generation needs high-quality, in-depth education in accordance with modern requirements. Along with noble qualities, it is very important to instill high-quality knowledge in students. The formation of the young generation as a comprehensively developed personality is an urgent task. Due to the rapid development of modern science and technology, every student needs to pay primary attention to literacy. To get positive results, it is important to use fresh data on quality education. An educated generation is the key to a bright future. If the student is able to form a fully developed personality, it is clear that our future will be bright, and the quality of education will show significant fruitful achievements.

Key words: educated generation, student, parent, low-performing student

Мақсаты: Әрбір оқушы еліміздің ертеңгі жарқын болашағы екенін кеңінен насихаттай отырып, жаңа заман талабына сай шәкірттерді бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуын, оқушы өз болашағы үшін аянбай тер төгу керектігін, бүгінгі ұрпақ ел үшін ерен еңбек етулерін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Білімді ұрпақ тәрбиелеу еліміздің еңселі ертеңі екенін ұғындыру.
2. Болашағымыздың берік тұтқасы болар өскелең ұрпақты жаңашылдыққа тәрбиелеу.
3. Қоғам үшін жеке тұлғаның өзіндік маңызы зор екенін дәріптей отырып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан рухани және материалдық қолдауларды тиімді пайдалануға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың сапалы білім алуға деген жаңашылдық ұстанымдары артады.
2. Сапалы білім алу, заман талабына сай тұлға болып қалыптасу мемлекет үшін маңызы зор екендігін түсінеді.
3. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулардың, баянды болашақ үшін екенін сезінеді.
4. Әлемдік бәсекеге қабілетті болудың маңызы зор екендігін ұғынады.
5. Ұстаздар тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен жанашырлықтың өз өмірлері мен жарқын болашақтары үшін екенін ұғады.

Елдің ертеңі - бүгінгі болашақтың қолында. Білім сапасын арттыру бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Болашақ жастарымыздың кемелді келешегі үшін жұмыла жұмыс жасауымыз қажет, сонда ғана оң нәтижелер болатыны айқын. Ел боламын десең, бесігіңді түзе деп аға буын өкілдері тегін айтпаған. Мемлекетіміздің дамып, өркендеп, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуы үшін сапалы білімнің маңызы орасан зор. Білім сапасын арттырудың басты шарттары оқыту теориясын дамыту, орынды қолдану болып табылады. Білім сапасын арттыру жолындағы негізгі мақсаттардың бірі, оқушы жұмысын талдау, үлгерімі төмен оқушының білім сапасы арттыру үшін талдау жасап отырудың да маңызы зор. Мен география сабақтарында болжау әдістерін көп қолданамын, бұл тәсілім үнемі оң нәтиже көрсетуде. Әр әдісті орынды, тиімді қолданған кезде ғана, нәтижесін көрсетеді. Білім сапасын арттыруда тек оқулықтармен ғана шектелмеймін, қосымша оқу-материалдық қорымды толықтырып, жақсартып отырамын. Тақырыпқа байланысты көрнекі құралдарды толық жабдықтап отырамын. Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жасағанда олардың ерекше қамқорлықпен қолдауға зәру екендерін байқадым. Мұғалім оқушымен жұмыс жасағанда шеберлігін шыңдап отыруы қажет. Әрбір қолданылған тәсіл оқушыға оң әсер беруі қажет, себебі үйлесім болған жағдайда ғана жетістікке жете аламыз. Оқушымен жұмыс жасаған кезде, мұғалім үнемі оны зерттеп, ерекше ықыласпен қарағаны маңызды. Себебі, әр бала қайталанбас тұлға. Оларға мейірім төгіп, ықыласпен қарауымыз қажет.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасағанда негізгі алдыға қоятын мәселелер өте көп. Мәселен, оқушылардың алдына мақсат қоя білуі , қосымша материал тапсырмаларымен жұмыс жасай білуі, мұғалімнің көмегімен қолдауын тиімді әрі өз қажеттіліктері үшін дұрыс пайдалануы тағы сол сияқты. Оқушылардың ойлау әрекетін дұрыс ұйымдастырып, берілген тың мәліметтерді бойларына сіңіруді мен алдыңғы қатарға үнемі қойып отырамын. Мен үшін бұл әдістер өте маңызды. Берілген мол мәліметтерді оқушы жақсы қабылдап, ұғынуы, есте жақсы сақтай білуі білім беріктігін қамтамасыз етеді. Мұғалім мектептің айнасы деп бекер айтылмаған. Себебі, әр бала осы ұлы сөзден, мәртебелі мамандық иесі, ұлағатты ұстаздардан білім нәрін алып, бойына тәлімі мол тәрбие сіңіреді. Мен, өз мамандығымды мақтан тұтамын. Ұстаздық ету менің бала кезімдегі арманым десем артық айтпаған болар едім. Бүгінде ұстаз атанып, бала бойына кемел білім мен тәрбиенің тал бесігін сіңіріп жүргенімді мақтан тұтамын. Себебі, әр бала біздің болашағымыз, ертеңгі үкілі үмітіміз. Бала мен ұстаз арасында үлкен кіршіксіз таза тұнық байланыс бар. Осы мөлдір таза байланысты үнемі ұлағатты ұстазбен оқушы аялап, кіршіксіз таза ұстауы керек. Шәкірт ұстазына қарап бой түзейді, болашағына деген сенімін нықтайды. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты, бүгінгі білім мен ғылым саласы айтарлықтай дамып, өркендеу үстінде. Бүгінгі шәкірттеріміз осы ұлы көштен қалмай, дамып, кемелденіп отыруы керек.

Әр баланың бойына тәлім мен білім нәрін сеуіп жүргеніме, өзімді бақытты санаймын. Себебі, әр шәкіртімнің алдыға жылжып, толық қанды дамып жатқаны мені қуантады. Шәкірттерімнің қуанышы, жүздеріндегі кіршіксіз таза күлкілері мен маған деген құрметтері көңілімді көкке жетелейді. Ұлт болашағы бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Ертеңімізбен елдігіміздің баянды болашағы ұрпаң еншісінде болғандықтан, сол ұрпақты тәрбиелеумен білімді тұлға ретінде қалыптастыру жолында ұстаз еңбегі орасан зор. Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеруде ұстаздармен қатар ата, аналардың да рөлі үлкен. Себебі, бала жақсы оқып кетуі үшін біліммен қатар оларға қамқорлық, мейірім, қолдау ауадай қажет. Сан жылдар өтседе ұлағатты ұстазды құрмет тұту, оларға бас иу жалғасын табуда. Бұл құрметтің барлығы ұстаз болмысының өте жоғары, әрі биік екенін дәлелдеуде. Ата-ана тәрбиесінен кейін, бала тәрбиесімен айналысатын осы біздің тұғыры биік ұстаздарымыз. Өскелең ұрпақ күн нұрындай жарқыраған ұстаз бейнесінен: тек кемел білім мен саналы тәрбие ғана алып қоймай, асыл қасиеттерді де бойына сіңіреді. Білікті ұстаз білімімен ғана емес, шәкіртке деген сүйіспеншілігімен, мейірім шапағатқа толы жүрегімен есте қалады. Тарих және география

сабағы қызықты пән болғандықтан, оқушылардың назарын сабаққа аудару маған қиындық тудырған жоқ. Оқушы санасына білімді сіңіруден бұрын, әр оқушыны жетік зерттеуге тырыстым. Себебі, баланың жан дүниесімен психологиясын, мінезін жақсы зерттеп, түсіну өте маңызды. Тапсырмаларды алғаш деңгейлеріне қарай ұйымдастырып жасадым. Мысалы, Қазақстанның физикалық, саяси картасымен жұмыс жасағанда, Қазақстанның экономикалық аудандарымен, өзен көлдері, климаты, пайдалы қазбаларын, тұрмыстық салт-дәстүрі және атақонысын өңір бойынша талдау жасатып, картамен жұмыс жасауларын бір жүйеге келтіріп, үйрете бастадым. Қазақстан картасын толық меңгергеннен кейін, дүниежүзінің саяси картасымен мұхиттар, дүниежүзілік мұхит сулары, бұғаздар мен шығанақтар туралы білімдерін шыңдадым. **Қазіргі кездегі жаңартылған білім беру негізінде оқу әрекетін ұйымдастыруда жеке тұлғаның өзін-өзі таныту тетіктерін, ғылыми ойлау әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби мақсаттарын қалыптастыруды қамтамасыз ету қажеттілігі бірінші орында. Бүгінгі таңда педагогтың міндеті оқушыларды білім мөлшерімен жабдықтау емес, білімді өз бетімен алу үшін жағдай жасау болып табылады. Осыған орай, география пәнінің оқытылу сапасын жақсарту, оқыту әдістемесін ғылыми зерттеу нысанына ала отырып, ізденістер жасау, оны тікелей іс-тәжірибе арқылы дәлелдеуге қол жеткізу кезек күттірмейтін маңызды мәселеге айналуда.**

Тарих және географиядан білім беру оқушылардың мәтінді түсіне оқып, жан-жақты талдау жасаумен ерекшеленеді. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиеленуі бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Тарих және география пәнін оқытуда оқушының адамзаттық құндылықтарды игеруі жаратылыстану, табиғат байлықтарын, туған өлкенің байлықтарын түйсінуі арқылы бойына сіңірілмек. Ол үшін сабақта әр оқушының өзінің интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің шыңына жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін, қажеттігі туындайды. Заманауи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. «Үлгерімі төмен оқушыны зерттеу» үрдісінің түйінді сипаты креативтілік пен ғылыми дәлдік болып табылады. Білім беру саласында оқушылардың танымдық білімін қалыптастырумен қатар білік-дағдыларын дамыту да тең дәрежеде қарастыру қажеттілігі танылып отыр. Білім берудің жаңа мазмұны бойынша сабақ үрдісінде берілетін теориялық білімді оқушылардың өмірде қолдана білуіне жан-жақты басымдық берілген.

Сөзімді қорыта келе, оқушыны бөліп қарауға болмайды, мейірім шапағатымызды бәріне бірдей бөлуіміз керек. Білім нәрімен тәрбиені оқушыларға жалпы түрде арнау керек. Сабағымда үлгерімі төмен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, біліммен сусындату үшін төмендегі **критерийлерді** ұсынамын.

1. Үлгерімі төмен оқушыға ерекше көңіл бөліп, сырласа білу керек, яғни үлгерімін көпке жариялап, ыңғайсыз күйге қалдырмау керек. Себебі, мұндай жағдайдан кейін оқушы мүлдем басылып қалуы мүмкін.

2. Оқушымен сырлас дос ретінде сөйлесу керек, оның жан дүниесін жақсы түсіне білуде өте маңызды. Себебі, мұғалім оқушыны толық зерттеп, білгеннен кейін тіл табысу жақсы орнайды. Нәтижесінде оң нәтижелер көрініс табады.

3. Ата-анасымен үнемі байланыста болып отыру керек.

4. Баланың бойына жауапкершілікпен ұқыптылықты сіңіре білу керек.

5. Бала мектеп үшін емес, мектеп пен ұстаз бала үшін жұмыс жасайтынын үнемі ұстаз өз жадында сақтауы қажет.

6. Баланы қажетті көрнекіліктермен молынан қамтамасыз ету, баланың пәнге деген қызығушылығын арттыратыны белгілі, тақырыппен тапсырмаларға сай дидактикалық материалдар қоры мол болғаны өте маңызды.

7. Оқушы оқулықпен шектеліп қалмай, үнемі ізденіс үстінде болуы керек, мұғалім оқушыларға үнемі бағыт- бағдар беріп отыруы керек, оқушы заман талабына сай стандарт көрсетуі үшін БАҚ- үнемі қолданып отыру өте маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану.- Алматы, 2015. – 180 б.

УДК 37:001.12/.18

ПРЕИМУЩЕСТВА ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

И.Б. Назаров
УзНУ имени Мирзо Улугбека, Факультет Социальных Наук
студент 3 курса ismoiljonnazarov3003@gmail.com
г. Ташкент Узбекистан

Аннотация: В данной статье описывается уникальность системы образования, которая сегодня получает широкое распространение и популярность в нашем обществе, и необходимые факторы для ее развития. Кроме того, включены необходимые советы по развитию дистанционного обучения.

Ключевые слова: Дистанционное образование, корректирующая педагогика, дуальное образование, всемирная новостная сеть.

Аңдатпа: Бұл мақалада бүгінгі таңда біздің қоғамда кең таралған және танымал болып келе жатқан білім беру жүйесінің бірегейлігі және оны дамыту үшін қажетті факторлар сипатталған. Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуды дамыту бойынша қажетті кеңестер енгізілген.

Кілтті сөздер: қашықтықтан білім беру, түзету педагогикасы, дуальды білім беру, Дүниежүзілік жаңалықтар желісі.

Abstract: This article describes the uniqueness of the education system, which is becoming widespread and popular in our society today, and the necessary factors for its development. In addition, the necessary tips for the development of distance learning are included.

Keywords: Distance education, corrective pedagogy, dual education, world news network.

Введение

В сегодняшнюю современную эпоху увеличивается количество молодых людей, которые стремятся учиться и получать различные виды знаний. Вот почему страны мира и многие люди хотят облегчить процесс обучения и изучить его в полной, разумной и тщательной форме. Для удовлетворения таких желаний в мировом сообществе возникает множество форм образования. Примерами этого являются дуальное образование, инклюзивное образование, экстернат и дистанционное образование.

Анализ реформ и методология

Согласно принятой 23 сентября 2020 года новой редакции Закона «Об образовании» в Республике Узбекистан создана современная форма получения образования, которая до сих пор не была известна в законодательстве. Данный вид обучения является разновидностью дистанционного образования, и в нашем законодательстве он тарифицируется следующим образом: «Дистанционное образование направлено на получение обучающимися необходимых знаний, умений и навыков в соответствии с учебными планами и учебными программами на расстоянии с использованием информационно-коммуникационных технологий и всемирной информационной сети Интернет».[1] Из этого объяснения также видно, что эта форма обучения в основном осуществляется дистанционно через информационно-коммуникационные системы или социальные сети. Как известно, в развивающемся современном мире большое внимание уделяется вопросу времени, что создает необходимость ускорения и полного освоения учебного процесса. Если говорить о преимуществах дистанционного образования, то, прежде всего, посредством дистанционного образования можно воспитать большую часть общества как высокообразованного человека. В то же время налаживание процесса дистанционного обучения принесет большую выгоду по финансовым затратам обучающихся. Мы можем включить освобождение от проживания, транспортных расходов и других социальных выплат. В то же время возможно решение некоторых проблем, возникших в коррекционной педагогике. В качестве примера тому в значительной степени будет решена кадровая проблема, существующая в коррекционной педагогике, или же будут предотвращены психологические процессы, возникающие при обучении их (дефектных детей).

Во время и после пандемии COVID-19 процесс дистанционного обучения значительно изменился. Потому что временное закрытие многих вузов и государственных учреждений ускорило развитие дистанционного образования в образовательных процессах. Многие университеты также обратились к дистанционному обучению для предоставления образования, что открыло вместо этого эффективные способы использования дистанционного обучения.

Обсуждение

Если говорить о проблемах в процессе дистанционного обучения, то, в первую очередь, у студентов могут возникнуть такие проблемы, как отсутствие подключения к Интернету, отсутствие мотивационных факторов, готовность принимать ответы от старшеклассников или получать их через Интернет. Кроме того, у иностранных студентов может быть разница во времени. Хотя такие проблемы являются специфическими проблемами дистанционного образования, я надеюсь, что они не будут тормозить развитие дистанционного образования. Одним из самых распространенных видов дистанционного обучения в современном образовании на сегодняшний день, безусловно, являются онлайн-курсы. Сегодня самые мощные учебные заведения мира предлагают множество видов онлайн-курсов, что, в свою очередь, способствует развитию дистанционного образования.

Результат

Дистанционному виду образования отводится широкая роль в решении многих проблем, возникающих в современном образовательном процессе. Это является основой для того, чтобы дистанционное образование стало одной из основных опор в развитии современного образовательного процесса. В качестве примера могу сказать, что дистанционное образование — это уникальный вид обучения в виртуальном мире. Это показывает гибкость образования в эпоху, когда в современном мире многое становится виртуальным. Время покажет, будет ли введение дистанционного обучения в непрерывное образование правильным или неправильным. Но стоит отметить, что многие онлайн-курсы и онлайн-психологические тренинги уже показали свою эффективность. Если избежать перечисленных выше недостатков дистанционного образования, то это однозначно станет одним из самых распространенных видов образования в современном мире.

Заключение

В целом использование дистанционного образования будет одним из основных направлений на будущее. В период, когда основная база всего образования становится электронной, эта форма обучения значительно упрощает процесс обучения и является основой для экономии больших денег. Кроме того, используя дистанционное обучение, можно задействовать небольшое количество специалистов для осуществления научного процесса в нескольких странах одновременно.

Список использованной литературы:

1. Закона Республики Узбекистан «Об образовании». Статья 16.
2. Kyriaki Raouna: Distance Learning: What It Is and Why It’s Important: October 23, 2022
3. What is Distance Learning and Why is It Important Now? *By* Kotobee March 31, 2020
4. Natalie B. Milman, in, History of Distance Education, 2015.

УДК 37.02;371

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ф.К.Мажинова
Жамбыл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, fari70@Яндекс.kz
Көшек батыр ауылы, Талас ауданы, Жамбыл облысы

А.Б.Асетилдаева
№11орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, asetildaevaa@mail.ru
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада білім беру жүйесінің заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялары мен цифрлы білім беруді дамытудағы мүмкіндіктер туралы айтылады. Білім беруді

цифрландыру, кеңінен қолданылатын ақпараттық технологиялар жетілдірілуді көздейді. Цифрландыруды дамыту перспективалары өндірісте ғана емес, адамның күнделікті өмірінде де көбірек орын алады. Білім беру жүйесінде цифрландыру оқу процестерін жеңілдетеді.

Кілтті сөздер: білім беру, цифрлы қоғам, технология, оқыту, интернет, электронды оқулық, онлайн жүйе, мультимедиа.

Аннотация: В статье рассказывается о возможностях системы образования в развитии современных информационно-коммуникационных технологий и цифрового образования. Цифровизация образования предполагает совершенствование широко используемых информационных технологий. Перспективы развития цифровизации занимают все большее место не только в производстве, но и в повседневной жизни человека. В системе образования цифровизация упрощает процессы обучения.

Ключевые слова: образование, цифровое общество, технологии, обучение, интернет, электронный учебник, онлайн система, мультимедиа.

Annotation: The article discusses the possibilities of the education system in the development of modern information and communication technologies and digital education. Digitalization of education, widely used information technologies involve improvement. The prospects for the development of digitalization occupy a greater place not only in production, but also in the daily life of a person. Digitalization in the education system simplifies educational processes.

Key words: education, digital society, technology, training, internet, electronic textbook, online system, multimedia.

Цифрлық технология біздің кәсіби өміріміздің негізгі құралына айналды. Біріншіден, біз қолма-қол ақшаны үнемі дерлік пайдаланбаймыз және барлық шығындарды төлеу үшін банктерге бармаймыз. Интернет-банкинг, терминал болған кезде кезекте тұрудың қажеті жоқ, барлығын үйден шықпай-ақ онлайн жасауға болады. Мұны істеу үшін сізге қажетті қосымшаны жүктеу керек— бұл қауіпсіз, сенімді және ыңғайлы. Екіншіден, Қазақстанда цифрлық технология табысты дамуда және электрондық қызметтердің арқасында адамдардың проблемаларын шешуде. Кезекте тұрудың, құжаттарды толтырудың қажеті жоқ. Біз қабылдауға жазылуға, дәрігерді үйге шақыруға, талдаулар нәтижелеріне және басқа да медициналық ақпаратқа қол жеткізуге; жоспарлауды жеңілдетуге, құжаттаманың, есептіліктің дұрыстығын тексеруге, интернет арқылы толық ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін мобильді қосымшаларды белсенді пайдаланамыз. Әдетте, білім беру жүйесі деңгейінде цифрлық құралдарды енгізу үлгерім сапасының оң әсерін тигізеді.

Цифрлық технологияларды пайдалану есебінен ел экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту қажеттігі айтылған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарымен танысқаннан кейін, біздің еліміз цифрлық технологияларды инновациялық пайдалануға тиімді көшуде. Әрине, цифрлық революция біздің көз алдымызда, мемлекетіміз «Болашақтың цифрлық индустриясын құру» игілігі үшін белсенді дамып келе жатқан кезде орын алады. Менің ойымша, мемлекет нақты технологияларды: экономиканы, экожүйені, энергетиканы және тағы басқаларды дамыту есебінен халықтың цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуі қажет.

Цифрландыру мәселесі бүгінде әлемнің барлық елдеріне қатысты. Әрбір ел бастау үшін өз бағдарламалары мен алаңдарын жасайды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының барлық міндеттері мен мақсаттарын іске асыру жағдайында біз елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықтың өмір сүру сапасын едәуір жақсарта аламыз деп сеніммен айтуға болады.

Ең алдымен, біз жиі қолданатын «сандық оқыту» және «сандық білім» ұғымдарын түсіну керек деп болжайды. «Цифрлық оқыту», «Цифрлық әдістеме» түсінігі сияқты, яғни цифрлық оқыту теориясы. Олар компьютер мен электронды құралдарды қолдана отырып, оларды қолдану ережелері мен принциптері туралы айтады. Ал, біздің практикада жиі кездесетін «цифрлық білім беру» өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуден тұрады.

Қазіргі заманғы қазақстандық жастар-технологиялық жағынан ілгері басқан, белсенді жастар. Сіз мобильді түрде тартылғанын көре аласыз. Қазақстанда білім беруді цифрландыру түрлендіру үдерісіндегі жетекші бағыттардың бірі болып табылады. Бұл онлайн оқулықтар, сабақтар, іс-шаралар туралы, онда мұғалім әр оқушыға өзіндік көзқарас табады. Оқушылар үй тапсырмаларын бірге онлайн-режимде орындай алады. Кітапханалар ақпараттық-компьютерлік орталықтарға көшеді.

Құжаттаманы, есептілікті, семинарларды, дәрістерді, онлайн-сабақтарды электрондық жоспарлау жүргізілуде, бұл баға қоюға және рейтингтер қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өз уақытында елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазақстандық оқу орындары цифрлық білім беру ресурстарына қосылды.

Электрондық қосымшаларға байланысты тұрмыстық құрылғылар да өзгерді: олар арқылы біз жаңалықтарды оқимыз, кез-келген ақпаратты білеміз, барлық қаржылық операцияларымызды басқарамыз, кітап оқып және қосымша білім ала аламыз. Технологияның арқасында біздің әлем тең, бейбіт және әділ бола алады. Цифрлық технологиялардың дамуы жетістіктерді қолдауға және жеделдетуге ықпал етуі мүмкін.

Цифрлы білім беру ресурстарға тең қол жеткізуге мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтар мен білім беру сайттарын құру, атап айтқанда, қандай да бір себептермен мектептерге бара алмайтын балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Оған «Күнделік» жүйесіндегі журналдар мен күнделіктер кіреді, оған сәйкес мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар сабақ кестесін, үй тапсырмасын қарап, сабақ үлгерімдерін бақыласа, мұғалімдер барлық іс-қағаздары мен журнал, сабақ жоспарын, сабаққа қатысты ресурстарға оңай қол жеткізе алады.

Қазақстанда білім беру жүйелерінде «Ұлттық білім беру деректер базасы» (ҰБДБ) жұмыс жасайды. Бұл оқушылар туралы барлық мәліметке қол жеткізуге, үлгерімін бақылауға және оқу процесі туралы барлық ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық білім беруді цифрландыру балабақшаға, мектепке, колледждерге және жоғары оқу орындарына онлайн оқу жүйесін қамтиды.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының білім беру мақсаты -бұл мектеп және ЖОО бағдарламаларын толық жаңарту. Фактілер мен формулаларды жаттауға емес, ақпаратты талдауға және ойлаудың креативтілігіне баса назар аударылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар немесе мектепке уақытша бармаған балалар үшін электронды оқулық − бұл сыныптастарымен бір уақытта оқуға және мектеп бағдарламасына ілесуге мүмкіндік.

Қазіргі мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі - өз оқушыларын компьютерлік және мобильді өмірге бейімдеу. Оқушыларға кітаптардан және қарапайым қарым-қатынастан ақпарат жеткіліксіз. Оларға интернет пен компьютерлік дағдылары бар мұғалім қажет. Ол үшін мұғалімдер өз сабағында келесі цифрлық құралдарды қолдана алады:

- бейне технологиялар – ғылыми фильмдер, бастауыш сынып оқушыларына арналған мультфильмдер мен тақырыптарға арналған ақпараттар, сергіту сәттері;
- электрондық кітапхана жүйелері;
- білім беру сандық (компьютерлік) бағдарламалары;
- интерактивті технологиялар;
- онлайн викториналар жасауға арналған конструкторлар;
- мультимедиа, сонымен қатар, сабақ тақырыбы бойынша презентациялар немесе қысқа бейнелер жасауға мүмкіндік беретін қажетті элемент болып табылады;
- бейнеконференция.

Қазір сабақты қызықты ету үшін көптеген цифрлы құралдар бар. Цифрлы құралдар оқытуға ғана емес, мұғалімнің ата-аналармен қарым-қатынасына да көмектеседі. Мессенджерлер мен өзге де бейне-платформалар арқылы мұғалімдер оқушылардың ата-аналарымен кері байланыса алады.

Қорыта айтқанда, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – орнықты экономикалық өсуге қол жеткізу, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін цифрлық сауаттылығын арттыра отырып жетілдіру болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ибрагимов. ІМ ақпараттық технологиялар және қашықтықтан оқыту құралдары: студенттерге арналған оқу құралы. университеттер. - М .: Академия, 2005.-336.
2. Гуманитарлық білім берудегі интернет: Оқу құралы. университеттерге арналған нұсқаулық / Ред. E. S. Polat.- М.: Владос, 2001.-272.

3. Канаво В. «Интернет арқылы қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері» [http://www.curator.ru/doplus.html]
4. Киреева Е.Д. Интернет-жобалардың қолданыстағы формаларының перспективалық дамуын талдау // Білім берудегі инновациялар. - 2002. - № 4. - Б. 38-40
5. Цифровые элементы в образовании – Как обстоят дела в Казахстане с цифровым образованием: цифровые инструменты и элементы в обучении на сайте [https://pandaland.kz/]
6. [www.nur.kz]

УДК 371

ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРЫ (НА ПРИМЕРЕ РОМАНА Ф.М. ДОСТОЕВСКОГО «ПРЕСТУПЛЕНИЕ И НАКАЗАНИЕ»)

Д.Р. Мадибаева
Таразский региональный университет им М.Х. Дулати
магистр права, старший преподаватель кафедры «История и география», dana8205@mail.ru

Е.П.Мерцалова
учитель русского языка и литературы, педагог-исследователь
средней школы №6 г. Тараза

Аннотация: В данной статье рассмотрены некоторые проблемы правового воспитания обучающихся на уроках литературы. Также рассматривается вопрос влияния художественной литературы на формирование той или иной концепции правопонимания и правового воспитания на учеников.

Ключевые слова: Достоевский, литература, преступление и наказание, правовое воспитание и правовая культура.

Аңдатпа: Бұл мақалада әдебиет сабақтарында білім алушыларды құқықтық тәрбиелеудің кейбір мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, көркем әдебиеттің оқушыларға құқықтық түсіністік пен құқықтық тәрбиенің белгілі бір тұжырымдамасын қалыптастыруға әсері қарастырылады.

Кілт сөздер: Достоевский, әдебиет, қылмыс пен жаза, құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет.

Annotation: This article discusses some problems of legal education of students in literature lessons. The question of the influence of fiction on the formation of a particular concept of legal understanding and legal education on students is also considered

Keywords: Dostoevsky, literature, crime and punishment, legal education and legal culture.

Как и многие русские романы 19 века, «Преступление и наказание» - это философский роман. Определение "философского романа" условное. Они представляют собой множество романов 19-20 веков, герои которых начинают понимать их общее значение, решая реальные проблемы своей жизни, или их универсальные значения и значения, авторы которых описывают конкретные ситуации и конкретных персонажей.

Философский роман одновременно является морально-психологическим: его иллюстрируемая тема-внутренний мир, нравственные проблемы, в процессе изображения происходит глубокое понимание психологии личности, главным критерием авторской оценки являются нравственные позиции.

Специфика преступления и наказания «как философского романа во многом определяется его полифоническим характером. Теория полифонического (полифонического) романа Ф. М. Достоевского была разработана еще в 1920-х годах М. М. Бахтиным (первое издание его книги было опубликовано в 1929 году), но она стала доступной и вошла в научный обиход много лет спустя (книги второго издания). - 1963). По мнению ученого, особенностью романов Ф. М. Достоевского является» множественность самостоятельных и несвязанных голосов и умов,

истинная полифония полноценных голосов". Говоря о голосе, М. М. Бахтин вспоминает особый статус героя у Ф. М. Достоевского: писатель проявляет интерес к герою не как к явлению действительности с определенными социально-типичными чертами, а как к "особому взгляду". Читая роман, замечаем, что мир отражается в взгляде Раскольникова: слушая и переживая Исповедь Мармеладова, узнав из письма непостоянные события судьбы Дуня, увидев пьяную девушку на бульваре и т.д. Раскольников.

Ф.М. Достоевский показывает, что такое мир для героя, обижается на этот мир, возмущается его несправедливостью и т.д. Более того, описывая состояние Раскольникова, не Ф. М. Достоевский, Раскольников раскрывает его: о герое, а не о писателе. герой о себе; он не объект, а полноценный субъект образа.

Но у Ф. М. Достоевского у каждого героя есть свое «сознание и самосознание», «отношение к миру и к самому себе в мире». Есть Мармеладов, Катерина Ивановна, Лужин, Соня, Свидригайлов, Разумихин, Порфирий Петрович, Пульчерия Александровна. И все эти «голоса» – «умы» героев не подчиняются Раскольникову, а равны ему и друг другу, независимы и независимы.

Герой Ф. М. Достоевского-идейный герой, то есть тот, кто переплетается с его идеей и становится определяющим символом его страсти и личности. "Образ героя тесно связан с образом идеи и неотделим от нее. Мы видим персонажа через идею и идею, и мы видим идею от него и через него. Кроме того, Ф. М. Достоевский раскрыл «диалогический характер идеи», который становится идеей только в результате диалога с другой, чуждой идеей или идеями. Об идее-теории Раскольникова мы узнаем сначала по пересказу Порфирием его (Раскольникова) статьи, то есть через «чужое» преувеличение и провокационное сознание, побуждающее Родиона к диалогу. Раскольников, в свою очередь, устанавливает основные положения своей теории, а Порфирий постоянно прерывает ее речь оговорками. Эта идея, раскрытая в диалоге с разными гранями, по-разному проявляется в диалоге Раскольникова с Соней, а в докладе Свидригайлова во время разговора с Дуней. В результате во всех этих диалогах растет сложный, противоречивый и объемный образ идеи Раскольникова. В результате роман Ф. М. Достоевского становится не романом с идеей, а романом об идее, о ее жизненной жизни в сознании и душе людей.

В многоголосом романе меняется и позиция автора по отношению к герою. В романе монологического типа, например, в романе Толстого, автор знает о персонаже больше, чем знает о себе, и может сказать о нем последнее слово. В полифоническом романе только сам персонаж может сделать окончательное суждение о себе. В этом смысле герой полифонического романа берет на себя некоторые авторские функции монологического романа. Автор в полифоническом романе находится рядом с персонажами, а не над ними. Все это, однако, не означает, что позиция автора в романе не раскрыта. Он раскрывается только другими способами, чем монологический роман: не в слове (повествовании) автора, а в структуре, движении романа.

Полифонический роман-новая страница истории жанра, открытая Ф. М. Достоевским и оказавшая большое влияние на литературу 20 века.

Название романа, состоящее из двух частей – «Преступление и наказание» – указывает на две неравные части, на которые он делится: преступление и его причины – первая, а вторая и основная – влияние преступления на душу человека. преступный. Эта двойственность проявляется и в структуре романа: только одна из шести частей, первая посвящена преступлению, а остальные пять-духовно-психологическому наказанию и постепенному устранению Раскольникова собственного преступления.

Раскольников горд, чувствителен и умен, на него давит атмосфера нищеты и несправедливости, из-за чего в его голове рождается страшная и разрушительная теория. Она заключается в том, что люди делятся на низших ("обычных") и высших ("собственно людей"). Первые нужны только для поддержания популяции людей, они бесполезны. Но последние двигают цивилизацию вперед, выдвигают совершенно новые идеи и цели, которые могут быть достигнуты любыми средствами. Например, герой сравнивает себя с Наполеоном и приходит к выводу, что он тоже способен изменить мир и назначить цену за перемены. В этом смысле он ничем не отличается от старушки-ростовщицы, которая оценивала принесенные ей вещи. Как бы то ни было, Родион решил проверить эту теорию на себе ("Я тварь дрожащая или имею право?"

Почему Раскольников все-таки убил старуху-ростовщицу?

Герой долго колеблется и все же подтверждает свое решение после встречи с чиновником Мармеладовым, который пьет по-черному, доводя себя, свою жену Катерину Ивановну, ее детей и дочь Соню до нищеты (она вообще вынуждена работать проституткой, чтобы помогать семье)... Мармеладов понимает свое падение, но ничего не может с собой поделать. А когда его пьяного раздавила лошадь, положение семьи стало еще более тяжелым. Он решил помочь этим людям, разоренным бедностью. Сравнивая их бедственное положение с несправедливым довольством Алены Ивановны, герой пришел к выводу, что его теория верна: общество можно спасти, но это спасение потребует человеческих жертв. Решившись и совершив убийство, Раскольников заболевает и чувствует себя потерянным для людей ("Я не убивал старуху... Я покончил с собой"). Герой не может принять любовь матери и сестры Дуни, заботу друга Разумихина.

Таким образом, в творческом процессе в понимании понятия преступления и наказания столкнулись две противоположные идеи: идея любви к людям и идея презрения к ним. В отличие от тетрадного проекта, Достоевский находится на грани выбора: либо оставить одну из идей, либо сохранить обе. Но поняв, что потеря одной из этих идей обнищает идею романа, Достоевский решил объединить две идеи и изобразить «двух противоположных» людей, как выразился Разумихин о Раскольникове в последнем тексте романа.

Однако Раскольников нисколько не раскаялся, он был только расстроен тем, что не выдержал моральных мучений и оказался обычным человеком. Из-за этого он снова переживает духовный кризис. Оказавшись на каторге, Родион смотрит свысока на заключенных и даже на Соню, которая последовала за ним. Осужденные отвечают ему ненавистью, но Соня пытается облегчить жизнь Раскольникову, потому что любит его всей своей чистой душой. Заключенные чутко отреагировали на ласку и доброту героини, они поняли ее молчаливый подвиг без слов. Соня до конца оставалась мученицей, пытаясь искупить как свой грех, так и грех своего возлюбленного.

В конце концов герою открывается правда, он раскаивается в преступлении, его душа начинает возрождаться, и он проникается "бесконечной любовью" к Соне. Готовность героя к новой жизни символически выражена автором в жесте, когда Родион участвует в таинствах Библии. В христианстве он находит утешение и смирение, необходимые его гордому характеру для восстановления внутренней гармонии.

Нравственное и патриотическое воспитание может быть элементом учебно-воспитательного процесса разработаны меры по обеспечению патриотизма и нравственного воспитания детей и молодежи.

«Преступление и наказание», история которого насчитывает почти 7 лет, - один из самых известных романов Федора Достоевского. В этом произведении классика русской литературы как никогда раскрылся его талант психолога, ценителя человеческой души. Что побудило Достоевского написать произведение об убийце, и эта тема не была характерна для литературы того времени?

Федор Михайлович Достоевский – писатель, известный всему миру. По мнению исследователя А.Ф. Кони, роман «Преступление и наказание», рассказывающий историю о нищем студенте, зарубившем старуху-процентщицу из-за своих идеологических взглядов, а также о наказании моральном и физическом, последовавшем за преступлением; оказал огромное влияние на формирование социально-политических и государственно-правовых взглядов не одного поколения читателей в разных странах. В романе четко прослеживается взаимосвязь между правопониманием Раскольникова и его социальным поведением. И мы понимаем, что нигилистические взгляды на право – несостоятельны. Право не может разделяться на уровни ответственности по социологическому принципу. Перед правом все равны. Через идеи Раскольникова Достоевский показывает возможные последствия негативного отношения к закону, признание возможности отступления от него.

Список использованной литературы:

1. Ф.М. Достоевский. Роман «Преступление и наказание».
2. Критика Ф. Достоевским нигилистских взглядов на право (на примере образа Раскольникова в романе «Преступление и наказание»), официальный сайт [Электронный ресурс]. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kritika-f-dostoevskimnigilisticheskih-vzglyadov-na-pravo-na-primere-obraza-raskolnikova-v-romaneprestuplenie-i-nakazanie/viewer

3. Кони А. Ф. Воспоминания о писателях. Сост., вступ. ст. и комм. Г. М. Миронова и Л. Г. Миронова Москва, издательство "Правда", 1989. официальный сайт [Электронный ресурс]. URL: http://az.lib.ru/k/koni_a_f/text_0220.shtml

ӘОЖ: 373.1.02

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

М.С. Молдабаева
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
2 курс магистранты m.moldabayeva87@mail.ru
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация: Қазіргі уақытта барлық саланың цифрландыруға көшуі уақыт талабы және өмір сүру сапасының жетістігі. Мақалада білім беру жүйесінде цифрландыруды қолданудың мүмкіндіктері мен оны дамытудың тенденциялары, перспективаларын қарастырылды. Тиісті әдебиеттерді талдау негізінде сандық білім беру ресурстары, олардың түрлері мен санаттары, олардың қолдану мүмкіндіктері туралы жан-жақты түсінік берілді. Сондай-ақ, сандық білім беру ресурстары білім алушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін, сыни, креативтілік ойлау дағдыларын, коммуникативтік, мәдениетаралық, тілдік құзыреттіліктерін дамытып, цифрлық, медиа сауаттылықтарын арттыратыны анықталды. Сандық білім беру ресурстарын қолдану мұғалімдердің оқыту әдістемесін, оқу ордасының техникалық базасын, білім алушы мен мұғалім қарым-қатынасын өзгертуді қажеттігін көрсетті.

Кілт сөздер: білім беру технологиялары, білім беру жүйесі, цифрландыру, онлайн білім беру, виртуалдық технологиялар, сандық білім беру технологиялары, дағдылар, құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, өмір бойы оқу.

Аннотация: В настотящее время переход к цифровизации является требованием времени и достижением качества жизни. В данной статье рассмотрены тенденции, перспективы развития возможности применения цифровизации в сфере образования. На основе анализа соответствующей литературы даны разъяснения по цифровым образовательным ресурсам, предложены виды и возможности их применения. Так же, было выявлено, что применения цифровых образовательных ресурсов сказывается на повышении уровня познавательной деятельности, медиаграмотности, навыков критического, креативного мышления, коммуникативных, межкультурных, языковых компетенций. Использование цифровых образовательных ресурсов показало необходимость изменения методики обучения учителей, технической базы учебного заведения, взаимоотношения студентов и учителей.

Ключевые слова: образовательные технологии, система образования, цифровизация, онлайн-образование, виртуальные технологии, цифровые образовательные технологии, навыки, компетенции, цифровая грамотность, обучение на протяжении всей жизни

Abstract: Currently, the transition to digitalization is a requirement of the time and the achievement of quality of life. This article discusses the trends and prospects for the development of the possibility of using digitalization in the field of education. Based on the analysis of the relevant literature, explanations on digital educational resources are given, the types and possibilities of their application are proposed. It was also revealed that the use of digital educational resources affects the increase in the level of cognitive activity, media literacy, critical, creative thinking skills, communicative, intercultural, language competencies. The use of digital educational resources has shown the need to change the teaching methods of teachers, the technical base of the educational institution, the relationship between students and teachers.

Keywords: educational technologies, education system, digitalization, online education, virtual technologies, digital educational technologies, skills, competencies, digital literacy, lifelong learning

Елімізде 2017 жылы іске қосылған «Цифрлы Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарлама дамыған, өркениетті елдер қатарына енудегі маңызды қадамның бірі. Бағдарламаның негізгі

мақсаты: азаматтардың цифрлық сауаттылықтарын арттыру арқылы өмір сүру сапасын жақсарту және ұлттық экономиканы цифрландыру[1].

Цифрланған экономиканың дамуы, ақпараттық және сандық технологиялардың түрлері мен функцияларының көбеюі (электронды үкімет веб- порталы, мобильді банкинг), мүмкіндіктерінің артуы (3,5D модельдеу бағдарламалары, виртуалды құрылғылар, және т.б.) олардың қолдану аясын ұлғайтты. Өмір сүру сапасына жайлылық сыйлаған сандық технологиялар мысалы, ақылды сағаттар, ақылды үйлер, робот шаңсорғыштар, смартфондар адамдардың ажырамас көмекшілеріне айналды.

Әлемдік жағандану барлық саласын цифрландыруға көшуге мұқтаж етті. Нәтижесінде өзгерген қажеттіліктер мен сұраныстар, қызығушылықтар білім беру саласында оқу бағдарламасының мазмұнына, ақпаратты ұсыну, игерту тәсілдеріне технологиялық прогресс жасау қажеттігін көрсетті. Әсіресе, білім беру ұйымдарының онлайн форматта оқыту тәжірибесі, техникалық мүмкіндіктері мен базасының бар-жоғына қарамастан, 2020 жылы әлемдік деңгейде тараған COVID-19 пандемия «цифрлы сынаққа» ұшыратқаны есімізде. Мәжбүрлі сынақ, қашықтан оқыту форматының жалғасуы, білім беруді цифрландырудың максималды қолданылуы мен оның ерекшеліктерін, одан әрі дамытудың негізгі тенденциялары мен перспективаларын көрсетті. Пандемияға дейінгі патриархалды көзқарас, мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың тек бетпе-бет классикалық нұсқасын өзгертті. Онлайн білім беру нарығының жалпы көлемі пандемия уақытында прогресс жасап, әлі де өсуде [2].

Мұғалімдер өздерінің онлайн-оффлайн іс-тәжірибелерін зерттеп, талдап, функционалдық сауаттылықты, өмір сүруге қажетті дағдыларды дамытуда, толық қанды сапалы білім беруде, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруда сандық білім беру ресурстарының маңыздылығын анықтады.

Сандақ білім беру ресурстарының комплексті қолдану ортасына ену ақпаратты игерту форматын, оқытылатын курс мазмұнын, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін, оқу стилін өзгертеді. Мұғалімдер сандық технологияларды меңгеруі бойынша қайта даярлау курстарынан өтеді[3]. Білім алушылар желілерге, форумдарға тікелей қосылу, мәліметтер базасын қолдану, бірлесіп талдау, зерттеу жүргізу, блог құру, виртуалды құралдарды қолдану нәтижесінде жан-жақты ашық білім алады. Сондай-ақ өзін-өзі реттеуге, өмір бойы үйрену, білім алу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін, сыни, креативтілік ойлау дағдыларын, коммуникативтік, ақпараттық, моральдық және әлеуметтік-саяси, мәдениетаралық, азаматтық жаһандану, тілдік құзыреттіліктерін дамытады. Цифрлық, медиа сауаттылықтарын арттырады. Ғылыми –зерттеулер жүргізіп, өмір сүру сапасын жақсартатын ұсыныстар, жаңалықтар ашады. Ұлтаралық қарым-қатынасқа түсуді, этикалық-құқықтық нормаларды қолдануға үйренеді. Мұғалімдер мен оқушыларды қағазбастылықтан, ата-аналар оқулық, дәптер алудан босатылады, себебі барлық оқу-әдістемелік құралдар мен ресурстар тек электронды түрде қолданылады. Мұғалімдердің оқу процесіндегі іс-әрекеті минимализацияланады, олар тек бағыттаушы рольде қалады[4].

«Сандық білім беру ресурстары дегеніміз не, оның түрлері, мүмкіндіктері қандай?» деген сұраққа жауап берейік: Сандық білім беру ресурстары (The term Digital Learnig Resources (DLRs)): білім алушыларды оқу іс-әрекетіне ынталандырып, қызықтыратын, оқу мақсаттарына жетуді қолдайтын веб-сайттар, қосымшалар, бағдарламалық жасақтамалар мен бағдарламаларды айтады. DL ресурстарының үш санаты бар: сандық академиялық мазмұн құралдары, оларға интерактивті оқулықтар немесе сабақтар (мысалы, жәндіктердің өмірлік циклы көрсетілген сабақ, тотығу-тотықсыздану реакцияларына арналған оқулық), электронды тәжірибе және бағалау құралдары (тұжырымдар мен дағдыларды тексеру әрекеттерін қамтамасыз ететін жаттықтыру құралы), виртуалды жабдықтардың параметрлерін өзгертіп, нәтижені көруге мүмкіндік беретін динамикалық модельдеу (симулляция) құралдары, білім алушылар өткен тарихи оқиғаларды көруге немесе шөлді ортаны зерттеуге мүмкіндік беретін толық интерактивті орта жасайтын виртуалды әлем, кез келген тақырыпта суреттер, фактілер, бейнелер немесе сандық сөздікті ұсынатын онлайн энциклопедиялар, визуалды және аудиоалды тақырыптық ресурстар (You Tube-тағы бейне ақпараттар сияқты) жатады; Цифрлық өнімділік құралдары: мұнда академиялық мазмұн қамтылмайды, білім алушылар бағдарламалар мен веб-сайттарды тек контентті құжаттау, жоспарлау, талдау, ұйымдастыру үшін қолданады. Яғни белгілі бір тақырып бойынша түсінігін, білімін жариялауға мүмкіндік беретін жариялау құралдары, презентация, сандық әңгіме, музыка, суреттер, бейнелер. Құжаттарды жасауға, өңдеуге және басып шығаруға (газетті құру) мүмкіндік беретін сөзді немесе мәтінді өңдеу құралдары. Білім алушыларға ақпаратты талдауға, жүйелеуге, бақылауға (мысалы, уақыт бойынша жергілікті жауын-шашынды бақылау, ауаның ластануына әсер етуші факторларды талдау, жалпылау) мүмкіндік беретін электронды кестелер және деректерді талдау құралдары. Белгілі бір

оқиғаға қатысты ақпарат жиынтығы арасындағы байланысты визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік беретін тұжырымдамалық карта жасау құралдары. Мәтін, сурет, әңгіме арқылы ақпаратты жеткізуге көмектесетін шаблондар. Сандық байланыс құралдары: білім алушылар ынтымақтастық, коммуникация және ақпарат беру (асинхронды/синхронды мәтіндік хабарламалар) үшін қолданатын бағдарламалар, қосымшалар, веб-сайттар. Кері байланыс, пікір алмасу, талдау жасау, коментарий қалдыру платформасын қамтамасыз ететін форумдар мен дискуссиялық тақталар, электронды пошта, чаттар, өз тәжірибесі мен зерттеулерін жариялайтын блогтар. Қашықтан көруге, нақты уақытта байланысуға болатын бейнеконференция немесе платформалар. Мысалы ғылым саласындағы сарапшылармен немесе шетелдік билингвалды, көптілді оқу орындарындағы студенттермен көрісіп, байланыс орнату құралдары. Ақпаратты немесе жобаны өңдеуді бірге жасайтын онлайн платформаны қамтамасыз ететін ортақ пайдалану құралдары[5].

Сандық білім беру ресурстарының бірнеше түрлерін мына сілтемелерге өтіп, таныссаңыздар болады: https://flexiblelearning.auckland.ac.nz/learning_technologies_online/6/1/html/course_files/1_2.html, https://blog.commlabindia.com/elearning-development/digital-learning-resources-infographic, http://mdr-maa.org/codebook/resource-types/.

Қорыта келгенде, DLR құралдарының функциялары мен мүмкіндіктерін қолдану заманауи әлемде өмір сүруге қажетті XXI ғасыр дағдыларын қалыптастырып, қоғамды дамудың келесі сатысына көшуге әкеледі. Алайда, кез келген технологиялық прогрестің күшті жақтарымен, артықшылықтарынан бөлек, әлсіз жақтарымен кемшіліктері болатынын есте ұстаған жөн [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // 2017 жылдың 12 желтоқсан, № 827 қаулысы
2. Petrusevich D.A. Modern trends in the digitalization of education // ASEDU 2020, Journal of Physics: Conference Series 1691 (2020) 012223
3. Ваганова О.И. Попкова А.А. Степина Н.В. Максимова К.А. Цифровизация как ведущая тенденция развития современного образования // Педагогические науки, 27.05.2020.
4. Пирогланов Ш.Ш. Пашков Г.Н. Цифровизация в образовании: проблемный аспект в контексте глобальной трансформации.
5. Source: U.S. Department of Education, Office of Planning, Evaluation and Policy Development, Policy and Program Studies Service. (2018). National Study of English Learners and Digital Learning Resources. Washington, DC: Author
6. ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ ЛЮДЕЙ А.В. Рубанов Белорусский государственный университет, Ул. Кальварийская,9, 220004, Минск, Беларусь
7. Чарльз Фадель, Майя Бялик и Берни Триллинг. Четырехмерное образование. Издательская группа «Точка» Москва, 2018.

ӘОЖ 378.14

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.А.Молдабаева
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
филология магистрі, аға оқытушы, ainur.aitmuahan_82@mail.ru
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақалада цифрландыру мәселесі, сондай-ақ білім берудегі сандық технологиялар туралы айтылды. Қазіргі қоғам деректердің орасан зор бұршағымен, сондай – ақ инновациялардың әр түрлі салаларына енгізілуімен сипатталады, бұл белгілі бір білім мен дағдылар жүктемесінен, көшбасшыдан жаңашылдық пен шығармашылық түсінуді сұрайды. Күнделікті іс-әрекет электронды-есептеу механизмдеріне тез ауысады, олардың негізінде табиғи емес ақыл-ой қабілеттері бар. Құру тұжырымдамасы шешімділікке кепілдік беруге міндетті трансформация сандық кезеңде, бұл кепілдік береді экономиканың ұлғаюы сонымен қатар

жұмыс өнімділігі. Құру тұжырымдамасы цифрландыру жағдайында тиімді өмір сүру мақсатында адамның бойында негізгі дағдыларды, сондай-ақ шеберлікті қалыптастырады.

Кілт сөздер: цифрландыру, білім берудегі цифрлық технологиялар, білім беру жүйесін жетілдіру, жасанды интеллект.

Аннотация: В этой статье речь шла о проблеме цифровизации а также числовым технологиям в воспитании. Нынешное социум характеризуется огромным градом данных а также введением в разнообразные области работы нововведений, то что запрашивает с лица конкретного груза познаний а также умений, в руководителю каковых – новаторство а также созидательное понимание. Обыденная деятельность стремительно переходит электронно-вычислительным механизмы, в базе каковых находится неестественный умственные способности. Концепция создания обязана гарантировать решительный трансформация в числовую период, что гарантирует увеличение экономики а также производительности работы. Концепция создания создает при лица базисные навыки а также мастерства с целью эффективного жизни в обстоятельствах цифровизации.

Ключевые слова: цифровизация, цифровые технологии в образовании, совершенствование системы образования, искусственный интеллект.

Annotation: This article was about the problem of digitalization and numerical technologies in education. The current society is characterized by a huge hail of data, as well as the introduction of innovations into various areas of work, what it asks from the face of a specific load of knowledge and skills, in the head of which – innovation and creative understanding. Everyday activities are rapidly transitioning to electronic computing mechanisms, in the base of which there is an unnatural mental ability. The concept of creation is obliged to guarantee a decisive transformation into a numerical period, which guarantees an increase in the economy as well as work productivity. The concept of creation creates basic skills as well as skills in order to effectively live in the circumstances of digitalization.

Keywords: digitalization, digital technologies in education, improvement of the education system, artificial intelligence.

Білім берудің цифрлық трансформациясы-бұл әрбір білім алушының білім беру нәтижелерін түбегейлі жақсарту үшін жоспарланған білім беру нәтижелерін, білім беру мазмұнын, оқу жұмысының әдістері мен ұйымдық нысандарын жаңарту, сондай-ақ жылдам дамып келе жатқан цифрлық ортада қол жеткізілген нәтижелерді бағалау.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде адам қызметінің әртүрлі салаларына инновациялар белсенді түрде енгізілуде, бұл адамдардан, біріншіден, қолда бар білім мен дағдыларды үнемі дамытуды және жетілдіруді, екіншіден, шығармашылықты, шығармашылық ойлауды және ынтымақтастыққа дайындықты талап етеді, өйткені күнделікті жұмыс компьютермен жиі беріледі. Осыған байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ерекше маңызға ие болады. Толық, қол жетімді және сенімді ақпарат беру кез-келген қызмет саласында сәттіліктің кепілі болып табылады.

XXI ғасыр адамзаттың цифрлық технологиялар ерекше рөл атқаратын ақпараттық қоғамға көшуімен ерекшеленді.Оқыту мен оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын енгізу әлеуметтік өзгерістерге әкелді, ал олар өз кезегінде цифрлық технологиялардың өмірдің барлық салаларына, соның ішінде білімге кеңінен енуіне әкелді.Цифрландыру туралы сөз болғанда, ең алдымен, бұл бағдарламалық жасақтама, Инфрақұрылым, платформалар мен интернет ұсыныстарының тізімі. «Цифрлық трансформация» терминін қолданған кезде көбінесе оның техникалық компоненті ғана түсініледі, бірақ оны кеңірек қарастырған жөн.

Цифрлық трансформация барлық салаларға әсер етті: саяси, экономикалық, қоғамдық, мәдени. Ақпараттық ағындардың тез жаңаруы мен тығыздалуы жағдайында білім беру IT-құзыреттілікті қалыптастыруда жетекші рөл атқарады, ол адамның әртүрлі ақпарат көздерімен және тасымалдаушылармен жұмыс істеуге, оны сыни тұрғыдан түсінуге және жеке және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу үшін пайдалануға дайын болуын қамтамасыз етеді. Бұл білім беру жүйесі-бұл жаңа еңбек түрлерімен және адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің күрт өсуімен байланысты цифрлық дәуірге сенімді көшуді қамтамасыз ететін көпір.

Жаңа құралдар адамның мүмкіндіктерін кеңейтеді және толықтырады, Күрделі құралдарды (интернет, іздеу жүйелері,әлеуметтік желілер) пайдалану барған сайын күрделі танымдық процестерді дамытуды талап етеді.

Цифрлық ресурстарды пайдаланатын оқушылар санының өсуі де маңызды, бұл олардың заманауи цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Бұл білім беруді цифрландыруға қосымша серпін береді. [1, 93-бет].

Осылайша, қазіргі адамда ақпараттық мәдениетті қалыптастыру және мектеп жасынан бастап жайлы өмір сүрудің міндетті шарттары ретінде цифрлық әлеуметтенуді қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады. Бұл бағыттар Білім беру жүйесінде басымдыққа ие болуға тиіс.

Білім беру жүйесі экономиканың өсуі мен нәтижелі еңбек қатынастары тән цифрлық қоғамға сенімді көшуді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Жоғарыда айтылғандай, еңбек нарығында жасанды интеллектке негізделген компьютерлер белсенді қолданылады, олар күнделікті жұмысты сәтті жеңеді. Қазіргі адамның міндеті-жаңашылдықты құру және енгізу мақсатында шығармашылық пен шығармашылық ойлауды көрсету.

Білім берудің цифрлық трансформациясы (СТО) - өзара байланысты (жүйелік) жаңарту:

- оқытудың мақсаттары мен мазмұны
- оқу жұмысының құралдары, әдістері және ұйымдастырушылық нысандары
- цифрлық білім беру ортасында әрбір білім алушының жан-жақты дамуы, оның цифрлық экономикада өмір сүруі үшін қажетті құзыреттерін қалыптастыру үшін.

Мектептің цифрлық трансформациясы-бұл барлық дерлік бөлімшелердің жұмыс принциптерін түбегейлі қайта қарау. Бұл үлкен, көп сатылы процесс. [4].

Мектептің цифрлық трансформациясы білім беруді цифрландыруды қамтиды.

Цифрландыру дегеніміз не?

«Цифрландыру» – бұл қажетті нәтиже алу құралы, атап айтқанда білім алушыларға тамаша нәтиже беретін білім беру процесінің икемділігі, ал болашақ жұмыс берушілерге-жоғары дәрежелі мобильді мамандар.

«Цифрландыру-бұл цифрлық құрылғылар арқылы байланысудың, жазудың және деректерді берудің цифрлық тәсіліне көшу».Уикисөздік «цифрландыру» ұғымына мынадай түсіндірме береді: «цифрлық құрылғылар арқылы деректерді байланыстыру, жазу, берудің цифрлық тәсілі» [2, 103-бет].

«Цифрландыру» ұғымының мазмұнын талдай отырып, Интернет желісін, жасанды интеллект пен гаджеттерді дамыту – бұл өнімді қызмет құрылатын цифрландырудың негізгі технологиялары деген қорытынды жасауға болады. Білім беру саласында "білім беруді цифрландыру" және "цифрлық технологиялар"ұғымдары енгізілуде.

Білім беруді цифрландыру еңбек нарығындағы, білім беру стандарттарындағы өзгерістерге, халықтың жаңа құзыреттерін қалыптастыру қажеттіліктерін анықтауға әкеледі және білім беру процесін қайта ұйымдастыруға, мұғалімнің рөлін қайта қарастыруға бағытталған. Бір жағынан, цифрландыру мектептің бұрынғы әдістемелік негізін бұзады, екінші жағынан, ақпараттың тек мәтіндік емес, сонымен қатар дыбыстық, визуалды түрде қол жетімділігін тудырады. Ақпараттың қол жетімділігі үнемі іздеуді және тиісті және қызықты мазмұнды, оны өңдеудің жоғары жылдамдығын таңдауды қажет етеді. Демек, білім беруді цифрландыру оның түбегейлі, сапалы қайта құрылуына әкеледі. [3]

Сандық сауаттылықпен біз оның әртүрлі түрлерін қарастырамыз: медиа сауаттылық, инновацияға деген көзқарас, коммуникативті, компьютерлік, ақпараттық сауаттылық. Цифрландыру міндеттерін шешу үшін біздің білім беру цифрлық трансформациядан өтуі тиіс.

Ғалымдардың пікірінше, білім берудің цифрлық трансформациясы-бұл әлемде болып жатқан жаһандық ақпараттық сын-қатерлерге жауаптар.

Цифрлық ресурстар білім беру жүйесінің басқару және оқу-тәрбие қызметі практикасына мықтап енді. Цифрлық трансформация білім беруді стратегиялық дамыту бағыты ретінде білім беру кеңістігінде ақпараттық технологияларды пайдалану ауқымын кеңейту және сапасын арттыру жөніндегі қызметтің басым бағыттарын айқындайтынын ескеру қажет. Компьютерлік технологиялар климат, экология, денсаулық, қауіпсіздік мәселелерін шешкен жоқ. Бірақ олар жаңа мүмкіндіктер ашып, сонымен бірге жаңа қиындықтар туғыза отырып, қоғамдық және жеке өмірге жаңа сапа береді.Цифрлық білім беру ортасында Онлайн оқыту бұрыннан белгілі синхронды және асинхронды оқытуды қарастырады. Синхронды онлайн сабақ белгілі бір уақытта оқушы мен мұғалімнің электронды өзара әрекеттесуін қамтиды.

Виртуалды шындық технологиялары. Виртуалды шындық жүйелерінің келесі түрлері бар:

–кәдімгі (классикалық) виртуалды шындық (VirtualReality-VR), мұнда білім алушылар компьютерлік бағдарлама арқылы виртуалды әлемге араласады немесе енеді;

- толықтырылған немесе компьютер арқылы жүзеге асырылатын шындық (AmendedReality-AR), мұнда компьютерде жасалған ақпараттың үстінен нақты әлем кескіндеріне қабаттасу жүзеге асырылады;

- аралас шындық (MixedReality – MR), мұнда нақты әлем виртуалды әлеммен байланысты және олар бір-бірімен біріктірілген.

MR технологиясын әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін пайдалануға болады және әмбебап болып табылады. Виртуалды шындық телефонмен сөйлесуді еске түсіретін веб-конференциялармен салыстырғанда үлкен әсер ететін бейнеконференциялар өткізуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар виртуалды саяхаттау, басқа мәдениеттермен танысу және шет тілін үйрену үшін қолданылады. Жаратылыстану пәндерін оқу кезінде студенттер виртуалды шындық көзілдірігінің көмегімен виртуалды зертханаларда бола алады және әртүрлі эксперименттер жүргізе алады, әртүрлі нысандармен өзара әрекеттеседі және табиғатта болып жатқан жаратылыстану процестерін бақылай алады.

Виртуалды шындықтың көмегімен үш өлшемді объектілерді жобалауға болады. Виртуалды шындықты модельдеу студенттерге әр түрлі жағдайларға байланысты қалыптастыру мүмкін емес дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді-бұл қателік пен басқа шектеулерге жол беру қаупі (жабдықтың жоғары құны, басқа адамдар үшін қауіп және т.б.). Мысалы, әуе ұшқыштарын оқыту mr қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, білім беруді цифрландыру және цифрлық технологияларды қолдану оқытудың мазмұнын, сондай-ақ ақпарат беруді өзгертеді, бұл тек презентациялар немесе бейнелер ғана емес, олар ақпараттық желілерге, мәліметтер базасына, форумдарға тікелей қосылыстар болып табылады. Практикалық сабақтар өткізілген кезде әлеуметтік медианы пайдалануға болады. Электрондық басылымдар оқытуда өзекті болып табылады, оқу әдебиеттерін шығаруға мамандандырылған көптеген баспалар оқулықтардың электронды нұсқаларына көшеді. Цифрлық технологиялар қарқынды дамып, жаңартылуда (жоғары жылдамдықты Интернет, Смартфондар, планшеттер және т.б.). Web 2.0 құралдары, блогтар, викилер, әлеуметтік желілер; Google бұлтты қызметтері, Office 365 және т.б. мұның бәрі сандық құралдарға қол жеткізудің шексіз мүмкіндіктерін ұсынады.

Цифрландырудан кейін мұғалім ұғымы толығымен өзгертіледі. Кәсіпқойларды роботтар мен виртуалды жүйелер алмастырады. Адамдар жұмыссыз қалады. [4]

Цифрлық технологиялар білім берудегі барлық мәселелерді автоматты түрде шешеді және өздігінен оқу жағдайларының жақсаруына әкеледі деп сену қате болар еді. Өйткені, оқыту стилі – бұл жоба әдісі, фронтальды сабақ, ынтымақтастықта оқыту немесе мұғалімге бағытталған сабақ болсын – технологияны қолдануға байланысты емес. Алайда, оларды қолдану көбінесе тиісті оқыту стилінің өзгеруіне әкеледі. Оқытушылар мен білім алушылар арасындағы өзара іс-қимылдың мақсатты оң дамуы ғана оқу процесін неғұрлым икемді және сапалы етуге мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарында цифрлық технологияларды пайдалануды реттейтін құжаттар көп жағдайда ұйымның осы технологияларға қалай қарауы және олармен жұмыс істеуге қалай ықпал ететіні туралы кейбір жалпы сипаттаманы ғана қамтиды. Цифрлық технологиялар мен білім берудің екі саласы да тым тұрақсыз, өзгермелі. Сонымен қатар, цифрлық және аналогтық технологиялардағы айырмашылықтар прогресті әдеттегіден әлдеқайда баяулатады. Сандық құралдар енді таныс аналогтық әлемнен тыс жаңа құбылыс емес. Олар өмірдің барлық салаларына еніп кетті, сондықтан құралдар мен инфрақұрылыммен танысудан басқа, білім беру процесінде мазмұн мен әдістерді талдау қажет. Қазіргі әлем білім берудің алдына жаңа міндеттер қояды. «Сан», бір жағынан, оларды шешуге көмектеседі, екінші жағынан, жаңа қиындықтар туғызады. Мемлекет, IT-компаниялар мен педагогикалық қоғамдастық бірге оқытудың жаңа әдістемелерін қалыптастырып, цифрлық және классикалық білім берудің оңтайлы теңгерімін іздеуі тиіс. Білім беру мазмұны үнемі жаңартуды қажет етеді. Деректерді өзектендіру, жаңа білім беру стандарттары мен әдістемелерін біріктіру, материалдарды мұғалімдер мен оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу қажет. Сонымен қатар, қағаз оқулықтарын жаңарту ұзақ мәселе. Сізге жаңа нұсқасын шығарып қана қоймай, лицензиядан өтіп, кітаптарды мектептерге жеткізу керек.

Бүгінгі таңда балалар онлайн-ортадан ойын компоненті бар мазмұнды алуға дағдыланған, ол тек сыртқы мотивацияға негізделген: марапаттар, рейтингтер және т.б. Бірақ білім беруде ойын-сауық саласында жұмыс істейтін нәрсені қайталамаңыз. Оқуда бала ең алдымен өзімен бәсекелесіп, басқалармен ынтымақтастыққа бағытталуы керек – яғни рейтингте сыныптастарын айналып өтудің орнына өз нәтижелерін жақсартуға ұмтылуы керек.

Қазіргі білім баланы білімді нақты өмірде қолдануға үйретуі керек. Ол үшін функционалдық сауаттылықты дамыту, мәтінді талдауға үйрету, математикалық және кез-келген басқа ақпаратпен жұмыс істеу, қолданбалы есептерді шешу үшін өз біліміңізді пайдалану қажет.

Мұнда "сандардың" артықшылықтары бар: жоғары көрнекілік және интерактивті құралдар. Бір жағынан, бала өз білімін қолданатын өмірдегі жағдайларды шынайы түрде қайта құруға болады. Сонымен қатар, күрделі Мета-пәндік ұғымдарды модельдеу оңайырақ.

Білім нақты өмірге пайдалы дағдыларды беруі керек. "Цифр", басқалармен қатар, баланы цифрлық сауаттылыққа және интерфейстермен өзара әрекеттесуге үйрете алады. Бұл баланың қауіпсіз онлайн кеңістікте екенін және кеңестер ала алатынын ескере отырып, әсіресе ыңғайлы.

Цифрландыру-білім беруді барлығына бірдей сапалы етудің бір жолы. "Цифрмен" оқушыларға жекелендірілген тәсілді қалыптастыру оңайырақ және жылдамырақ, әркімнің қажеттіліктерін ескеретін сараланған оқытуды енгізу оңайырақ. Цифрлық орта даму ерекшеліктері бар балалар үшін тең мүмкіндіктер жасай алады.

Дегенмен, қазіргі уақытта техника мен онлайн құралдар барлығына бірдей қол жетімді емес екенін түсіну керек. «Цифр» жаппай таралғаннан кейін ғана шынымен тиімді болады-және бұл бөлек үлкен міндет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алексанков А. М. Төртінші өнеркәсіптік революция және білім беруді жаңғырту: халықаралық тәжірибе // стратегиялық басымдықтар. 2017. № 1. 53-69б.
2. Бычкова Е. Ең ақылды қала. Мектептер заманауи технологияларды қалай қолданады? // Дәлелдер мен фактілер. 2017. № 4. 20б.
3. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндама. – Астана, 2018.
4. Ушахина Е. Болашақ мектебі: оқытудың ең қызықты әдістері / / «МИФ» баспасы. - 2016, 20 қаңтар.
5. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндама. – Астана, 2019.

ӘОЖ: 373.1.013

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Ж.Б.Калиева
Берікқара орта мектебінің директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, zhansaya.kalieva.1979@mail.ru

Н.Ғ.Абдыкалыкова
Берікқара орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
nazgulabdykalykova585@gmail.com
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Жазылған мақалада мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізеді. Lesson Study тәжірибелі мұғалімдер мен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған жас мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлайды, оқушыларды бірлесіп қадағалайды, бірлесіп талдайды. Бірлескен іс әрекет арқылы, бірлескен пікір қалыптастырады. Лессон стади - тәсілін пайдаланатын көптеген мұғалімдердің айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына

назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, оқушыларды анағұрлым жақсы таниды. Лессон стади мына қадамдардан тұрады: проблеманы анықтау, деректерді жинақтау, жоспарлау, сабақты жүргізу және бақылау, сабақтан кейін талқылау, зерттеу нәтижелерін жинақтау, құжаттау, әріптестермен тәжірибе алмасу.

Түйінді сөздер: сабақты зерттеу, бірлескен орта, командалық жұмыс, кері байланыс, жоспарлау, тәжірибе алмасу, сенім

Аннотация: В этой статье учителя внедряют новые методы в практику преподавания или совершенствуют ее, а затем проводят открытое Lesson Study.Lesson Study помогает как опытным учителям, так и начинающим молодым специалистам в профессиональной зрелости.Потому что совместно планирует, совместно наблюдает за учащимися, совместно анализирует. Посредством совместных действий, формирует совместное мнение . Лессон стади - многие учителя, использующие этот подход, говорят, что они гораздо лучше узнают учащихся, обращая внимание на потребности и поведение отдельных изучаемых учащихся в обучении и тем самым узнавая о них больше. Лессонское стади состоит из следующих шагов: выявление проблемы, сбор данных, планирование, проведение и мониторинг урока, обсуждение после урока, обобщение результатов исследования, документирование, обмен опытом сколлегами.

Ключевые слова: исследование урока, совместная среда, командная работа, обратная связь, планирование, обмен опытом, доверие

Annotation: In this article, teachers introduce new methods into teaching practice or improve it, and then conduct an open Lesson Study. Lesson Study helps young professionals who are not only experienced teachers, but also just starting their career to improve their professional skills. This is because they plan together , they follow students together, they analyze together. Joint activity is through action, forming a joint opinion . According to many teachers using the lesson Stadi - approach, students are much better recognized by paying attention to the learning needs and behaviors of the individual students being studied, thereby learning more about them. Lesson Stadi consists of the following steps: problem identification, data collection, planning, conducting and

Key words: lesson study, collaborative environment, teamwork, feedback, planning, exchange of experience, trust

Елдің ертеңі білімнің тереңдігімен өлшенеді. Олай болса, оқушылардың білімін кеңейту, жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау, мұғалімнің басты- міндеті.

Міне бізге осы жерде көмекке - Lesson Study келеді.

«Lesson Study» – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады.

Lesson Study тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз.

Ал енді мен сіздермен өз тәжірибемізбен бөлісе кетейік.

Берікқара орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Қалиева Жансая Беркінқызы мен Абдыкалыкова Назгүл Ғалымқызы. Мектебімізде Lesson Study зерттеу сабағын тәжірибемізге енгізгелі 5 жылдың жүзі болды. Лессон стади өткізу біздің дәстүрімізге айналған. Мұғалімдеріміз арнайы топтарға жиналып, өз беттерінше жоспарлауды және оны жоспарға сай жүргізуді үйренген. Мектебімізде 3 лессон стади топтары бар. Осы зерттеу сабағының жүргізілуі барысында мектептің білім сапасы 59% дан 70 % көтеріліп отыр. Мұғалімдеріміз аудандық, облыстық семинарларға қатысып отырады. ҰБТ бойынша аудандық мектептердің алдыңғы қатарына іліктік.

1-қадам. Біз неден бастадық?

Тарих, математика, жаратылыстану, қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімдерімен бірлесе отырып алдымен сыныпты таңдадық. Сол сыныптың сынып жетекшісі мен әлеуметтік педагогтың көмегімен, мектеп психологының көмегімен оқушылардан сауалнама алып, сыныптың деңгейін,

сынып оқушыларының қандай пәнді сүйіп оқитынын, әлеуметтік жағдайын ескере отырып осы сыныпқа зерттеу сабағын жүргізуді жоспарладық. Алынған сауалнама негізінде сыныптың білім сапасының төмендігін, оқушылардың сұрақ қою дағдыларының төмендігін, қызығып оқитын пәндерінің аз екендігін анықтадық. Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып оқушылардың сұрақ қою дағдыларының төмендігін ескере отырып, зерттеу сұрағын былай деп алдық. «Оқушылардың жоғары дәрежелі сұрақ қою дағдыларын қалай дамытамыз?»

Бұрын өткізген зерттеу сабақтарында, біз бақылаушы мұғалімдер, сыныптағы 3 оқушыны ғана бақылайтынбыз. А,В,С деңгейіне қарай. Ал қалған оқушылар бақылаушылардың назарынан тыс қалып қалатын. Соңғы өтіп жатқан зерттеу сабақтарымызда біз сыныптағы барлық оқушыларды А,В,С деңгейіне бөліп бақылайтын болдық. Бұлай бақылау бізге өте тиімді болды. Сонда сыныптағы барлық оқушылар бақылаушылардың назарында болады.

Біз зерттеу сабағымызды 6-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінен, Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» хикаятын алдық.

Мақсатымыз: әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік – қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

Таңдалынып алынған әдіс-тәсілдеріміз.

«Блиц сұрақтар», «Аквариумдағы балықтар», «Сен-маған, мен-саған» әдісі және «Еркін әңгіме».

Сабағымдағы тақырыпты ашу үшін алған әдістеріміз өте сәтті болды.

Өйткені оқушылар оқыған мәліметтерді саралап, талқылап, оған байланысты көзқарастарын,түсінгендерін, берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылады, бір ойдың екінші рет қайталанбауы, өмірмен байланыстыра білді.

АКТ – ны пайдаланып, өз беттерінше таныстырылым дайындап қана қойған жоқ, сонымен қатар жаңа білімді де қызығушылықпен игерді.

Бір – бірімен жұптасқан оқушылар өз жұптарының ойын жеткізу барысында өзге оқушының пікірін жеткізе алды. Демек, олардың бойында басқа оқушының көзқарасымен қарай алатын дағды қалыптасты. Екіұшты пікір қалыптасқан кезде олар бір – бірінің ойын, пікірін, көзқарасын құрметтеуді үйренді.

Бақылаудағы «А»деңгейіндегі оқушылар көшбасшы бола білді. Топтық жұмыс та да, жұптық жұмыста да, жеке жұмыста да өздерін еркін сезінді. Тобындағы оқушыларға көмектесіп отырды. «Блиц сұрақтар»; «Аквариумдағы балықтар»; «Еркін әңгіме», «Сен – маған, мен - саған» әдістері бұл оқушылар үшін тиімді болды. Көшбасшылық қасиеттерін одан ары ашты.

Бақылаудағы «В» деңгейіндегі оқушылар сабақтың басында ұяңдық танытқанмен сабақ ортасына қарай, әсіресе топтық, жұптық жұмыстарда өзін еркін сезініп, тіпті көшбасшы бола білді. Тобындағы оқушыларға көмектесіп отырды. Сабақтың басында «Блиц сұрақтар» «Аквариумдағы балықтар» әдістерінде В оқушылар ұяңдық танытты. Тек мұғалім сұраған кезде жауап берді. «Еркін әңгіме», «Сен – маған, мен - саған» әдістері В оқушыларға өте тиімді болды. Ұяңдықты ұмытып белсенділігі артты, коммуникативтік дағдылары дамыды.

Болашақта осы әдіс-тәсілдері арқылы сабақ өтілетін болса, оқушының ынта - жігері, оқуға деген құлшынысы арта түседі деген ойдамын.

Бақылаудағы «С» деңгейіндегі оқушыларға сабақтың басында «Блиц сұрақтар»; «Аквариумдағы балықтар»; «Сен – маған, мен - саған» әдістері тиімді болды. Тапсырмаларды топтың көмегімен орындады. Белсенділік танытты. «Еркін әңгіме» әдісі С деңгейлі оқушылар үшін тиімсіз болды, өйткені әңгімеге еркін араласа алмады. С деңгейіндегі оқушылар, топтық жұмыста сыныптастарының көмегіне сүйенеді, жеке жұмыстарда диалогқа көп тарту керек екенін түсіндік.

Зерттеу сабағынан соң оқушылар арасында талқылау жүргіздік. Яғни оқушы үніне құлақ түру үшін. Біз барлық оқушылармен емес, тек бір топтағы оқушыларды ғана алып қалып оқушылармен сұхбат жүргіздік.

1. Саған сабақта бәрінен де не ұнады?
2. Сен нені үйрендің? Бұрын істей алмағандарыңнан қазір нені істей аласың? Нені жақсырақ істей аласың? Қаншалықты жақсы? т.б.
3. Оқытудың қай бөлігі сен үшін барынша тиімді болды?
4. Егер дәл осы сабақ басқа топта өткізілетін болса, нені өзгертер едің? Неліктен бұл бөлігін өзгертер едің?
5. Қалай ойлайсың, еркін түрде әңгіме жүргізген ұтымды ма, жоқ әлде тәртіп сақтаған тиімді ма?
6. Жұптасып, ой бөлісу және өз жұбыңның пікірі мен ой – тұжырымын жеткізу барысында өз бойыңда қандай дағды қалыптастырдың?

7. Өзге оқушының пікірін жеткізе отырып, сол оқушының көзқарасымен қарауды, оның позициясын құрметтеуді үйрендің ба?

Зерттеу сабағын бейнежазбадан қарай отырып, бақылаушылардың пікірін тыңдай отырып, мен мынадай жетістіктер мен кедергілерді анықтадық:

Әрбір оқушы қандай жетістікке қол жеткізді деген сұраққа?, оқушылардың өздігінен білім алуға жауапкершілігі артқанын, ізденіс жұмыстары белсенді жүргенін, өзін-өзі бағалауға дағдыланғанын байқадым.

Осы әдістер – Оқуға көмектесті ма әлде кедергі, келтірді ме деген сұраққа?

Оқушыларды деңгейіне қарай саралау қажет екенін, бірін – бірі тыңдауға назар аудару керек екенін, «еркін әңгіме» барысында мотивациясы төмен оқушылар өз ойымен еркін бөлісе алды, бірақ оларды жеке тыңдаған әлдеқайда тиімді болар еді деп түйдім.

Әр оқушының оқу жетістігін жетілдіру үшін тәсілдің қай кезеңдерін жетілдіру керек деген сұраққа?

1. Оқушыларды ЖАДА – да жұмыс жасауға тарту керек екенін;

2. «Аквариумдағы балықтар» әдісінде баяндау жұмыстарын қысқартып, сұрақ қою дағдыларын жетілдіру қажет екенін;

3. Бағалау критерийлерін кейбір оқушылардың ескермейтіндігі анықталды.

Қортытындылай келе Жалпы Lesson study –дың 3- айналымында оқушылардың топтық, жұптық жұмысқа едәуір үйреніп қалғаны байқалды. Бұл сыныпта негізі белсенді оқушы аз, көбісі өз ойларын еркін жеткізе алмайтын.

«Аквариумдағы балықтар» әдісі арқылы өздері жаңа тақырыпты меңгеруге тырысты. Оқушылар жаппай топта жұмыс жасай алады бір -бірінің жауабын толықтырып, қолдау көрсете білді, бірақ жеке жұмысқа келгенде көптеген оқушылар жүйелі, түйінді сөйлей алмайтындығы байқалды. Сабақ барысында проблемалық мәселені қоя білді, оқушылар өздері ізденіп, тақырыпқа байланысты ең маңызды мәліметтерді ажырата білді. Жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлері барысында оқушылардың қызығушылығы, белсенділігі артты. Оқушының сабақты қабылдау, ойын жеткізу, өзін- өзі бағалай білуге мүмкіншілік туып, оқушылар өз деңгейлерін біліп отырды. Жалпы сабақ барысында көптеген оқушылар өздігінен жұмыс жасады, ойлантатын сұрақтарды меңгерді, бір-біріне көмектесті. Бағалау критерийлері арқылы өзін -өзі бағалау мен өзара бағалау жүзеге асты. «Мен саған-сен маған» әдісі бойынша бақылаудағы А оқушылары жоғары деңгейдегі сұрақтар қойды. «Еркін әңгіме» әдісінде тапсырмаға араласпай отырған оқушыларды жеке диалогқа тарту керек екенін түсіндік.

Нәтижесі қандай болды?

- Мектеп үшін:
- Мұғалімдердің көзқарасы өзгерді
- *Оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтірді
- Мектептің көрсеткіші артты
- Алынған тәжірибені оқу мен оқытудың әдістемесін әзірлеу үшін пайдалану жоспарланды
- Мұғалімдердің бір-бірінің сабақтарына қатысу, тәжірибе алмасу жұмыстары жақсы жолға қойылды
- Әріптестер үшін:
- Ынтымақтастық орнады
- «Оқушы үні» арқылы оқыту мен оқуда өзгеріс енгізу үшін оқушылардың пікірінің құнды екенін білді
- Проблеманы бірлесе шешу мүмкіндігі артты
- Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоспарлауды түсінді
- Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал етті

Оқыту мен оқуда өзгеріс енгізуге негізделді, сындарлы ұсыныс жасау арқылы қолдау көрсетті

Оқушылар үшін

- Білім сапасы артты
- Қалай оқу керектігін үйренді
- * Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне, түсіндіруіне мүмкіндік берді;
- Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектесті
- Өз оқуларына жауапкершілікпен қарауға дағдыланды
- Өзара ынтымақтаса бірлесе жұмыс жасады ;
- Бірін – бірі тыңдауға, сыни ойлауға , өзінің пікірін айтуға құқығының бар екендігін сезінді, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренді
- Оқушылар өз білімінің нәтижесін өздері бағалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық
2. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері Пит Дадли (Ұлыбритания
3. Lesson Study UK www.lessonstudy.co.uk Lesson Study: нұсқаулық Пит Дадли

ӘОЖ: 373.1.013

ЦИФРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ж.К.Кожагулова
Көктал орта мектебі мұғалімі, kozhagulova1984@bk.ru
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Аннотация: Мен бұл мақалада білім беру көкжиегіндегі цифрлы оқыту технологиясын жан-жақты талдап, сараладым. Сондай-ақ, ғылым мен техниканың жедел дамыған XXI ғасырында жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыға «нені оқытамыз?», «қалай оқытамыз?» деген сұрақтардың жауабын қарастырдым. Цифрлы технологияның бүгінгі маңызын толыққанды түсініп, оның негізгі функциясын зерделедім.

Кілт сөздер: Инновациялық технология, әдіс-тәсіл, техника, білім беру, оқушы, ақпараттық жүйе.

Аннотация: В этой статье я подробно проанализировал и проанализировал технологию цифрового обучения на образовательном горизонте. Кроме того, для формирования всесторонне развитой творческой личности в быстро развивающемся XXI веке науки и техники обучающемуся предлагается задать вопрос: «чему мы учим?», «как мы учим?» я рассмотрел ответы на эти вопросы. Я полностью осознал сегодняшнее значение цифровой технологии и изучил ее основные функции.

Ключевые слова: инновационная технология, метод, техника, образование, ученик, информационная система.

Annotation: In this article, I analyzed and differentiated digital learning technology on the educational horizon in detail. Also, in order to form a comprehensively developed creative personality in the XXI century of rapid development of Science and technology, the student is asked: «What are we going to teach?», «how do we teach?» I considered the answers to the questions. I fully understood the importance of digital technology today and studied its main functions.

Keywords: innovative technology, method, technique, Education, Student, Information System.

Бүгінде білім беру бағдарламасының басты мақсаты – кәсіптік дайындаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Қоғамымыздың қазіргі даму қарқыны елімізде барлық салаға түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етті. Ал, бұл тұста мұғалімдерге қойылар талап-міндеттердің де жүгі екі есеге артты. Бұл міндеттердің қатарына заман талабына сай заманауи ақпараттық жүйелерді қолдана білу дағдылары да енді. Атап айтар болсақ, компьютерлік техниканы және бағдарламалық құралдарды сабақ барысында көптеп пайдалану.

Мектептерде оқылатын қоғамдық пәндердің ішінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті елеулі орын алады. Бүгінгі күні аталмыш пәнді цифрлы оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту аса маңызды болып саналып жүр. Бұл үшін еліміздің білім беру саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, аталмыш пәннің оқушылар үшін аса қызықты әрі пайдалы өткізу жолдары қарастырылып, өз кезегінде нәтижесін де беріп жүр.

Жалпы, әдебиет пен тіл халқымыздың басты қазыналарының қатарынан табылады. Бұл біздің руханиятымыздың төрінен орын алатын құндылық. Сол себепті, оның ұлтымыздың өсіп-өркендеу жолында қосар үлесі орасан зор. Әсіресе, бүгінгі жаһандану дәуірінде ақпараттық ағынға жұтылып кетпей, өзіндік даңғыл жолымыздан теріс кетпеуіміз аса маңызды.

Бұл тұрғыда оқыту процесі кезінде жүйелі-әрекеттік тәсілді пайдалану аса тиімді. Жүйелі-әрекеттік тәсіл дегеніміз – оқушының өз бетінше ізденіп, білім жинауы және осы жолда оған мұғалімнің оқудың түрлі формаларын ұсынуы. Бүгінгі күні бұл тәсіл өте кең ауқымда қолданылып жүр. Оқытудың дәстүрлі форматында мұғалім сабақ бойы өзі сөйлеп, өзі түсіндіріп шықса, бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесінде мұғалім тек бағыт-бағдар береді. Оқушы өз бетінше ізденіп, білім мен ғылымның алтын қорын жинауға тырысады. Ал, ол өз кезегінде оқушының шығармашылық потенциалын арттырады. Егер оқушы өздігінен кітап бетін ақтарып, интернеттегі дереккөздер мен материалдарды пайдаланатын болса, онда ол бұл бағытта жетістікке жетеді. Ал, бұл жүйелі-әрекеттік тәсілдің басты ерекшелігі болып табылады.

Аталмыш тәсілді түрлі сыныптарда қолдануға болады. Мәселен, орыс сыныбындағы оқушыларға жүйелі-әрекеттік тәсілдің маңыздылығы туралы айтып, осы бағытта жұмыс жасасақ, нәтижеге жетеріміз сөзсіз. Мен де дәл осы салада біршама эксперимент жасап көрдім. Ол әркез сәтті шықты. Тіпті, орыс сыныбындағы оқушылардың танымы мен деңгейін арттыруға осы әдіс-тәсілдің қосар үлесі ерекше болды деп айтқым келеді.

Негізінен, орыс сыныптарына білім беру қазақ оқушыларына қарағанда ерекше форматта өтеді. Себебі, әр ұлттың өзіне тән формальды колориті мен танымы болғандықтан, білім беру мәселесіне келгенде, екі ұлттың өкілдері сабақ беру методикасын әрқалай қабылдайды. Қазақы танымда өскен балалар белгілі бір қабілетті игеріп, соған жетік болады. Ал орыс ұлтының оқушылары өз кезегінде басқа қабілетті жақсы меңгереді. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда жоғарыда атап өткен жүйелі-әрекеттік тәсілдің осы орайда тигізер пайдасы орасан зор.

Мектеп қабырғасында оқушыларды оқыту процесінде ең алдымен жүйелі-әрекеттік әдісі басты назарға алынуы керек. Себебі, қазіргі таңдағы оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі-әрекеттік әдісі бойынша жазылған. Сондықтан, әрбір мұғалім аталмыш технологиядағы негізгі функцияларды өзінің сабағында жетік қолданып, оны бүгінгі күннің талабына сай икемдеп, жаңа форматты оқыту процесінің үлгісін қалыптастырғаны абзал. Жүйелі-әрекеттік әдіс бүгінгі күні өте кең ауқымда қолданылып келе жатыр. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен ықыласын арттыру мақсатында қолданылып жүрген бұл технологияның беріп жатқан нәтижесі де өте үлкен.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың нәтижелі болуының негізгі алғышартының бірі – жан-жақты баяндау, мәселен бір әңгімені я болмаса шығарманы түсініп оқудың әр түрлі әдістерін көрсету. Бұл оқушылар үшін аса маңызды. Бұл, оқушылардың шығармашылық, әдістемелік көзқарастарын оятуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, оқушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже мұғалімнің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, өзіндік жұмысты түрлі цифрлық көрнекіліктермен, практикалық жұмыстармен астастырып немесе зерттеу әдісін түсіндірмелі әдіспен үйлестіре пайдаланудың да артықшылықтары жетерлік.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – білім беру үдерісіне жаңа цифрлық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу біздің міндетіміз.

Оқыту үдерісін технологияландыру туралы Я.А.Коменский осыдан 400 жыл бұрын айтқан. Және оның пікірінше, оқыту «технологиялық» болуы қажет. Оның мағынасы нені үйретсе де, нені оқытса да оқу үдерісі табыссыз болмауы керек.

Өз кезегінде Ж.Аймауытов: «... Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп оқыту үнемі ізденіспен, «жаңадан жаңаны» жасайтын іс-әрекет екенін айтқан еді. Сондықтан қай пән барысында да тек оқулықпен шектелмей, оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына көңіл бөлу қажет.

Жалпы, қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Ал, ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады.

Сол себепті, сабақтарымда инновациялық технологияларды жиі қолданамын. Инновациялық технологияны пайдалану барысында оқушыларға тақырыпқа болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай жасаймын.

Сабақ барысында жаңа технологияларды қолдану – уақыт үнемдеумен қатар, материалды кеңінен іздеуге, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Бұл ретте электронды оқулықтарды пайдаланудың да маңыздылығы жоғары. Себебі, аталмыш оқулықтарды пайдалану барысында оқушылар шығармашалыққа дағдыланады.

Сондай-ақ, оқушылар электрондық ресурстарды пайдалану арқылы кез-келген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз-ақ, меңгереді. Бұл әрекеттер оқушылардың интеллектуалдық танымын

арттыруға, іздену дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы технологиямен жұмыс істеу барысында оқушылар тез ойлап, жылдам шешім қабылдауға, шапшаң жауап беруге үйреніп, қызықты шешімдер құруда жетістіктерге жете бастайды.

Өткенді қайталау, қорытындылау, жаңамен байланыстыру, жадыда бекітуге арналған жаттығулар мен педагогикалық есептер жүйесін ойластыру, уақытты дұрыс пайдалану, сабақта оқушылардың жұмыс түрлерін тыңдау, талдау, жазу, жаттығу, іздену жұмысын ұйымдастыру бұның барлығы да – сабақтың жақсы өтуіне ықпал етеді.

Ахмет Байтұрсынов: «Мектепке бірінші керегі – мұғалім, екінші – оқыту ісіне керек құралдар, үшіншісі – бағдарлама және оқулықтар керек», - деп дөп басып айтқан. Оқыту ісінің сапасы расында да, осы үш қажеттілікке байланысты.

Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі оқушы – ертеңгі жаңа әлем. Демек, бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал, қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын, қабілет-қасиеттерін дамытатын мектеп шаңырағы қажет.

Қорыта айтқанда, оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда және ақыл-ой зердесін дамытуда жаңа технологияның мәні зор. Мәселен, оқушының еңбек етуге деген ұйымшылдық қабілетін оятуға ынталандырады, өзін-өзі басқару, бақылау, байқампаздыққа, ақыл-ой іскерлігінің белсенділігін дамытады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде жоғарыда аталған инновациялық әдіс тәсілдерді қолданудың пайдасы орасан зор. Сондықтан, жаңа технология үрдісін әр ұстаз жүйелі пайдалана білсе, ертеңгі қоғам иелерінің білімді, білікті, ынталы болары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде, 2013.
2. Қоңыратбаев Ә., Көшімбаев «Әдебиетті оқыту методикасы», 2011.
3. Тасболатов Қ. «Оқушылардың таным белсенділіктерін арттыру».
4. Савельев А.Я. Технология обучения и их роль в реформе высшего образования. - Москва, №2, 1999
5. Вульфов Б.З. Педагогика рефлексии: взгляд на профессиональную подготовку учителя. - Москва: Магистр. – 2012.

УДК 378.091.3:004.77

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮДІРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Т.А.Тилеубаева
Қаратай Тұрысов атындағы №53мектеп-гимназиясы
педагог-зерттеуші, kemelbek.02@mail.ru
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақаланың негізгі мақсаты - оқытуда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану. Бұл инновациялық тәсілді қолдану шетелдік коммуникативтік құзыреттілікті тиімді меңгеру қабілетінде жатыр. Коммуникативті тәсіл қарым-қатынасты оқытуды және интернеттің жұмыс істеуіне негіз болатын мәдениет аралық өзара әрекеттесу қабілетін дамытуды қамтиды.

Кілт сөздер: зерттеу, инновациялық білім, интерактивті әдістер, оқыту.

Аннотация: Основная цель данной статьи - эффективное использование инновационных технологий в обучении. Применение этого инновационного подхода заключается в способности эффективно овладевать зарубежными коммуникативными компетенциями. Коммуникативный подход включает в себя обучение общению и развитие способности к межкультурному взаимодействию, которое лежит в основе функционирования интернета.

Ключевые слова: исследования, инновационные знания, интерактивные методы, обучение.

Электрондық кітапханалар мен білім беру интернет-порталдарының қызметі арқасында қажетті оқу ақпаратын алу үшін кең мүмкіндіктер ашылды көлемі. Қазіргі адамның алдында Интернет желісінің арқасында елестету мүмкін емес ғылыми ақпараттың үлкен көлемі. Ғылыми-техникалық прогрестің барлық осы жетістіктері қазіргі заманғы кәсіпорындарда және білім беруде тиімді оқытуға ықпал етеді мекемелер. Заманауи коммуникациялық технологиялардың көмегімен мыналарды жүзеге асыруға болады қашықтықтан оқыту сабақтары, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық көмегімен жүзеге асырылатын жұмыстар, практикумдар және оқу сабақтарының басқа да нысандары ғаламдық Интернет желісінің мүмкіндіктері. Қашықтықтан білім беру мыналарды тартуға мүмкіндік береді оқу процесінде мүдделі тұлғалардың едәуір саны бар, өйткені білім алушылар дәріс аудиториясының физикалық көлеміне байланысты болады.

Соңғы бірнеше жылда білім беру саласында белсенді қолданыла бастады онлайн семинарлар немесе вебинарлар. Вебинар-бұл веб-конференцияның бір түрі, оған мыналар кіреді онлайн-кеңестер өткізу, Интернет желісі арқылы Презентацияларды көрсету нақты уақыт режимінде және басқа интерактивті мүмкіндіктер. Вебинар кезінде барлығы қатысушы өзінің дербес компьютерін, қатысушылар арасындағы байланысты пайдаланады мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманың көмегімен интернет желісі арқылы қолдау көрсетіледі әрбір қатысушының компьютерінде немесе веб-қосымша арқылы орнатылған қамтамасыз ету.

Вебинарды өткізудің соңғы әдісі өте ыңғайлы, өйткені ол кеңейтуді қажет етпейді мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету конференциясына қатысушылардың жұмыс станцияларында. Вебинарлар әртүрлі интерактивті өзара әрекеттесулерді қолдана алады, соның ішінде дауыс беру және сауалнама сеанстары, бұл аудитория мен аудитория арасындағы толық өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді оқытушы. "Интерактивті өзара әрекеттесу" анықтамасы жиі қолданылады арнайы әдебиет. Интерактивті өзара әрекеттесу - бұл білім алушының қарым-қатынасы вебинардың басқа қатысушылары бағдарламалық кешен арқылы. Неғұрлым жетілдірілген қарым қатынас мүмкіндіктері мазмұн нұсқаларын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылады оқу мазмұны және оқыту режимі. Неғұрлым көп мүмкіндіктер бар бағдарламалық кешен, білім алушы оқу процесіне неғұрлым белсенді қатысады және вебинардың басқа қатысушыларымен қарым-қатынас, интерактивтілік соғұрлым жоғары болады. Жалпы мағынада интерактивті өзара әрекеттесу кез-келген қатысушылардың қарым-қатынасын қамтиды оқу процесі, оларға қол жетімді мүмкіндіктерді пайдалана отырып, бір-бірімен. Вебинарлар өткізу кезінде "электрондық тақта" технологиясы жиі қолданылады. Бірінші кезек бұл интерактивті құрал түсініктемелерге арналған, ол мүмкіндік береді оқытушы мен тыңдаушыларға слайдтың жазбаларын қалдыру немесе түсініктеме беру презентациялар.

Ғаламдық интернет желісін пайдаланудың арқасында оқытушы мен білім алушылар вебинарлар бір-бірінен үлкен қашықтықта болуы мүмкін және біреуіне қатыса алады білім беру процесінде. Заманауи технологияларды қолданбай аудиторияны жинаңыз бірге жеткілікті қиын немесе мүлдем мүмкін болмас еді. Вебинарды қалай түсінуге болмайды бір жақты хабар тарату. Жүргізуші әдетте қатысушыларға құқық береді вебинар оларды қызықтыратын сұрақтар қою немесе талқыланатын сұрақтар бойынша өз көзқарасыңызды білдіру тақырып. Веб-камераларды пайдалану арқылы сұхбаттасушылар бір-бірін көре алады, бұл да білім беру процесіне оң әсер етеді. Сабақтарды өткізу кезінде, жиі компьютерлерді қашықтан басқару құралдары қолданылады, олардың көмегімен мұғалім білім алушылар, егер соңғысында қандай да бір жағдай болса, тікелей көмектесе алады практикалық тапсырманы орындаудағы қиындықтар. Joinme және сияқты құралдар TeamViewer қолданбаларды қашықтан басқару жағында тиімді басқаруға мүмкіндік береді компьютер.

Әдетте қашықтықтан білім беру формасы тәуелсіз білім беруді қамтиды білім алушылардың практикалық тапсырмаларды орындауы. Орталықтандырылған сақтау үшін орындалған тапсырмалар, Оқу материалдары және оқу үшін қажетті өзге де құжаттар бұлтты деректер қоймалары жиі қолданылады. Бұлтты деректерді сақтау, – бұл пайдаланушылардың ақпараты мен деректері сақталатын онлайн сақтау түрі пайдалануға берілген бірнеше интернет-серверлер клиенттерге. Бұлтты сақтауды пайдалану көбінесе әлдеқайда ыңғайлы жеке арнайы серверлерді

пайдалану. Пайдаланушы тұрғысынан бұлтты сақтау олардың біртұтас виртуалды серверін білдіреді. Бұлтты мысалдар сақтау Dropbox және GoogleDrive қызметтері болып табылады. Айта кету керек, бұл бұлтты сақтаудың көпшілігі дискінің белгілі бір көлемін қамтамасыз етеді тегін пайдалануға арналған кеңістіктер. Әдетте бірнеше гигабайт жеткілікті білім беру қажеттіліктері. Қосымша (және кейбір жағдайларда тіпті негізгі) құрал білім беру вебинарына қатысушылар арасындағы байланыс қызмет ете алады Voipқолданбалар. Voice over IP немесе VoIP, - желілік протоколдар мен бағдарламалық жасақтаманың жалпы атауы IP-желілер арқылы аудио ақпаратты сандық түрде беруге мүмкіндік беретін құралдар [4. 7 б.]. Voipқолданбалар пайдаланушыларға сенімді және арзан байланыс арнасын ұсынады аудио және бейне қоңыраулар шалуға, конференциялар ұйымдастыруға болады.

Қазіргі уақытта танымал VoIP қосымшалары-Skype, Google Talk, Twinkle және басқалар. Ішкі корпоративтік ақпарат IP телефония құралдарының көпшілігі шифрлауды қолдайды деректерді беру үшін оларды сәтті пайдалануға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Журнал «Мектеп». - № 11. - 9 б.
2. Журнал «Информатика негіздері». - 2010. - № 1. - 11-14 б.
3. Вердербер Р., Вердербер К. Психология общения. – СПб.: Прайм - Еврознак, 2003. – 102-106
4. Горшкова Е.Г., Бухаркова О.В. Коуч - наставничество как инструмент развития // «Мектеп». - № 12. – 7 б.

УДК 378.147

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

А.Ж.Абилова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.
магистр, аға оқытушы, adika_jan_@mail.ru
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл жұмыс қашықтан басқарудың заманауи әдістері мен технологияларына арналған оқыту. Заманауи әдістер мен әдістер сияқты мәселелер зерттеліп, қайта түсіндірілді оқыту, жаңа қызметкерлерді бейімдеудің заманауи әдістері, оқыту технологиялары: мәселелер және оларды шешу жолдары, сондай-ақ қосымша даму ерекшеліктері қашықтықтан оқытумен тығыз байланысты кәсіби бағдарламалар қосымша кәсіптік білім беру. Әдістемелік ұсынымдар білім беру мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларының тыңдаушылары мен білім алушылары үшін, кәсіптік қайта даярлау, сондай-ақ қызығушылық танытқан барлық мүдделі тұлғалар білім беруді дамыту мәселелері мен перспективалары.

Түйін сөздер: технология, әдіс, қашықтықтан оқыту, интернет, модуль.

Аннотация: Данная работа посвящена современным методам и технологиям дистанционного обучения. Изучены и переосмыслены такие вопросы, как современные приемы и методы обучения, современные методы адаптации новых сотрудников, технологии обучения: проблемы и пути их решения, а также особенности разработки дополнительных профессиональных программ, неразрывно связанных с дистанционным обучением и дополнительным профессиональным образованием. Методические рекомендации предназначеныы для преподавателей образовательных организаций, для слушателей и обучающихся программ повышения квалификации, профессиональной переподготовки, а также всех заинтересованных лиц, интересующихся проблемами и перспективами развития образования.

Ключевые слова: технология, метод, дистанционное обучение, интернет, модуль.

Abstract: This work is devoted to modern methods and technologies of distance learning. Such issues as modern teaching techniques and methods, modern methods of adaptation of new employees, training technologies: problems and ways to solve them, as well as features of the development of

additional professional programs inextricably linked with distance learning and additional professional education have been studied and rethought. Methodological recommendations are intended for teachers of educational organizations, for students and students of advanced training programs, professional retraining, as well as all interested persons interested in the problems and prospects of education development.

Keywords: technology, method, Distance Learning, Internet, module.

Қашықтықтан оқыту-бұл оқытудың ерекше түрі, оның басты ерекшелігі бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуінің интерактивтілігі.

Оқытушының болуы міндетті емес, өйткені қашықтықтан оқыту-бұл процесс материалды өз бетінше зерттеу. Қашықтықтан оқыту кезінде оқытуға жеке бағдарланған тәсіл жүзеге асырылады, максималды даралау орын алады оқыту. Қашықтықтан оқыту жалпы педагогикалық дидактикалық болып табылады оқыту принциптері және нақты принциптер. Жаңа ақпаратты пайдалану және телекоммуникациялық технологиялар қатысушылардың өзара іс-қимылын жүзеге асыруға мүмкіндік береді электрондық пошта арқылы орналасқан жеріне қарамастан қашықтықтан оқыту, чат, форум, бейнеконференция, вебинар, онлайн семинар.

Қашықтықтан оқытудың әдістемелік ерекшелігі-бұл ассимиляция оқу бағдарламаларында көзделген білім, іскерліктер мен дағдылар оқытудың дәстүрлі формалары (дәріс, сабақтар, семинарлар және т. б.), ал өз бетінше білім алушының жұмысы әртүрлі құралдардың көмегімен – ақпарат тасығыштар. Орталықта қашықтықтан оқыту процесі оқыту емес, яғни білім алушының білім мен дағдыларды игерудегі өзіндік танымдық қызметі және дағдылар. Бұл ретте білім алушы жұмыс істеу дағдыларын меңгеріп қана қоймай компьютермен, сонымен қатар ол кездесетін оқу ақпаратымен жұмыс істеу тәсілдерімен қашықтықтан оқыту процесі.

Осыған байланысты қазіргі қоғам барған сайын көбірек ұмтылуда максималды еркіндік пен нәтижеге қол жеткізіңіз қашықтықтан оқыту алады жоғары оқытудың ұқсас түрлерімен, өйткені ол адамды уақытша емес, кеңістіктік мағынада. Оның кеңдігіне байланысты ол қымбат емес және сапалы.

Қашықтықтан оқытудың ақпараттық-білім беру ортасы деректерді беру, ақпараттық құралдардың жүйелі ұйымдастырылған жиынтығы ресурстар, өзара іс-қимыл хаттамалары, білім беруді қанағаттандыруға бағытталған аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету пайдаланушылардың қажеттіліктері. Бұл ретте Қашықтықтан оқытудың тән белгілері болып табылады:

- икемділік;
- модульдік;
- экономикалық тиімділік;
- оқытушының жаңа рөлі;
- білім беру сапасын мамандандырылған бақылау [1. 7 б.].

Қашықтықтан оқыту-білім беруге негізделген оқытудың бұл түрі бір-бірінен алыстатылған педагогтар мен білім алушылардың өзара іс-қимылы телекоммуникациялық технологиялар мен интернет ресурстарының көмегімен. Қашықтан оқу процесіне тән оқыту жүйесінің барлық компоненттері: мақсаттары, мазмұны, ұйымдастырушылық формалары, Оқыту құралдары, Бақылау және бағалау жүйесі нәтижелер.

Қашықтықтан оқытудың мақсаты білім алушыларды қамтамасыз ету болып табылады тікелей тұрғылықты жері немесе олардың уақытша болуы игеру мүмкіндігі жоғары және орта кәсіптік бағдарламалардың негізгі және қосымша сәйкесінше жоғары оқу орындарында кәсіптік білім беру, орта және қосымша кәсіптік білім беру.

Оқытудың мазмұнын әлеуметтік педагогикалық модель ретінде анықтауға болады. Тапсырыс, оқу процесі, оны жүзеге асырудың әдістері мен ұйымдастырушылық формалары анықталады оның мазмұны. Қашықтықтан оқыту кезінде мазмұнды іріктеу кезінде орынды жалпы принциптер мен ұсыныстарды қолданыңыз. Бұл жағдайда ескеру қажет орналасқан болуы мүмкін оқу объектісіне (субъектісіне) қосымша шектеулер және (немесе) тыныс-тіршіліктің ерекше уақыт кестесінің болуы және (немесе) дәстүрлі түрде оқудың физиологиялық мүмкін .стігі және басқа да себептер. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту кезінде бәрі бірдей бола бермейтін жағдайлар ескерілуі керек мамандықтар мамандарды дайындауға болады.

Қашықтықтан оқыту тыңдаушысына жоғары білім берілетіні анық жеке қасиеттерге қойылатын талаптар: табандылық, адалдық, адалдық және басқалар. Олар өзіндік жұмыс әдістемесі мен техникасының негіздерін білуі керек, жоғары уәждемемен білімді өз бетінше игеру және

толықтыру. Сонымен қатар, тиімді оқыту үшін олар жұмыс істеу дағдыларына ие болуы керек ақпараттық-технологиялық құралдармен.

Педагогикалық қызметте келесі бағыттарды бөлуге болады ақпараттық технологияларды пайдалану:

- Интернет-ресурстарды пайдалану;
- өзіңіздің мультимедиялық презентацияларыңызды жасаңыз;
- қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалану;
- оқытушының сайтын пайдалану (электрондық кабинет);
- зерттеуде онлайн тақтаны, желілік презентацияларды пайдалану қызмет және өзіндік жұмысты орындау [2. 460 б.].

Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқыту белгілі бір дайындықты қажет етеді оқыту, яғни білім берудің бастапқы деңгейі (белгілі бір бастапқы білім жиынтығы, дағдылары) және одан басқа жұмыс орнын техникалық қамтамасыз ету. Әлбетте, бұл жұмыс орнын тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету де болуы тиіс білім алушы.

Қашықтықтан оқытудың білім беру процесінде мыналар қолданылады құралдар: кітаптар (қағаз және электрондық нысанда), желілік Оқу материалдары, кәдімгі және мультимедиялық нұсқалардағы компьютерлік оқыту жүйелері, аудио оқу-ақпараттық материалдар, бейне оқу-ақпараттық материалдар, зертханалық қашықтан қол жетімді қашықтықтан оқыту семинарлары, тренажерлер, мәліметтер базасы және білім, қашықтан қол жетімді электрондық кітапханалар, дидактикалық материалдар сараптамалық оқыту жүйелері, геоақпараттық негіздегі дидактикалық материалдар жүйелер. Оқу-материалдық Ішкі жүйе-бұл жүйенің маңызды құрамдас бөлігі оқу процесінің мазмұны мен әдістемесімен тығыз байланысты қашықтықтан оқыту. Ол мақсаттарға қатысты бағынышты жағдайда оқыту.

Интернет желісі - бұл күн сайын үлкен ақпараттық ресурс толықтырылды. Желі кез келген коммуникация мүшесіне мүмкіндік береді өзіңіз немесе жобаларыңыз туралы кез-келген ақпаратты жариялаңыз. Белсенді алмасу жүріп жатыр дайын мультимедиялық өнімдер және компьютерлік оқыту бағдарламалары. Интернет кәсіби корпоративтік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта корпоративтік желі деп аталады және негізінен бірнеше негізгі интеграция болып табылады электрондық поштаны бір ұйымдық ортаға біріктіретін функциялар мен технологиялар, деректер базасы, ақпараттық ресурстарды бөлісу және ағымдағы ресурстармен алмасу құжаттамамен. Қазір интернетте көптеген білім беру сайттары пайда болды және порталдар, форумдар, мұғалімдер мен оқушылардың желілік қауымдастықтары, желілік білім беру журналдар, әртүрлі бағыттар бойынша желілік ресурстар. Біз өз жұмысымызда қолданамыз келесі сайттар: http://kasipkor.kz/?lang=ru - коммерциялық емес акционерлік қоғам "Talap" холдингі (бұдан әрі – Холдинг) 2011 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылды техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту мақсаты [3. 6 б.]. Холдинг болып табылады 100% мемлекет қатысатын ұлттық компания, BilimLand-көптілді онлайн білім беру платформасы. Платформаны 2011 жылы Bilim Media компаниясы құрды Group. Сервис Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және АҚШ аумағында жұмыс істейді. Bilimland жалпы білім беретін пәндерге арналған бірнеше онлайн-платформаларды қамтиды.

Дәстүрлі оқу-материалдық Ішкі жүйе материалды қамтиды оқыту шарттары, құралдары және зерттеу объектілері, яғни материалдық және белгіленген бағыттар бойынша оқыту үшін қажетті техникалық құралдар оқу бағдарламаларына сәйкес дайындық. Оған оқу және оқу көмекші үй-жайлары; зертханалық жабдықтар, техникалық Оқыту құралдары кіреді, оқулықтар, оқу құралдары және басқа да оқу-әдістемелік материалдар. Оқу-материалдық ішкі жүйенің маңыздылығы "оның сәйкестігі" қағидатын бөліп көрсетуде ерекше атап өтіледі дидактикалық жүйе " және оны элементтер тізіміне енгізу дидактикалық жүйе. Қашықтықтан оқыту негізінен негізделгендіктен ақпараттық-техникалық құралдарда бұл ішкі жүйенің маңызы әсіресе артып келеді.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі-кірісті бақылау, мақсаттар мен міндеттер алынған білімді, бағдарлар мен мотивтерді бағалау; деңгейді талдау және бағалау оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін дамыту, сәйкесінше құру тиімді құралдар мен әдістерді таңдау үшін әлеуметтік-психологиялық портрет әрбір білім алушымен жұмысты барынша дараландыруға қол жеткізе отырып оқыту. Мұның бәрі дәстүрлі процестегі қабылдау емтихандарының мақсатына қарама-қайшы, мұнда ол негізінен оқуға үміткерлерді таңдау үшін қызмет етеді. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытуды бұрмалау ықтималдығы, сондай-ақ бақылау мәселелері артады қашықтықтағы білім беру процесі. Сондықтан арнайы техникалық қажет бұл мәселелерді шешуге

арналған құралдар, әдістер мен әдістер. Қазіргі уақытта сұрақ ол кездейсоқ, эмпирикалық деңгейде шешіледі.

Білім алушылардың дербес (жеке немесе топтық) қызметін ұйымдастыру желі барабар жаңа педагогикалық технологияларды қолдануды көздейді ішкі резервтерді ашуды ынталандыратын оқытудың осы нысанының ерекшелігі әр оқушы және сонымен бірге әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді тұлғалар. Осыған байланысты ынтымақтастықта оқыту ең сәтті (белсендіру үшін желілердегі әр оқушының танымдық іс-әрекеті), Жоба әдісі (Шығармашылық үшін алынған білімді интеграцияланған қолдану), зерттеу, проблемалық әдістер.

Қашықтықтан оқыту екеуімен де белсенді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді курстың оқытушы-үйлестірушісі және басқа серіктестермен ынтымақтастық әр түрлі танымдық және шығармашылық іс-әрекеттің процесі. Әлеуметтену мәселелері қашықтықтан оқыту кезінде өте өзекті. Бақылау жүйесі киюі керек жүйелі сипат және жедел кері байланыс негізінде құрылады (оқу материалының құрылымында көзделген, оқытушыға жедел жүгіну немесе курс кеңесшісіне кез келген ыңғайлы уақытта), сондай-ақ кейінге қалдырылған бақылау (мысалы, тестілеу кезінде). Бірқатар сипаттамаларды ажыратуға болады қашықтықтан оқыту курсы, егер ол тиімді болса:

- білім алушының қызметін неғұрлым мұқият және егжей-тегжейлі жоспарлау, оның ұйымдар, оқытудың міндеттері мен мақсаттарын нақты белгілеу, қажетті оқу материалдар;
- оқытушы мен оқытушы арасындағы мүмкін болатын ең жоғары интерактивтілік,
- білім алушы мен оқу материалы арасындағы кері байланыс, мүмкіндік беру топтық оқыту;
- оқушыға, білім алушыға мүмкіндік беретін тиімді кері байланыстың болуы надандықтан білімге дейінгі жолда алға жылжудың дұрыстығы туралы ақпарат алыңыз [4. 11-14 б.].

Мұндай кері байланыс операциялық, жедел және болуы керек көктемгі бағалау түрінде кейінге қалдырылған; мотивация да кез келген курстың маңызды элементі болып табылады қашықтықтан оқыту. Ол үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды, қашықтықтан оқыту курсының құрылымы модульдік болуы керек оқушының модульден модульге қарай жылжуы туралы нақты хабардар болу мүмкіндігі болды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. - Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2022.
2. 2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы 2022. - 460-461 б.
3. Журнал «Мектеп». - № 11. - 6 б.
4. Журнал «Информатика негіздері». - 2010.– № 1 - 11-14 б.

ӘОЖ 37.1174.371

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ МУЛЬТИМЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛЫҒЫ

Т.Н.Айнаддинова
«А.Мырзахметов» атындағы Көкшетау университетің
«Педагогика және психология» мамандығының магистранты, ainaddinovatamara@mail.ru
Астана қ. Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада қазіргі білім беру жағдайындағы педагогтардың мультимедиа технологияларын қолдануға даярлығы туралы баяндалады. Автор мультимедиялық технологияларға сипаттама беріп, оларды оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері мен тиімділігін талдайды және мультимедиалық технологияларды қолданудың тиімді әдістерін атап көрсетеді.

Кілтті сөздер: мультимедиалық технологиялар, педагог, оқушылар, ақпараттық технология, компьютер

Аннотация: В статье описывается готовность учителей к использованию мультимедийных технологий в современной образовательной ситуации. Автор описывает мультимедийные технологии, анализирует возможности и эффективность их использования в образовательном процессе, выделяет эффективные методы использования мультимедийных технологий.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, педагог, учащиеся, информационные технологии, компьютер.

Annotation: The article describes the readiness of teachers to use multimedia technologies in the current educational situation. The author describes multimedia technologies, analyzes the possibilities and effectiveness of their use in the educational process, and emphasizes the effective methods of using multimedia technologies.

Keywords: multimedia technologies, teacher, students, Information Technology, Computer.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Білім беруді реформалау – Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі екендігі баршамызға аян. XXI ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, қоршаған әлемге, адам денсаулығына, кәсіби мәдениетке ілтипатпен қарау дәуірі. Бүгінгі білім беру мазмұны, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты пән деңгейінде жақсартуға бағытталған барлық демократиялық бастамалар ұстаздар тарапынан жүзеге асырылуда. Бүгінгі мұғалімнің тек пән мұғалімі ретінде қабылдануы олқылықты көрсетеді. Педагог – қоғамның айнасы.

Қазіргі уақытта мектеп тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі оқыту әдістері толыққанды білім беруге және оны заман талабына сай меңгеруге кепілдік бермейді. Сондықтан оқу үрдісіне жаңартылған әдістемелік жүйені енгізу үшін оны технологияландыру қажет. Білім беру үдерісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жүзеге асыруда оқу үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпарат ғасыры» деп аталады. Халықты ақпараттандыру ғылыми-техникалық прогрестің басты белгісі болып табылатын Қазақстан Республикасы да жаңа кезеңге аяқ басты. Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің ұлттық моделі қалыптасуда. Педагогика ғылымында бала тұлғасын дамытуға бағытталған оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде мультимедиялық технологияларды шығаруға деген ұмтылыс артып келеді. Мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін байытады, оқытуды тиімді етеді. Компьютерлік технологиялардың ішінде оқу үрдісіне мультимедиялық технологиялар ең қолайлы болып табылады.

Мультимедиа – компьютер жұмысын көптеген ақпарат түрлерімен, оның ішінде жоғары ажыратымдылықтағы түрлі-түсті графикамен, жылжымалы және ағынды түстермен динамикалық эффектілермен, синтезделген музыканың дыбыстары мен дыбыстарымен, мультфильмдермен, толық түсті бейнеклиптер мен бейнелермен бейнелейтін жаңа бағыт.

XXI – ғасырдағы ақпараттандырылған қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру саласындағы келесі міндеттерді шешу жоспарлануда;

- оқу үдерісінде компьютерлік технологияларды;
- компьютерлік желілерді;
- электронды және телекоммуникациялық құралдарды;
- электронды оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру.

Мультимедиялық технологияларды қолдану бағдарламалық-әдістемелік базаның жетілдірілуін, сонымен қатар педагогикалық ұжымның біліктілігін арттыруды, білім беруде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді. Бір кешенде мәтіндік ақпаратпен, графикалық бейнемен, дыбыспен, анимациялық компьютерлік графикамен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қазіргі техникалық орталар мультимедиялық орталар деп аталады. Мультимедиялық технологияларды енгізудің негізгі ортасы компьютерлік және бейне-компьютерлік визуализация ортасы болып табылады.[1]

Мультимедиа технологиялар – бұл дәстүрлі мәтіндегі объектілер мен процестерді сипаттау емес, фотосуреттерді, бейнелерді, графиканы, анимацияны, дыбысты, яғни бүгінде бәрімізге таныс формаларда көрсету. Бұл жағдайда бізде екі негізгі сапалық және сандық басымдық бар. Ауызша сипаттауды аудиовизуалды презентациямен салыстыратын болсақ, онда сапалық артықшылық бірден көрінеді. Сандық басымдылық мультимедиялық ортаның

ақпарат тығыздығының жоғары болуымен көрінеді. Шындығында, мәтіннің бір парағы 2 Кбайтқа жуық ақпарат сыйғыза алады. Оқытушы бұл мәтінді 1-2 минутта айтып шығады. Ал осы уақытта толықэкранды видео 1,2 Гбайтқа бере алады. Міне, сондақтан да «мың рет естігеннен, бір рет көрген жақсы».

Мультимедиялық технологияларды қолдану әдісінің тиімділіктері:

- Оқытуды басқару жүйесі сабақтың әртүрлі кезеңдерінде жетілдіріледі;
- оқу мотивациясын арттырады;
- білім беру мен оқыту сапасын арттырады;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытады;
- оқушылардың дайындық деңгейін арттырады;[2]

Бұл компьютердің ойын құрылғысы ғана емес, басқа да мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Мультимедиялық сабақтар келесі дидактикалық міндеттерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру, алған білімдерін жүйелеу, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- жалпы білім беретін пәндерге, соның ішінде педагогикалық-психологиялық арнайы пәніне қызығушылықты арттыру;
- оқушыларға оқу материалдарымен өзіндік жұмыс істеуге әдістемелік көмек көрсету.[3]

Бұл технологияны оқу материалын беру және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру, көру жады белсендірілген кезде қабылдау қабілетін арттыруды қамтамасыз ететін әдіс ретінде қарастыруға болады. Адамдардың көпшілігі естігенінің 5%, көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және бейне ақпаратты бір уақытта қолдану есте сақтауды 40-50% арттырады. [4] Мультимедиялық бағдарламалар ақпаратты әртүрлі формада ұсынады, сондықтан оқу процесін ізгілендіруге мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологияларды сабақта қолданғанда сабақтың құрылымы өзгермейді, барлық негізгі кезеңдері өзгеріссіз қалады, тек уақытты бөлу ғана өзгеруі мүмкін.

Бұл ретте мотивация кезеңінің ұлғаюын және когнитивті жүктеменің жоғарылауын атап өту керек. Бұл оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, жетіспейтін білімдерін толықтыруға қызығушылықты арттыратын оқудың қажетті шарты. Гипермәтіндік сілтемелер арқылы жасалған мультимедиялық презентациялар аналитикалық және жүйелі ойлау қабілетін дамытады. Сонымен бірге презентацияның көмегімен фронтальды, топтық, жеке сияқты танымдық әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдануға болады. Сондықтан мультимедиялық презентация сабақтың үш дидактикалық мақсатына жауап береді:

- Тәрбиелік аспект: оқушылардың оқу материалын қабылдауы, пәндердің байланысы мен өзара байланысын бағалау.
- Дамытушылық жағы: оқушылардың танымдық қызығушылығын, жүйелеу, талдау, салыстыру, шығармашылық және оқу белсенділігін дамыту.
- Тәрбиелік аспект: ғылыми көзқарастарды тәрбиелеу, өз бетінше және топпен жұмыс істеуге үйрету, жолдастыққа, өзара көмекке үйрету.

Мультимедиялық презентацияларды қолданудың артықшылықтары:

- Мультимедиялық сабақтар жаңашылдығымен оқушыларды қызықтырады;
- мұндай сабақ кезіндегі сабақта оқушылар өз ойларын «өз сөзімен» жеткізеді;
- шынайы қарым-қатынастар туады;
- тапсырманы ынтамен орындайды;
- оқылатын материалға қызығушылықпен қарайды;
- оқушылар оқулықтармен, анықтамалықтармен және пән бойынша басқа әдебиеттермен жұмыс істеуді үйренеді;
- оқушылар қосымша күрделі тапсырмаларды ала отырып, жоғары нәтиже көрсетуге қызығушылық танытады.[5]

Мультимедиялық технологиялардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады. Тақтаға бормен жазылған суретті экрандағы түрлі-түсті, анық, анық суретпен салыстыруға болмайды. Тақта мен бордың көмегімен әртүрлі қолданбалармен жұмыс істеуді түсіндіру қиын және мүмкін емес. Слайдтарда тез түзетулер енгізуге болады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнатылады.

Презентацияда гиперсілтемелерді пайдалана отырып, оқушылардың дайындық деңгейіне байланысты бір материалды толық және тек негізгі сұрақтар негізінде түсіндіруге болады. Материалдың мөлшері мен беру жылдамдығы сыныпта анықталады. Проектор арқылы

презентацияны көрсету кезінде оқушылардың жұмыс орны жеткілікті түрде жарықтандырылған болады және сабақта көрнекіліктерді қолдану деңгейі артады, мұғалімдердің жетекшілігімен оқушыға білім беру бағдарламаларын құру бойынша жобалық іс-шараларды ұйымдастыруға болады.

Ақпараттық технологияны пайдаланатын мұғалім оқу материалын баяндау логикасына көп көңіл бөледі, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді. Компьютермен қарым-қатынас өзгеруде. Балалар оны адамзат барлық салаларда қолдана алатын әмбебап құрал ретінде қабылдай бастайды. Бір сөзбен айтқанда, мультимедиа ақпаратты жеткізудің бірнеше арналарын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі ақпарат құралдары бірін-бірі толықтыратын жағдай жасайды. Оқушылар қоршаған ортаны ана тілімен шығармашылықпен пайдаланудың жаңа мүмкіндіктеріне ие болады. Мультимедиялық құралдарды қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын шығармашылық жобаларын жүзеге асыруға беруге үйретеді. Оқушылар әртүрлі жобаларда мультимедиялық технологиялар арқылы алған білімдерін іс жүзінде қолдану, белсенділік, жинақылық, өз бетінше жұмыс істеу сияқты өмірге қажетті қасиеттерді қалыптастырады.

Сондықтан да мультимедиа – оқу үрдісін құру құрылғысы ретінде, ал компьютер – кітап пен қалам сияқты оқушының жұмыс құралы ретінде қолданылуы тиіс деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. 1.Кириченко.А.А. Мультимедиа-технологии: учеб.пособие// под.ред. А.В.Кострова, ЮНИТА «Современная Гуманитарная Академия» – 2005ж – 25б.
2. 2.Досжанов Б.А. «Мультимедиалық технологиаларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері»: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.автореф./ Б.А.Досжанов.-Түркістан, 2007ж – 68б.
3. 3.Бидайбеков Е. Ы., Лапчик М. П., Нұрбекова Ж. К., Сағымбаева А. Е., Жарасова Г. С., Оспанова Н. Н., Исабаева Д. Н. «Информатиканы оқыту әдістемесі». Алматы, 2014ж – 148б.
4. Кувандикова Г.Г., Чориев И.Р. Технологии гуманизма общества в отношении к личности // Вестникнаукии образования, 2016. №5 (17) - 64-67 бб.
5. Кувандикова Г.Г., Чориев И.Р. Вести науки и образования. XIII межд. науч.-практ. конф. Москва, 23-24 бб.

ӘОЖ 37. 018.43:004

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ, АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Е.Т.Байболов
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
тарих ғылымдарының магистранты, yerlan_bai@inbox.ru
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Жаңа әлемдегі оқыту үрдісінде оқу процесінің әдістемелік дәстүрлерінің өзінше қалыптасып дамуына қарамастан, оқыту мәдениетінің жаңа әдістерін іздеу мен енгізуге, мейлінше түпкілікті ойлауды дамыту жолдарын іздеуге тырысады. Бұл орайда алдыңғы кезекте «информатика» курсын міндетті түрде игеру ерекше орын алады. Жаңа әлемдегі жағдаяттарға байланысты ғылыми және техникалық прогрестің қарқынды қарыштап дамуы компьютерлендіру үрдісіндегі жүйенің алға даму барысынан айқындалып ерекшелігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: қашықтықтан оқыту, ақпараттық қоғам, қашықтықтан оқыту технологиялары, ақпараттық орта.

Аннотация: Несмотря на самоформировавшееся развитие методических традиций учебного процесса в процессе обучения в новом мире, стремится искать и внедрять новые методы культуры обучения, искать пути развития более совершенного мышления. Особое место в этой связи

занимает обязательное освоение курса «информатики». Динамичное развитие научного и технического прогресса в связи с ситуациями в новом мире отражает специфику системы в процессе компьютеризации, определяемую прогрессом развития.

Ключевые слова: дистанционное обучение, информационное общество, технологии дистанционного обучения, информационная среда.

Annotation: Despite the self-formed development of methodological traditions of the educational process in the process of learning in the new world, it strives to seek and implement new methods of learning culture, to look for ways to develop more perfect thinking. A special place in this regard is occupied by the compulsory development of the course "computer science". The dynamic development of scientific and technological progress in connection with situations in the new world reflects the specifics of the system in the process of computerization, determined by the progress of development.

Keywords: distance learning, information society, distance learning technologies, information environment.

Қазіргі кездегі бізді қоршаған әлемдегі адамдардың өмір сүрудегі сапалығын едәуір арттырудың өзінше ұтымды қараудың жолы өзегінде индустриялық қоғам әлеуетінен ақпараттық (постиндустриалды) қоғамға көшу арқылы қадам басу, экономиканың және ғылымның қажет ететін және ресурс үнемдей отырып өндіріс бағытына көшіру, одан әрмен әлеуметтік дамудың объективті нағыз шынайы заңдылығы болып табылатыны түсінікті. Кейінгі жылдары біздің планетамыздағы көптеген мемлекеттерінде қоғамның әрбір қамтылған мүшесінің өз-өзін әрі қарай дамытуына жақсы жағдай жасауға бағытталған толыққанды ақпараттық қоғам құруда үнемі алға жүрушілік және тұрақты прогресс байқалады. Бұл процестің негізі компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды аса қарқынды дамыту және дамыған ақпараттық кеңістікте білім беру ортасын құру болып табылады.

Жаңа кеңістіктегі қоғамды ақпараттандыру әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің басты және аса маңызды бағыттарының біріне айналады. Бұнымен қатар мемлекет пен сол әлеумет ішіндегі халықтар арасындағы әлеуметтік қатынастарға едәуір қатты әсер ететін қоғам дамуының негізгі факторы болып табылады. Ақпаратпен қамтамасыз ету экономиканың, саясаттың, халықтың әлеуметтік және жеке өмірінің барлық салаларын қамтиды және технологияларға негізделген. Қазіргі кезде ақпараттандыру әрбір адамның және жалпы адамзат баласының материалдық тұрғыдағы, өндірістік тұрғыдағы, әлеуметтік тұрғыдағы және мәдени тұрғыдағы салаларына белсенді әсер етеді. Ақпараттық қамтамас ету саласындағы артта қалу үдерістері кез келген елде оның даму қарқынының жоғалуына әкелуі мүмкін екені айдан анық. Ақпарат алмасудың аса бір құнды жері, қоғамның пәндік-практикалық, әлеуметтік-саяси және рухани салаларында анағұрлым негізделген шешімдер мен тұжырымдар жасауға, өзгертулер мен қабылдаулар жасауға мүмкіндікті көбейтеді.

Бастапқы кезге келсек классикалық тұрғыдан басталған ғылым мен білім адамзат мәдениетінің даму тенденцияларын анықтауда жетекші рөл атқарды, бірақ адамзат қоғамының дамуының ақпараттық кезеңінен өткен дәуірді алар болсақ олар нақты саралау мен оқшаулануды құрды.

Өз әлеміміздегі қоғамдастықтың көп елдеріне тән классикалық білім беру моделі түгесіліп таусылды. XX ғасырдың аяғындағы әлемдік білім дағдарысы, ұлттық тұрғыда білім беру жүйесі дағдарысының дамуына септігін тигізе отырып ықпал ететін негізгі жағдайларға мыналар жатады:

- индустриялық қоғам жағдайында тұлғаны әлеуметтендіру факторларының шектеулілігі және әлсіздігі;
- білімді беру қызметінің ұтымды жағы мен жеке тұлғаның тұтастығын, оның жеке табиғатын сақтау арасында органикалық бірліктің болмауы;
- қоғамдағы өмірді ақпаратпен қамтамасыз ету және компьютерлендіру процестерінің, қазіргі заманауи коммуникациялық жүйелердің білім беру ортасындағы саласына әсері.

Қарапайым дәстүрлі білімге балама ретінде бейбіт даму әдістеріне байланысты әлемді танудың сантүрлі әдістерінің үйлесуіне бірден-бір негізделген ашық білім ғана бола алады. Жария түрде білім беру өмір бойы үздіксіз оқытуды, білім беру қызметіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы сипатының өзгеруін, білім берудің тиімділігі мен қол жетімділігін, тез дамып келе жатқан ақпараттық кеңістік жағдайында үнемі және ұдайы өзгеріп отыратын және болжанбайтын әлемге бейімделуге қабілетті әлеуметтік белсенділәкпен қаруланған тұлғаны тәрбиелеуді қамтиды. Осы

орайда, білім беру қоғамына қарай көшу дәстүрлі білім беру жүйесінің ішіндегі энциклопедиялық білімге бағдарлануын толытай жеңу мүмкіндігі болып табылады, ақпараттық-фактологиялық тұрғыдағы материалдарды жүктеу әрқашан жеке адам мен қоғамның нақтыланған қажеттіліктері мен қажеттіліктеріне байланысты бола бермейді. Сонымен қатар білімнің ашықтығы мен жариялылығы адамның өзін-өзі тануға механикалық қозғалыс реттігінде қарастырылмайды, бірақ адамның өмір бойы зияткерлік және кәсіби көзқарастарының мерзімді өзгеруі ретінде қарастырылады [1].

Кез келген әлеуметтік-экономикалық жүйені ашық жүйе деп атауға болады. Осы жүйелер екі негізгі жүйенің – қоғам мен ресурстардың қиылысында жүріп пайда болады. Жүйе қажетті біртұтас тұтастықты білдіретін және жаңа ерекшелікті құрайтын өзара байланысты және бір - бірімен әрекеттесетін элементтерді біріктіру уақтысында пайда болады. Осының бәрі қашықтықтан оқыту жүйесіне қатысты, бұл жүйе оқу процесінде қашықтықтан оқыту технологиясын қолданатын оқу орнының ішкі жүйелерінің бірі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша оқығысы келетін санаттарды қарастырайық. Бұл:

- дене мүмкіндіктері қозғалыс кезінде шектеулі адамдар;
- мемлекеттен алмасу бағдарламалары бойынша тыс жерлерге шығатын білім алушылар;
- әскери қызметке мерзімді шақырылған адамдар туралы;
- шетелдік ұзақ мерзімді іссапарларға шығатын адамдар туралы;
- жоғары білімі бар, бірақ оны қайтадан алғысы келетіндер;
- билік органдарында өңірлік лауазымдарды атқаратын тұлғалар;
- өткізу қабілетінің шектеулі болуына байланысты осы жүйенің дәстүрлі оқыту жүйесі бойынша оқытуды, оқытуды оқытумен біріктіруді қажет етпейді.;
- білім беру технологиялары ырғағында оқуға мүмкіндік бермейтін қызмет ерекшеліктері;
- студенттер параллель оқуға ұмтылады.

Қолжетімді ашық жүйеге сыртқы және ішкі орта әсер етеді, бұл тікелей және кері байланыстардың, соңғы және бастапқы ақпараттың болуын және осы ақпаратты түрлендіру әдіс - тәсілін көрсетеді. Сайып алғанда жіктеуге сәйкес оларды еңбек, материалдық, ақпараттық және қаржылық түрлерде бөлуге болады. Осы ресурстардың барлығы қашықтықтан оқыту жүйесінде бар. Ашық жүйелерді кибернетика тұрғысынан қарастырып, дәлелдеу керек. Деректік көздерден кибернетика күрделі, ұйымдастырылмаған жүйелерді тану әдістері туралы күрделі ғылым екені белгілі. Жүйелік талдау әдісі кибер қауіпсіздіктің ең бір негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Сол себепті кез-келген әлеуметтік-экономикалық жүйенің, атап айтқанда бұның ішінде қашықтықтан оқыту жүйесінің ашық жария типтегі жүйе екенін дәлелдеу үшін осы әдісті қолдана аламыз.

Қазіргі әлемде қашықтықтан оқыту біздің қоғамдағы жаңа құбылыс. Білім беруді қашықтықтан құру және дамыту тұжырымдамасы бар және оған сәйкес қашықтықтан оқыту әр адамның тұлғалық білім алу құқығын жүзеге асыруға арналған үздіксіз білім беру нысаны болып табылады.

Аталмыш құбылысты дамыту мен түсінудің кейбір мәселелерін қарастырамыз. Қашықтықтан оқытудың бірегей және бірыңғай анықтамасы әлі жоқ. Бұл саладағы ғылыми зерттеушілер мен мамандар пәнаралық білім туралы айтқанда, бұл дәйектер мен тұжырымдамаға басқаша қарайды. «Қашықтықтан білім беру» анықтамасының мән - мағынасын түйсіну және терең түсіну үшін әртүрлі ғалымдар өздері ұсынған тұжырымдаманың түсіндірмесін қарастыру қажет.

Американдық зерттеушілер М. Мур, М. Томпсон «қашықтықтан білім беруді» кабельдік немесе спутниктік теледидар, видео немесе аудио, факс, нетбук, бейнеконференция сияқты технологияларды қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын ұсыну деп анықтайды [2].

ЕО ғалымдары Д. Вердуин, Т. Кларк «қашықтықтан білім беру» термині мұғалімдер мен студенттердің әр қалыптағы байланыс құралдары арқылы оқыту мақсатында бір-бірінен айтарлықтай физикалық және технологиялық алыстауға әкелетін процесті жақсы түсінеді.

Академик А. Н. Тихонов қашықтықтан білім беру - бұл білім берудің нысаны емес, немесе «қашықтықтан оқыту технологиялары» тек арнайы «ақпараттық-білім беру ортасы» - деп мәлімдеме жасайды.

Ю. И. Лобанов қашықтықтан білім беруді, оқу-әдістемелік ақпарат көздерінен (уақыт пен кеңістік) алынған әртүрлі беру, өңдеу және сақтау құралдарының көмегімен білім алушыларға көрсетілетін қызметтердің білім беру кешені деп санайды.

Дәл осындай мәлімдеме мен анықтаманы Д.С. Сиговцев «қашықтықтан білім беру кешенімен білім беру қызметтерін ұсынатын арнайы ақпараттық ортада құралдарын оқу-әдістемелік ақпаратты алыс қашықтықтарға беру үшін пайдалану» деп түсінік береді [3].

Мәскеу мемлекеттік университетіндегі Ж.Б. Тихомировтың жетекшілігімен экономика, статистика және информатикалық қашықтықтан білім беру түсінігін – бұл қашықтықтан оқыту процесін жүзеге асыратын педагогикалық жүйе деп санайды, бұл білім беру процессін растайды.

Қашықтықтан білім берудің жаңа түрін Е. С. Полат ұсынады және оны бір уақытта нәтиже, процесс және жүйе ретінде қарастырып бере алады.

Ж.А. Караев, А. К. Балафанов,А. Есбосынов қазақстандық зерттеушілер қашықтықтан білім беруді барлық туындайтын әдіснамалық және әдіснамалық салдарлармен ашық білім беру идеяларын іске асыру тәсілі ретіндегі дәлелді дәйектерді айқындайды.

Сод сияқты осы жұмыстардан үзінді келтірер болсақ, қашықтықтан білім беру:

- қашықтықтан оқыту әдістері мен құралдарымен оқыту нысаны;
- оқу ресурстарын білім алушыларға беру жүйесі мен процесі ; ;
- білім берудің айрықша формасы, электронды білім берудің барлық түрлерін оқытудың бірыңғай сапалы жаңа білім беру жүйесіне айналдыратын күш;
- кез келген білім беру мекемелерінен қашықтықта мамандандырылған ақпараттық-білім беру ортасының көмегімен халыққа және мамандар тізбегінің қалың тобына білім беру қызметтерінің кешені;
- білім алу (беру) тәсілімен немесе көбінесе біреу арқылы (қашықтықта) жүзеге асырылатын білім беру коммуникациясының сипатымен басқа нысандардан ерекшеленетін білім беру нысаны;
- қашықтықтан оқыту.

Қашықтықтан білім беру керемет парадоксты Д. Шелдің сәтті және өзектілігін жоғалтқан өрнегі қамтиды: ол өмірді сенімді түрде растайды, бірақ оның не екенін анықтай алмады.

Жоғарыда келтірілген қашықтықтан білім берудің анықтамаларын қорытындылай келе, қашықтықтан білім беруді философиялық категория деп тануды айтпағанда, ғылыми, кәсіби қатынастарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беру саласындағы осы терминді ерекше ұғым ретінде танудың бірыңғай тәсілінің жоқтығы туралы қорытынды жасауға болады. Сол себепті дәйектер мен пікірлердің таралуы: қашықтықтан оқытудан бастап оны ерекше білім беру формасы ретінде тануға дейін барады. Сол сияқты, қашықтықтан білім беру білім беру процессі қызметтерінің жиынтығы ретінде және технологиялардың тізбесінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Білім алудың дербес санаты және нысаны болып қашықтықтан білім беру болып табылады. Қашықтықтан білім берудің барлық секторлары үшін жоғарыда аталған санаттардың барлығы мазмұнын толтырудың жалпы тәсілі ретінде қарастырылады [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қашықтықтан оқыту технологиялары білім беру сапасын арттыру ресурсы ретінде / / Халықаралық студенттік ғылыми хабаршы. – 2017. – № 6.;
2. Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жүйесін қалыптастыру және Қазақстан-Ресей қашықтықтан білім беру университетін құру бойынша экспериментті іске асыру / / ҚР қашықтықтан білім беру: тәжірибені талдау және даму перспективалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. 15-16 наурыз, Алматы, ҚазМемҚызПИ, 2001. - 20-24 бб.
3. Сиговцев г. С., Чарута М. А. Сандық білім беру ресурстарын жіктеу және бағалау туралы // Қашықтықтан және виртуалды оқыту – 2009. - №11.- 25-32 бб.
4. Полат Е. С., Буханкина М. Ю. Қашықтықтан оқыту теориясы және тәжірибесі. – М.: Академия, 2005. – 395 б.

ӘОЖ 378.147

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ОНЛАЙН КУРСЫ

К.Д.Бузаубакова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
п.ғ.д., профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі klara_1101@mail.ru
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсының мазмұны айқындалады.

Сондай-ақ, мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыратындай онлайн курсқа арналған тапсырмалар және үлкен топтарды белсендіру үшін пайдаланылатын цифрлық платформалардың мәні ашылады; онлайн-курсқа арналған бейнесабақ және тест сілтемелері ұсынылады; онлайн курс барысында жүргізілген тест тапсырмаларының нәтижесі сұрыпталып, зерделенді.

Зерттеу AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылды.

Кілтті сөздер: қашықтан оқыту, цифрлы құзыреттілік, қашықтан оқыту технологиялары, цифрлық платформалар, онлайн курс.

Аннотация: В статье описывается содержание онлайн-курса «Технологии дистанционного обучения» для будущих педагогов с целью формирования у них цифрово-креативных компетенций в условиях дистанционного образования в Республике Казахстан.

Также в статье раскрывается сущность цифровых платформ, используемых для активизации больших групп и задания для онлайн-курсов, способствующих формированию цифровых компетенций будущего педагога в условиях дистанционного обучения; предложены видеоурок и тестовые ссылки для онлайн-курса; результаты тестовых заданий, проведенных в ходе онлайн-курса, были отсортированы и проанализированы.

Исследование AP09259497 в рамках грантового проекта «Совершенствование системы педагогического образования в новой реальности Казахстана: технолого-методические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении РК» профинансировано Министерством Образования и науки РК.

Ключевые слова: дистанционное обучение, цифровая компетентность, технологии дистанционного обучения, цифровые платформы, онлайн-курс.

Abstract: The article defines the content of the online course «Distance learning technologies» for future teachers in order to form digital competencies of future teachers in the conditions of distance education in the Republic of Kazakhstan.

The article also reveals the tasks for the online course and the essence of digital platforms used to activate large groups, so that digital competencies of the future teacher are formed in the conditions of distance learning; video tutorials and test links for the online course are offered; the results of test tasks conducted during the online course are sorted and studied.

The research was funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan within the framework of the grant project AP09259497 «Improving the system of pedagogical education in the new reality of Kazakhstan: technological and methodological aspects of the formation of digital competencies of future teachers in distance learning in the Republic of Kazakhstan».

Key words: distance learning, digital competence, distance learning technologies, digital platforms, online course.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында барлық цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін инновациялық виртуалды білім беру алаңы ретінде цифрлы педагогикалық хаб (педагогикалық кампус) жасақталуы тиіс.

Педагогтердің цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі олардың технологияны оқу процесінде қолдана білуінен ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, оқытушылармен, ғылыми қауымдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастық пен қарым-қатынас тәсілдерінен көрінеді: инновацияны өз тәжірибесіне ендіре алуы; кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіре алуы және дамытуы [1].

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі бұл ақпаратты өңдеуге және жұмыс істеуге, оқытуға, әлеуметтендіруге және қол жетімді мүмкіндіктерді кеңейтуге қажетті білім алуға байланысты міндеттерді қою және шешу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық медианы пайдалану дағдыларының жиынтығы болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қашықтан оқыту барысында да инновациялық білім алып, кәсіби біліктілікті арттыруға толықтай мүкіндік бар. Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара оқу жұмыс іс-әрекеті кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, телекоммуникациялық құралдарды пайдаланып жүзеге асырылатын оқыту.

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылар туралы және олардың цифрлық ортадағы белсенділігі туралы көптеген ақпаратты талдау арқылы ЖОО оқытушысы оған жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алады, цифрлы ортада болашақ педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қосымша дамытуға және анықтауға мүмкіндік бар, атап айтқанда:

1) білім алушылар және әріптестеріне сандық байланыс мүмкіндіктерін үйрету;
2) цифрлы ортада оқытушылармен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамыту;
3) оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалану;
4) ақпаратты қорғау тәсілдері туралы білімдерін тереңдету;
5) ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе біржақты ақпаратты анықтау;
6) цифрлық технологияларды қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану;
7) білім беру мәселелерін шешу үшін цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану;
8) білім беру процесінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау;
9) оқушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін сандық құралдарды пайдалануды үйрену және оларды қосымша қолдану[2].

Болашақ педагог инновациялық білімді қашықтықтан ұйымдастыратын онлайн курс және вебинарлар арқылы да ала алады.

ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылған (Келісім шарт №190/36-21-23,15.04.2021ж., ҰҒК шешімі: хаттама №3, 18.02.2021 ж.) AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» ғылыми жобасы аясында болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы өткізілді.

Онлайн курсқа Қазақстандық және Ресейлік жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру бағдарламаларының болашақ педагогтері қатысты.

Онлайн курсқа қатысқан респоденттердің саны – 100, соның ішінде болашақ педагогтердің саны 47 болды.

Онлайн курстың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру, болашақ педагогтердің креативтік құзыреттіліктерін дамыту, педагог кадрларды дайындаудың сапасын арттыру.

Онлайн курстың міндеттері:

- Цифрлық педагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мазмұнын ашып көрсету;
- Цифрлық ортадағы мұғалім мен оқушының рөлін айқындау және Цифрлы қоғамдағы smart-педагогтің құзыреттіліктерін ашып көрсету;
- Болашақ педагогтерді цифрлы білім беру ортасы, цифрлы білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары, принциптері және қашықтан оқыту технологияларының ерекшеліктерімен таныстыру;
- Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы білім беру платформаларында тиімді жұмыс жасай алатындай цифрлы-технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Көлемі 72 сағат болатын болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсының мазмұны 1-кестеде берілді.

Кесте 1

«Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсының мазмұны

№	Мазмұны	Академиялық сағат саны
1	**1 модуль** **XXI ғасырдағы білім берудің цифрлық трансформациясы**	**16**
1.1	Цифрлы білім берудің қалыптасу және даму факторлары	4
1.2	Цифрлық білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары мен принциптері	4
1.3	Цифрлы дидактика және Киберпедагогика	8
	2 модуль. Қашықтан оқыту: **Цифрлы педагогиканың дамуы және болашағы**	**20**
2.1	Цифрлы қоғам және мұғалім тұлғасы	4
2.2	**Ақпараттық қоғамда SMART білім беру**	4
2.3	Цифрлы трансформациялық білім беру: қашықтан оқыту ерекшеліктері	4
2.4	Мобильдік оқыту: жетістіктері мен кемшіліктері	4
2.5	Steam - білім беру	4
	3 модуль. Қашықтан оқыту технологиялары: **цифрлы білім беру платформалары және құралдары**	**36**
3.1	Цифрлы білім беру платформалары	16
3.2	Білім алуға арналған бұлттық қызметтер	2
3.3	Оқу жетістіктерін бағалауды іске асыру	2
3.4	Көрнекі мазмұнды құру және өңдеу	6
3.5	Жаппай ашық онлайн курстар	4
3.6	Электронды оқулық: ерекшеліктері және мүмкіндіктері	2
3.7	Портфолио – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы	4
	Барлық сағат саны	**72**

2-кестеде онлайн курстың тапсырмаларының мазмұны берілді.

Кесте 2

Онлайн курстың тапсырмалар мазмұны

№	Тапсырма	Формасы
1	Қазақстан Республикасының экономикасының нинновациялық-индустриялық дамуына цифрлық білім беру үдерісінің қарқынды әсеріне салыстырмалы SWOT-талдау жасаңыз.	SWOT-талдау жасау
2	«Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялар» тақырыбына постер әзірлеңіз.	Постер әзірлеу
3	«Цифрлы білім беру үдерісінде қолданылатын технологиялар» тақырыбына интерактивті постер дайындау, қорғау.	Интерактивті постер дайындау
4	«Цифрлы ұрпақ»/«Цифрлы әлемдегі креативті педагог» тақырыбына интерактивті постер жасаңыз немесе эссе жазыңыз.	Интерактивті постер / эссе

5	«Цифрлы ортадағы SMART- педагогі» моделін жасаңыз.	Ғылыми жоба, презентация
6	Қашықтан оқытудың маңызды мәселелері және шешу жолдарын зерделеңіз.	Онлайн-дискуссия
7	«Мобильді оқыту технологиялары: артықшылықтары және кемшіліктері» тақырыбына SWOT-талдау жасаңыз.	SWOT-талдау жасау
8	STEAM білім беру: артықшылықтары және кемшіліктері» тақырыбына интерактивті постер дайындаңыз.	Интерактивті постер дайындау
9	Цифрлы білім беру платформалары: 9.1 Zoom мүмкіндіктері 9.2 Skype мүмкіндіктері 9.3 Microsoft Team мүмкіндіктері 9.4 Google Meet мүмкіндіктері 9.5 Google Classroom ерекшеліктері 9.6 Kahoot мүмкіндіктері 9.7 EdApp білім беру платформасының артықшылықтары 9.8 Online Мектер платформасының ерекшеліктері 9.9 «Daryn.online» платформасының артықшылықтары 9.10 Kundelik.kz ақпараттық білім беру порталының мүмкіндіктері 9.11 Bilimland электронды білім беру порталының ерекшеліктері 9.12 edus.kz білім беру платформасының артықшылықтары 9.13 Moodle электронды оқыту және тестілеу жүйесінің мәні 9. 14 www.smart -pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының артықшылықтары	Презентация
10	Бұлтты технологиялар: 10.1 ZOOM платформасыны ның артықшылықтары. 10.2 Google Meet платформасыны ның артықшылықтары. 10.3 Webinar платформасының артықшылықтары. 10.4 Cisco Webex Classrooms платформасының мүмкіндіктері. 10.5 Skype платформасының мүмкіндіктері. 10.6 Microsoft teams платформасының артықшылықтары.	Презентация
11	11.1 Nearpod ерекшеліктері. 11.2 Onlinetestpad.com онлайн тест құрастырушысының мүмкіндіктері. 11.3 Quizizz.com викториналарға арналған онлайн-құралдың мүмкіндіктері. 11.4 Quizizz.com құрастырушысының мәні. 11.5 Jamboard интерактивті онлайн-тақтасының мүмкіндіктері. 11.6 Padlet.com онлайн тақталарын құруға арналған платформаның мүмкіндіктері.	Презентация
12	12.1 Power Point презентациясынан бейне жасау мүмкіндіктері 12.2 Camtasia Studio ерекшеліктері	Кросс-дискуссия
13	13.1 Coursera платформасының ерекшеліктері. 13.2 Edx платформасының ерекшеліктері. 13.3 Moocs.kz Ұлттық ашық білім беру платформасының мүмкіндіктері. 13.4 Openu.kz Қазақстанның ашық университетінің ерекшеліктері. 13.5 Дулати университетінің moocs.dulaty.kz платформасының мәні.	Презентация
14	14.1 Электронды оқулықтың ерекшеліктері. 14.2 Ғалым К.Д.Бузаубакованың «Педагогика» электронды оқулығының ерекшеліктері және артықшылықтары.	Презентация
15	Цифрлы білім беру платформалары: ерекшеліктері және мүмкіндіктері.	Онлайн-дискуссия

Онлайн курс барынша үлкен топтарды белсендіру үшін пайдаланылатын цифрлық платформаларды жаңа білім, жаңа мақсаттар, сауалнамалар алу, өзара әрекеттестік, ынтымақтастық, сыни ойлау процесі, топтық жұмыс, ортақ рефлексия жасау бойынша 3 топқа топтастырылып қарастырылды [3].

1-суретте үлкен топтарды белсендіру үшін пайдаланылатын цифрлық платформалар берілді.



Сурет 1. Үлкен топтарды белсендіру үшін пайдаланылатын цифрлық платформалар

72 сағаттық болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курста цифрлы платформалардың мәні ашылып, сипаттамалары берілді: Nearpod, Kahoot!, Explain Everything, Buncee, Go Noodle, Book Creator, Padlet, Canva, Nearpod, Google Classroom, Bilimland, Zoom, Skype, Onlinetestpad.com (3-кесте).

Болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсына өткізу үшін алдын-ала цифрлық контент дайындалды:

1) ресурс №1– теориялық материал;
2) ресурс №2 – презентациялық материал;
3) ресурс №3 – бейнематериал;
4) ресурс №4 – білімді бақылау және тексеруге арналған тест тапсырмалары.

Болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсына дайындалған цифрлық контент толықтай www.smart -pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының «Педагогикалық коучинг» блогына жүктелінді.

Кесте 3

Платформалар сипаттамасы

Реті	Платформа сипаттамасы
1	**Nearpod** – мұғалімдерге кез келген файл түрінен сабақтарды импорттауға және оларға интерактивті элементтерді, веб-сілтемелерді немесе бейнеклиптерді қосуға мүмкіндік беретін және барлық білім беру ұйым деңгейлері мен пәндері үшін пән сарапшылары әзірлеген, алдын ала дайындалған, толық интерактивті сабақтарды пайдалануға , интерактивті сабақтарды одан әрі кеңейтуге арналған, мұғалімдер өз сабақтарын гаджеттермен синхрондауға, реттелетін тапсырмаларды жасауға және үлгерімді бақылай алуға мүмкіндік беретін платформа.
2	**Kahoot!** – кез келген пән үшін, кез келген тілде, кез келген құрылғыда, барлық жастағы адамдар үшін бірнеше минут ішінде қызықты оқу ойындарын жасауды, табуды, ойнауды және бөлісуді жеңілдетін және мұғалімдерге бірнеше таңдау негізінде қызықты оқу ойындарын жылдам жасауға мүмкіндік беретін оқыту ойындарын құру платформасы.
3	**Explain Everything** –бұл анимацияны, дыбысты, түсініктемелерді пайдалануға мүмкіндік беретін қызмет, нақты уақыттағы ынтымақтастық үшін пайдалануға оңай

	дизайны бар бірлескен интерактивті онлайн тақта.
4	**Buncee** – мультимедиалық сабақтарды жасау, ұсыну және бөлісу мақсатында сыни ойлауды, коммуникация дағдыларын, ынтымақтастық пен шығармашылықты дамытатын сандық плакаттар, микрофильмдер немесе қарапайым ойындар жасау сияқты сыныптан тыс әрекеттер үшін пайдалануды ұсынатын презентация құралы. Тікелей Buncee-де аудио және бейне жазуға, сондай-ақ YouTube, Pixabay және басқа да көптеген ресурстармен біріктіруге болады.
5	**Padlet** – бірлесіп жұмыс істеудің ең оңай жолы. Padlet экрандағы ақ парақ сияқты. Бос парақтан бастап, содан кейін оған қалағанды орналастыруға болады. Бейнені жүктеп , сөйлесуді жазып, мәтін қосып немесе құжаттарды жүктеуге болады.
6	**Canva** – дизайнер еместерге арналған дизайн. Canva кәсіби сапалы графиканы жасауды керемет жеңілдетеді. Онлайн платформа қарапайым құралдар мен миллионнан астам фотосуреттер, графика және қаріптерден тұратын кітапхананы біріктіреді. Бұл қызметті презентациялар, плакаттар, блог мазмұны, карталар, онлайн маркетингтік материалдар, шақырулар, парақшалар және т.б. жасау үшін пайдалануға болады.
7	**Nearpod** – педагогтердің сабақтарға арнап таныстырылымдар жасауына және оларды білім алушыларға тура сабақ уақытында көрсетуіне мүмкіндік беретін платформа.
8	**Google Classroom** – оқытуды толығымен онлайнға көшіруге мүмкіндік беретін платформа: тақырыптар бойынша сабақтар құрастыру, материалдар қосу, үй тапсырмасын беру және тексеру.
9	**Bilimland** – бұл электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген цифрлық білім беру платформасы.
10	**Zoom** – бұл бейне-конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа.
11	**Skype** – дүние жүзімен байланыс жасауға арналған бағдарламалық қамту.
12	**Onlinetestpad.com** – көп функциялы конструктор, оның көмегімен тесттер, сауалнамалар, сөзжұмбақтар, диалогтық тренажерлер және т.б. жасауға болатын платформа.

Ал, 3-кестеде онлайн-курстың бейнесабақ сілтемесі берілді.

Кесте 3

Бейнесабақ сілтемелері

№	Бейнесабақ атауы	Сілтемесі
1-тақырып	Цифрлы білім берудің қалыптасу және даму факторлары	https://youtu.be/lgi7yBrtgiA
2- тақырып	Цифрлық білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары мен принциптері	https://youtu.be/wQe4Z55oEHo
3- тақырып	Цифрлы дидактика және Киберпедагогика	https://youtu.be/eZ6Sk0QiWDc
4- тақырып	Цифрлы қоғам және мұғалім тұлғасы	https://youtu.be/k3McVw8awq8
5- тақырып	Ақпараттық қоғамда SMART білім беру	https://youtu.be/O7fDphFxudE
6- тақырып	Цифрлы трансформациялық білім беру қашықтан оқыту ерекшеліктері	https://youtu.be/JFO8tqxR0Iw
7- тақырып	Мобильдік оқыту: жетістіктері мен кемшіліктері	https://youtu.be/katKgl4udEY
8- тақырып	Steam - білім беру	https://youtu.be/6MNT-7Vg_ys
9- тақырып	Цифрлы білім беру платформалары	https://youtu.be/8KQzev-TOOs
10- тақырып	Білім алуға арналған бұлттық қызметтер	https://youtu.be/3CGPyq7P5aQ
11- тақырып	Оқу жетістіктерін бағалауды іске асыру	https://youtu.be/ogN26QWPK6Q
12- тақырып	Көрнекі мазмұнды құру және өңдеу	https://youtu.be/pu4KE4n0DZs

13- тақырып	Жаппай ашық онлайн курстар	https://youtu.be/5jVuZddlR3Y
14- тақырып	Электронды оқулық : ерекшеліктері және мүмкіндіктері	https://youtu.be/TjddBmBMQ9Q
15- тақырып	Портфолио – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы	https://youtu.be/Hs7zqdnLi2I

4-кестеде «Қашықтан оқыту технологиялары» болашақ педагоггтерге арналған онлайн курстың тест тапсырмалары сілтемелері берілді.

«Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн-курсқа қатысқан болашақ педагогтер 4-кестеде көрсетілген сілтемелер арқылы тест тапсырмаларын орындады.

Онлайн-курсқа қатысқан болашақ педагогтер әрбір тақырып бойынша күн сайын 10 тест тапсырмаларын орындады. Тест тапсырмаларының саны – 10. Тест 5 жауаптан тұрды және дұрыс жауап саны – 1.

10 күнде онлайн-курсқа қатысқан болашақ педагогтер 150 тест тапсырмаларын орындады.

Кесте 4

«Қашықтан оқыту технологиялары» болашақ педагоггтерге арналған онлайн курстың тест сілтемелері

Тақырып	**Тест сілтемесі**
1-тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdPoazfzSjAtId0fhiglG-Bo1D3qF_SisYtbPSVYRZI4cFO8w/viewform?usp=sf_link
2 -тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeYLKQCQIRr3qaF5reLHirSjK7T57Z39p5hojLYCIqkzDgmVA/viewform?usp=sf_link
3- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSefYIEkeL5d-5WIYodZ31fIdr-zMygZT7GpG1XazOaZhcW2kw/viewform?usp=sf_link
4- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScej9Y8gCSc63txBv9tGffaHUPL8ocw5j0rB1EOic2_szhumw/viewform?usp=sf_link
5- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSe777iGNKMfK32_z9rqVorIXJzn-yUaCctC81NDwxebouXmTQ/viewform?usp=sf_link
6- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeJlD1UQa0ppY1CBdNqONUb5DcukSvkpnqUTj0T7UL_NfaF8A/viewform?usp=sf_link
7- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScXoTwPraRdVm6GmNXVD1x_NG8sDqBzOIgxFnxaRZ3AcWrFnQ/viewform?usp=sf_link
8- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScz1Mern0qdBdEzw9KVeBIQpgFBvn_S0SzT53OLFJ7NcoXpdw/viewform?usp=sf_link
9- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdA5oLYOC1f1EQVoBQWoZJP11VXi_VsJdFHD8LifX3vn2RxnA/viewform?usp=sf_link
10- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSc-EXl5IfLC8jtrN_4j-ZUHIWOy9HVgBx9FesCZuOhKd_FROA/viewform?usp=sf_link
11- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfiQHSXrIpWfc8u_egMu3QCUohHVx7rkHk-UBbDTSntoiqHmg/viewform?usp=sf_link
12- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSceVwcwVEA5pMrlm9l6COZr9dHjeAQu36l2F3tKFiFAreJWQg/viewform?usp=sf_link
13- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSftaL6ZjTK_MdXxbd_E0l3k0VwXEJa-mFWtsHJOJLAYbDOheA/viewform?usp=sf_link
14- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSecybDdtacLHKxPfQL2TpitUalaAz_BpzmC4MKlj7Gm7W6PmA/viewform?usp=sf_link
15- тақырып	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSclce7KaVg-K9EqeF8U54tYgXPMu1wQfFqkcOI6ivhX4q3YZg/viewform?usp=sf_link
Қорытынды тест	https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdnSrgsWbBRblIA4-gVIbGiV1xAmF9rmsfpVOLPwMjRA2WyaQ/viewform?usp=sf_link

Ал қорытынды тест тапсырмаларын 47 болашақ педагогтер орындады. Қорытынды тест тапсырмаларының саны – 25. Тест 5 жауаптан тұрады және дұрыс жауап саны – 1.

5-кестеде тест тапсырмаларының нәтижесі берілді.

Кесте 5

Қорытынды тест нәтижесі

Сұрақтың нөмері	«Дұрыс » жауап	«Дұрыс емес» жауап	Сұрақтың нөмері	«Дұрыс » жауап	«Дұрыс емес» жауап
1-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	14-сұрақ	44 (93,6%)	3 (6,4 %)
2-сұрақ	44 (93,6%)	3 (6,4 %)	15-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
3-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	16-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
4-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	17-сұрақ	46 (97,9%)	1 (2,1 %)
5-сұрақ	44 (93,6%)	3 (6,4 %)	18-сұрақ	44 (93,6%)	3 (6,4 %)
6-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	19-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
7-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	20-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
8-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	21-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
9-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	22-сұрақ	44 (93,6%)	3 (6,4 %)
10-сұрақ	44 (93,6%)	3 (6,4 %)	23-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
11-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	24-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)
12-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)	25-сұрақ	46(97,9%)	1 (2,1 %)
13-сұрақ	45 (95,7%)	2 (4,3 %)			

«Білім беру саласында қол жеткізген кәсіби дайындық деңгейі, өз кәсіби қызметтерінде цифрлық технологияларды нәтижелі түрде қолдана білу қабілеттері – бұл:» деп аталатын 1-сұраққа онлайн курсқа қатысқан респоденттердің 45 (95,7%)-і «цифрлық құзыреттілік» деген дұрыс жауапты таңдаса, болашақ педагогтердің 1 (2,1%)-і «цифрлық сауаттылық» деген дұрыс емес жауапты місе тұтқан, респоденттердің1 (2,1%)-і «технологиялық құзыреттілік» жауабын дұрыс деп санаған (2-сурет).

Сурет 2. Қорытынды тесттің 1-сұрағының нәтижесі

«Мазмұнды орналастыруға арналған тақталарды құруға арналған платформа – бұл:» деп аталатын 23-сұраққа онлайн курсқа қатысқан респоденттердің 45 (95,7%)-і «Padlet»

деген дұрыс жауапты таңдаса, болашақ педагогтердің 1 (2,1%)-і «Jamboard» деген дұрыс емес жауапты місе тұтқан, респоденттердің 1 (2,1%)-і «LearningApps.org» жауабын дұрыс деп санаған (3-сурет).



Сурет 3. Қорытынды тесттің 23-сұрағының нәтижесі

«Электронды оқулықтарды, CD/DVD мұқабаларын, презентацияларды, қарапайым ойындарды, электронды фотоальбомдарды, қарапайым аудио- және бейне ойнатқыштарды жасауға болады:» деп аталатын 25-сұраққа онлайн курсқа қатысқан респоденттердің 46 (97,9%)-ы «AutoPlay Media Studio» деген дұрыс жауапты таңдаса, болашақ педагогтердің 1 (2,1%)-і

«Camtasia Studio» деген дұрыс емес жауапты місе тұтқан (4-сурет).



Сурет 4. Қорытынды тесттің 2-сұрағының нәтижесі

6-кестенің көрсеткіштеріне сүйене отырып, қорытынды тесттің нәтижерін зерделесек, онлайн тестке қатысқан болашақ педагогтердің 44 (93,6%) пайызы «дұрыс» жауапты бірден тауып, өздерінің цифрлы құзыреттіліктерінің деңгейі жоғары екенін дәлелдеді.

01.02.23 -15.02.23 жылы «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн-курсы өткізілді, 6-кестеде өткізілген онлайн-курстың сілтемесі берілді және 10 күндегі өткізілген онлайн-

курстың бейнежазбасы толықтай www.smart -pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының «Педагогикалық коучинг» блогына жүктелінді.

Кесте 6

«Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курстың сілтемесі

Күн	Сілтеме
1 күн	https://cloud.mail.ru/public/724n/LuQ4cuXAJ https://cloud.mail.ru/public/jtKe/XxtxDKWXY
2 күн	https://cloud.mail.ru/public/mu1y/zwo7F8FQX
3 күн	https://cloud.mail.ru/public/QhZm/UuSwvaSKX
4 күн	https://cloud.mail.ru/public/7KQF/LfkaGyu4p
5 күн	https://cloud.mail.ru/public/avZT/jU5ps6wjN https://cloud.mail.ru/public/mBGe/BpUFhB2pb
6 күн	https://cloud.mail.ru/public/xeYx/aYvS1m89z
7 күн	https://cloud.mail.ru/public/m5VJ/7zDVpbeXS
8 күн	https://cloud.mail.ru/public/5W7E/78od8Rtgj
9 күн	https://cloud.mail.ru/public/QP9D/zRdALeMS9
10-күн	https://cloud.mail.ru/public/voDW/or2sfQHcE

Оқыту кезінде цифрлы технологияларды пайдаланудың артықшылықтарының бірі – білім алушыларды түгелдей оқу процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндіктерінің болатындығы. Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады. Сонымен қатар, бар теңсіздіктің жағдайын күшейтпеу үшін (мысалы, білім алушылардың барлығы бірдей интернет желісіне және дербес компьютерге қол жетімділікке және сандық технологияларға икемділікке ие емес) және технологияның барлық білім алушыларға қол жетімді болуын қадағалау маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Соколова И.В.,Сергеев А.Э. Внеурочная деятельность как форма интеграции науки и школьного образования//Современные наукоемкие технологии. - 2018.- №9. -С.193-197.
2. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. – Тараз: «ИП» Бейсенбекова А.Ж.», 2022. – 314 б.
3. https://dyjalog.by/68-potryasayushhix-onlajn-instrumenta-dlya-uchitelej
4. www.smart -pedagog.kz

ӘОЖ 37.013: 004

ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК НОВЫЙ ВЫЗОВ

В.Т. Байгашева
Общеобразовательная школа – гимназия № 17 имени Ивана Трубицына
педагог-исследователь, магистр, заместитель директора по учебно-воспитательной работе,
учитель русского языка и литературы, venera_bag1971@mail.ru
село Мерке, Жамбылская область

Аннотация: Дистанционное обучение – это не опыт, а обмен опытом в аудитории участников лекций. Этот формат обучения ориентирован на индивидуальногоученика. В большинстве курсов дистанционногообучения используются онлайн-ресурсы, такие как виртуальные учебные платформы, для оценки учащихся в режиме реального времени. То есть онлайн-режим означает определенный метод, режим обучения, в отличие от формата в случае дистанционногообучения.

Ключевые слова: образование, IT – технология, форма обучения, образовательные платформы, электронный журнал.

Андатпа: Қашықтан оқыту – бұл тәжірибе емес, дәріске қатысушылардың аудиториясында тәжірибе алмасу болып табылады. Оқытудың бұл форматы жеке оқушыға бағытталған. Қашықтан оқыту курстарының көпшілігінде виртуалды оқыту платформалары сияқты онлайн-ресурстар оқушылардың нақты уақыт режимін бағалау үшін қолданылады. Яғни, онлайн режимі қашықтан оқыту жағдайындағы форматқа қарағанда оқытудың белгілі бір әдісін, режимін білдіреді.

Кілтті сөздер: білім беру, технология, оқыту нысаны, білім беру платформалары, электрондық журнал.

Annotation: Distance learning is not an experience, but an exchange of experience in the audience of lecture participants. This teaching format is focused on the individual learner. Most distance learning courses use online resources such as virtual learning platforms for real-time student assessment. That is, the online mode means a certain method, mode of training, unlike the format in the case of distance learning.

Keywords: education, IT technology, form of education, educational platforms, electronic magazine.

В настоящее время во всем мире идет процесс цифровизации всей деятельности общества. Открываются новые возможности предоставления информационных, образовательных, исследовательских и другихсоциальныхуслуг без вмешательства человека. Нарядус материальными, энергетическими и трудовыми ресурсами цифровые информационные ресурсы входят в общественное производство и становятся составной частью любого производственного и социально-политического процесса, тоесть цифровизация становится самостоятельной областью научно-технического, социально-экономического, общественно-политического развитияобщества. Компьютеры, глобальные сети, электронные ресурсы стали современной реальностью и неотъемлемой частью жизни человека.

Сейчасперед обществом стоит одна из важнейших задач - создание перспективной системы образования, способной подготовить человека к жизни в новыхусловиях цивилизации. Под влиянием информации происходят коренные изменения во всехсферах жизни и профессиональной деятельности людей [1]. Это, в свою очередь, определяет необходимость поиска и внедрения в опыт работы учителей школы новыхспособов организации учебной деятельности учащихся, основанных на использовании информационно-образовательных ресурсов пространства.

В последние годы в связи с пандемией Covid-19 и условиями карантина дистанционное обучение на основе интернет-технологий получило широкое распространение во многихучебных заведениях мира. В 2019-2021 годах в условияхограничительных мероприятий, связанных собеспечением санитарно-эпидемиологического здоровья населения, перевод работы организаций образования в формат дистанционногообучения стал вызовом для современной системы образования. Массовый переход образовательныхорганизаций на дистанционный режим обучения на практике позволил каждому егоучастнику (педагогам, обучающимся и др.) получить новый опыт, оценить возможности электронногообучения и дистанционныхобразовательных технологий, сравнить ихс традиционным, классическим обучением. . . .

Дистанционное обучение – это форма обучения, при которой преподаватель и учащийся взаимодействуют на расстоянии с помощью информационных технологий. При дистанционном обучении обучающийся работает посамостоятельно разработанной программе, просматривает записи вебинаров, решает задачи, получает консультацию преподавателя в онлайн-чате и сдает свою работу на проверку в установленные сроки.

Дистанционное обучение представляет собой новую информационно-педагогическую технологию, позволяющую преподавателю организовать процесс интерактивногообщения собучающимся посредством средств обучения[2]. При этом дистанционное образование – этообучение, осуществляемое с использованием информационно-образовательных массивов сети Интернет, где в образовательном процессе преобладают дистанционные образовательные технологии, формы обучения, методы и средства. Сегодня в основе дистанционногообучения лежат мультимедийные средства, позволяющие активно использовать новые информационные технологии, передачуучебной информации двусторонняя связь на неограниченные расстояния, интерактивность обмена информацией в различных формахобучения (текст, графика, аудио,

видео)как в синхронном и асинхронном, так и в смешанном режиме [3]. Современная школа и современный учебный процесс предусматривает внедрение новых форм работы и рассматривает новые роли: ученик, как активный исследователь, творчески и самостоятельно работает над решением задачи образования, широко использует информационно-коммуникационные технологии для получения необходимой информации, а преподаватель, как консультант, использует компьютерные технологии, должен иметь возможность и умение ими пользоваться.В связи с этим необходимо внедрение в учебный процесссовременных компьютерных технологий, где компьютер является не только необходимым средством обучения, но и непосредственным объектом исследования, ведь современное поколение тесносвязанос компьютером. Таким образом, пробуждается интерес подрастающего поколения к условиям жизни в информационном обществе. Решение задач обеспечения равных возможностей для получения качественного общегообразования, существенно дополняя и расширяя традиционные формы организации общегообразования, позволяет широко использовать обучение с использованием дистанционныхобразовательных технологий.

В информационном пространстве Казахстана существуют различные образовательные платформы для студентов, например: Bilimland, Daryn Online, Kundelik, Platonus, Univer, Edupage, BTS education, U-study, AGS. Сегодня стриминговый сервис Zoom, крупнейшая платформа Coursera, предложил свои услуги бесплатно. Кроме того, можно использовать системы Google Classroom, Hangouts, Kundelik, Moodle. Bilimland бесплатно предлагала 40 тысяч единиц своего контента.

Вобразовательныхучреждениях Казахстана для проведения видеоконференций в основном используются следующие платформы: Zoom, Skype, Microsoft Teams, а также WhatsApp и другие социальные сети разрешено использовать для взаимодействия собучающимися на индивидуальных занятиях. Отечественные телеканалы «ЕЛ АРНА», «Балапан» вещают на казахском и русском языкахобучающие программы посетям телекоммуникаций.

Какие методы можно использовать в дистанционном обучении?

1) Методы обучения через взаимодействие обучаемогосучебными ресурсами при минимальном участии преподавателя и другихобучающихся (самообучение). Для развития этих методов характерен мультимедийный подход, при котором образовательные ресурсы создаются с использованием различных инструментов:

- печатные, аудио-, видео- и учебные материалы, доставляемые по компьютерным сетям, необходимые для электронныхуниверситетов.
- интерактивная база данных;
- электронные журналы;
- компьютерные обучающие программы (электронные учебники).

2) Индивидуальные методы обучения, характеризующиеся взаимодействием одногоучащегося содним учителем или одногоучащегося с другими учащимися («обучение один на один»). Эти методы реализуются в дистанционном образовании в основном с помощью таких технологий, как телефон, смартфон, электронная почта, WhatsApp, Telegram.

3) Методы, используемые на основе презентации учебного материала учителем или экспертом обучающимся, при которыхобучаемые не играют активной роли в общении (обучение «один ко многим»).

Эти методы, характерные для традиционной системы образования, получают новый темп развития на основе современных информационных технологий. Например, лекции, записанные на аудио или видеокассеты, читаемые по радио или телевидению, в процессе современного дистанционногообразования дополняются так называемыми «электронными лекциями», то есть лекционными материалами, распространяемыми по компьютерным сетям с помощью сети Интернет.

4) Методы, характеризующиеся активным взаимодействием всехучастников образовательного процесса («обучение большинства»). Значение этих методов и интенсивность их использования значительно возрастут с развитием образовательных телекоммуникационных технологий. Другими словами, интерактивные отношения не только междуучителем и учениками, но и междусамими учениками становятся важным источником обучения.

Развитие этих методов связанос проведением коллективныхучебных дискуссий и конференций. Аудио, аудиографические и видеоконференцтехнологии позволяют активно развивать такие методы в дистанционном образовании.

Использование дистанционныхобразовательных технологий в школе позволяет учащимся значительно повысить уровень образования, получить дополнительное образование помимо того, что преподается поотдельным предметам в школе. Все это позволяет детям достичь необходимых высот в образовании и повышает шансы на поступление в престижные вузы. Существенной разницы междуотечественными и зарубежными технологиями дистанционногообразования нет. Не будет ошибкой сказать, чтоотечественные технологии дистанционногообразования взяли за образец зарубежный опыт. Эффективность и успешность дистанционногообучения зависит от организации и методического качества используемых материалов, а также от того, насколько точноучтены особенности подачи информации, уровня подготовки преподавателей, участвующих в этом процессе, и от того, насколькохорошоони понимают особенности представления и приема информации в рамкахсовременных виртуальных коммуникаций. На мой взгляд, дистанционное образование – этохороший, актуальный и эффективный инструмент в рукахопытного преподавателя. Но этот метод обучения следует рассматривать как дополнение, особенно по направлениям обучения, требующим практических навыков работы. Дистанционное образование не теряет своей актуальности и остается необходимой формой организации образовательного процесса всехуровней образования не только в реальных и прогнозируемых эпидемическихситуациях, но и в соответствии состратегическими задачами отечественной системы образования.

Список использованной литературы:

1. Горелов, Н. А. «Развитие информационногообщества: цифровая экономика: учебное пособие для вузов» / Н. А. Горелов, О. Н. Кораблева. – Москва: Издательство Юрайт, 2020. – 241 с.
2. «Дистанционное обучение в высшем образовании: опыт, проблемы и перспективы развития: XII Всероссийская научно-практическая конференция с международным участием», 23 апреля 2019 года. – СПб.: СПбГУП, 2019. – 172 с.
3. Абакумова Н. Н. «Педагогические условия подготовки преподавателей к реализации дистанционногообучения» // Успехи современного естествознания. — 2005. № 3. — С. 74–77.

ӘОЖ: 371

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ — БІРЛЕСКЕН ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІ

Ф.Н.Бейсеитова
Берікқара орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, beyseitova82@mail.ru

Н.Ш.Наршабекова
Берікқара орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, narshabeknazgul@mail.ru
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Сабақты зерттеу мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі болып табылады және де іс ірекеттегі зерттеу. Ол бірнеше бөлімнен тұрады. Оның ішіндегі ең басты мақсат сабақты зерттеу болып табылады. Бұл сабақты зерттеу барысында оқушыларды тиімді оқыту, сабаққа арналған ұтымды әдіс-тәсілдердің оқушыларға тиімділігі. Осы әдіс- тәсілдер арқылы мұғалім сабағының мақсатына жете алғандығы, жете алмағандығы және де оқушылар қандай мақсатқа қол жеткізгендігін зерттеп, анықтау.

Кілтті сөздер: сабақ, сабақты зерттеу, әдіс-тәсілдер, оқушылар, зерттеу.

Аннотация: Исследование урока — это совместный подход к обучению учителей и развитию практики, а также исследование действия. Он состоит из нескольких частей. Основная цель его - изучение урока. Это эффективное обучение учащихся в ходе изучения урока, эффективность рациональных приемов проведения урока для учащихся. С помощью

этих методов изучить и определить, смог ли учитель достичь цели урока, не достиг ли ее и какие цели были достигнуты учащимися.

Ключевые слова: урок, изучение урока, методы, ученики, исследование.

Annotation: Lesson Study is a collaborative approach to teacher education and practice development, and is action study. It consists of several parts. The main purpose of it is to study the lesson. This is the effective teaching of students during the study of the lesson, the effectiveness of rational methods for the lesson for students. Using these methods, to study and determine whether the teacher was able to achieve the goal of the lesson, did not achieve it, and what goals were achieved by the students.

Keywords: lesson, lesson study, methods, students, research.

«Бірге жиналу –бұл бастама,
Бірге қалу –бұл алға жылжу,
Ал бірге жұмыстану –бұл жетістік»
Генри Форд

Қазіргі таңда мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Осы бағытта білім салансына енген жаңашыл әдіс Lesson Study(Сабақты зерттеу)әдісі.Бұл әдістің өзіндік ережелері мен ерекшеліктері және өткізу тәртібі бар.Lesson Study мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, мектепте жүргізілетін іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше түрі болып табылады (Пит Дадли, 2015). Бұл тәсіл «сабақ жоспарлау, сабақ жоспарын талқылау, зерттеу сабағын өткізу, сабақтан кейінгі талқылау үдерістерін қамти» отырып, «оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруді, соның нәтижесінде түпкі мақсат – оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды» көздейді.

Бұл әдісті негізінен жапон ғалымы Тошиа Чичибу мен ағылшын педагогы Пит Дадлидің нұсқаулықтары бойынша ғана теориялық білімдерін толықтырса, соңғы кезде Педагогикалық шеберлік орталығында көптеген сапалы оқу құралдары жарық көруде. Бұл басылымдардың еліміздің педагогтарына Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің мазмұны бойынша құнды мәліметтер беріп, олардың тәжірибесінің жақсаруына көп септігін тигізетіді дей келе мен де өзімнің тәжірибемде Lesson Study тәсілімен сабақ өткіздім.

Мен Наршабекова Назгүл Шынарбекқызы Берікқара орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.

Мектебімізде Lesson Study зерттеу сабағын тәжірибемізде қолданып кележатқанымызға 6 жылдан астам уақт болды. Лессон стади өткізу біздің дәстүрімізге айналды. Және аймақ бойынша Лессон стади сабақтарын басқа мектептерге іс тәжірибемізбен бөлісу мақсатында зерттеу сабақтарын көрсетіп тұрамыз. Мұғалімдеріміз арнайы топтарға бөлініп, өздері сабақты жоспарлайды және оны жоспарға сай жүргізеді. Мектебімізде 5 лессон стади топтары бар. Осы зерттеу сабақтарын іс тәжірибемізде қолдану барысында мектебіміздің білім сапасы 59% дан 70% жетіп отыр. Мұғалімдеріміз аудандық, облыстық семинарларға қатысып, өздерінің біліктіліктерін шыңдап отырады.

Ең алдымен біз математика, ағылшын тілі, физика, география пәндерінің мұғалімдерімен 1 топ құрылдық. Осы мұғалімдермен бірлесе отырып сыныпты таңдадақ. Сол сыныптың сынып жетекшісі мен әлеуметтік педагогтың және мектеп психологының көмегімен оқушылардан сауалнама алып, сыныптың деңгейін, сынып оқушыларының қандай пәнді сүйіп оқитынын, әлеуметтік жағдайын ескере отырып осы сыныпқа зерттеу сабағын жүргізуді жоспарладық.Алынған сауалнама негізінде сыныптың білім сапасының төмендігін, оқушылардың сұрақ қою дағдыларының төмендігін, қызығып оқитын пәндерінің аз екендігін анықтадық. Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып оқушылардың сұрақ қою дағдыларының төмендігін ескере отырып, зерттеу сұрағын былай деп алдық.

«Диалогтік оқытудың тиімділігі»

А,В,С деңгейіне оқушыларды сынып бойынша бөліп алдық, әр деңгейдегі оқушыларды сабақ барысында бақылайтын мұғалімдерімізді де бекітіп алдық. Сыныпта барлық оқушылар деңгейіне қарай бақылаушылардың назарында болды.

- Бақылаудағы оқушылардың сабақ кезеңдеріне таңдалған әдісті меңгеру деңгейі қалай болы? Оқушының әрқайсысы сабақ барысында қандай жетістікке қол жеткізді?
- Диалогтік оқытуға арналған әдіс-тәсілдер оқушыларға қалай ықпал етті? Қандай тосын оқиғалар болды?
- Диалогтік оқытуда қандай әдіс-тәсілдер тиімді болды? Тиімсіз болған тұстары.

Мен зерттеу сабағымды ағылшын тілі пәнінен 7 сыныпты алдым. «Reading for pleasure»тарауы бойынша«Famous stories Harry Potter» тақырыбын алдым.

Мақсатым: сыныпта ағылшын тілінен дұрыс сөйлеу, дұрыс оқу, диалог құру жағын дамыту үшін еркін ойын жеткізуін қалыптастыру.

Осы мақсат бойынша әдіс тәсілдер таңдалып алынды. Олар: «Puzzle», «WordWall» (wordwall.net), «Word in the box», «New Words, New Sentences»

Сабақ барысын да оқушылар үш топқа бөлінді. Сабақтың тақырыбын анықтау үшін «Puzzle» әдісін қолдандым. Яғни оқушыларғақима қағаздар берілді, қағаздың артында тақырыпқа байланысты сұрақтар болды. Сол сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар пазлды құрастырып, сабақтың тақырыбын ашты. Бұл тапсырма топ бойынша берілді.

Сабақта грамматикалық құрылым Comparative and Superlative adjectives-ті өттік. Ол бойынша тапсырма «*WordWall*» әдісі арқылы берілді. Бұл әдісті мен интербелсенді тақтамен бердім тапсырманы, яғна АКТ-ны қолдандым. Бұл жекелей тапсырма болды.

Оқушылар тақырыпқа байланысты видео көрді. Сол видеоға байланысты *«Word in the box»* әдісі арқылы оқушыларға сөздездері берілді, оқушы сол сөздерді қолдана отырып видеодағы кейіпкерлерді сиппатады.

*«New Words, New Sentences»*әдісі арқылы сабақта өткен жаңа сөздерді қолдана отырып, екеуара диалог құрды. Бір-бірінің сұрақтарына жауап берді. Бір-бірін ауызша ағылшын тілінде бағалады.

Осы сабақта қолданған әдіс тәсілдерімнің барлығы сабақ барысында оқушыларға тиімді әрі ұтымды болды деп ойлаймын. Себебі зерттеу тақырыбымызға сай келді. Және де сабақ бойы АКТ-ны қолдандым, ол менің уақытымды тиімді пайдалануыма және сабағымды қызықты өткізуіме септігін тигізді. Әрі оқушылардың пәнге деген қызығушылын арттырды.

Сабақ барысында бақылашы мұғалімдер А,В.С деңгейіндегі оқушыларды бақылап жүрді. Бақылау барысында «А»деңгейіндегі оқушылар топтық жұмыс та да, жұптық жұмыста да, жеке жұмыста да көшбасшы бола білді. Тобындағы оқушыларға көмектесті. Берілген әдіс тәсілдер олардың көшбасшылық қасиеттерін ары қарай шыңдай түсты.

«В» деңгейіндегі оқушыларын бақылауда олар сабақтың басында ұяңдық танытты, сабақ ортасына қарай, әсіресе топтық, жұптық жұмыстарда өзін еркін сезініп, көшбасшы да бола алды. Тобындағы оқушыларға көмектесіп отырды. Сабақтың басында «Puzzle», «WordWall» әдістерінде В оқушылар ұяңдық танытты. Тек мұғалім сұраған кезде жауап берді. «Word in the box»«New Words, New Sentences»,әдістері В оқушыларға өте тиімді болды. Ұяңдықты ұмытып белсенділігі артты, коммуникативтік дағдылары дамыды.

Алдағы уақытта осы әдіс-тәсілдері арқылы сабақ өтілетін болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, белсенділігі аратады деп ойлаймын.

Бақылаудағы«С» деңгейіндегі оқушыларғасабақтың «Puzzle», әдісі тиімді болды. Тапсырмаларды топтың көмегімен орындады. Белсенділік танытты. «WordWall», «New Words, New Sentences»,әдістері С деңгейлі оқушылар үшін тиімсіз болды, себебі осы әдіс бойынша берілген тапсырманы тобының көмегі арқылы жауап берді. С деңгейіндегі оқушылар, топтық жұмыста сыныптастарының көмегіне сүйенеді, жеке жұмыстарда көмек қажет ететінін түсіндік.

Зерттеу сабағынан соң оқушылар арасында талқылау жүргіздік. Яғни оқушы үніне құлақ түру үшін. Біз барлық оқушылармен емес, тек бір топтағы оқушыларды ғана алып қалып оқушылармен сұхбат жүргіздік.

1. Сендерге сабақбарысында не ұнады?
2. Сен нені үйрендің? Бұрын қыйналған сұрақтарға қазір қалай жауап берің?
3. Сабақтың қай бөлігі саған тиімді болды?
4. Егер осы сабақты басқа топта өтсең нені өзгертер едің?
5. Сен үшін жұмыстың қай түрі тиімді болды?
6. Саған қай әдіс тәсілдегі тапсырма ұнады? Жауап беру қаншалықты оңай немесе қиын болды?

Оқушылардың сұхбатынан кейін Lesson Study топ мұғалімдер өздері арасында сабаққа талқылау жүргізді. Сабақта қолданылған әдіс тәсілдеріміздің тиімді және тиімсіз тұстарын айтты.

А,В,С деңгейіндегі оқушылардың мүмкіншіліктері, қабілеттері туралы талқыланды. В,С деңгейіндегі кейбір оқушылардың деңгейлері бір сатыға көтерілгендіктері туралы да сөзге тиек етілді.

Осы талқылаулардан кейін мен қандай жетістіктерге қол жеткіздім?

Оқушылар осы әдістер арқылы мұғалім мен оқушы арасында және оқушы мен оқушы арасын диалогтік оқу құруды үйренді. Сабақта өздерін бағалау, сыныптасын ағылшын тілінде бағалауды үйренді.

Сабағымның қай тұсы кері әсерін берді?

Жекелей тапсырмаларда С деңгейіндегі оқушылардың кейбірі сұрақтарға жауап бере алмады.

Әр оқушының оқу жетістігін жетілдіру үшін тәсілдің қай кезеңдерін жетілдіру керек деген сұраққа?

1. Оқушыларды ЖАДА – да жұмыс жасауға тарту керек екенін;
2. Бағалау критерийлерін кейбір оқушылардың ескермейтіндігін анықтадым.

Болашақ тәжірибеде оқушының қалай оқу керектігін үйренуіне көмектесетін қандай әрекеттер жоспарлауға болады? Болашақ тәжірибеде оқушының қалай оқу керектігін үйренуіне көмектесетін әрекеттер жоспарлау, сонымен қатар топтық, жұптық,жекелей жұмыстарды сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, әр деңгейдегі оқушыға бағытталған тапсырмаларды дұрыс таңдау, зерттеу барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, әр оқушылардың білімі мен белсенділігін арттыруда ықпал ету.

Қортындылай келе жалпы Lesson study–дың 3- айналымында даоқушылардың топтық, жұптық жұмысқа едәуір үйреніскендері көрінеді. Осы сыныпта негізі белсенді ағылшын тілінде сөйлейтін оқушы аз, көбісі өз ойларын еркін жеткізе алмайтын.

«*WordWall*», әдісі арқылы оқушылар ағылшын тілінде сөйлеу, диалог құру дағдысына үйреніп қалды. Оқушылар жаппай топта жұмыс жасай алады бір -бірінің жауабын толықтырып, қолдау көрсете білді, бірақ жеке жұмысқа келгенде кейбір оқушылар өз жауаптарын қате айтып қоюдан қорқатындығы анықталды. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік бердім. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектесті. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына, пәнге деген қызығушылығын ашуға көмектесті.

Нәтиже:

- Оқушының оқу, сөйлеуі жақсарады.
- Функционалдық сауаттылығы дамиды.
- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады.
- Сыныпта ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасады.
- Қоғамға қажетті тқлға болып қалыптасады..
- Диалогтік оқу дамиды

Зерттеудегі мұғалімдер әр сабағын зерттеу лабораториясына айналдырып, туындаған кедергілерді шешуге бірлесе ұмтылып, өз тәжірибесін жақсарту мақсатында жүйелі жұмыс атқаруда. Бүгінде мектепте мұғалімдердің бірлескен оқу ортасы қалыптасып, жобалық және зерттеушілік жұмыстар мен мектептің әдістемелік жұмысының аясы кеңеюде.

Өткізілген іс-шараларда тек қана озық тәжірибелерді ғана көрсетіп қана қоймай, одан шығу жолын іздестіруге бірлескен оқу жұмыстары да орын алады, бұл дегенімен кез келген мектептер мен әріптестер арасындағы ынтымақтастықты, білім берудегі жауапкершіліктің бар екендігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық
2. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері Пит Дадли (Ұлыбритания)
3. Lesson Study UK www.lessonstudy.co.uk Lesson Study: нұсқаулық

ӘОЖ: 371

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ

А.С.Дуйсадилова
Бәйтелі бастауыш мектебі, shaykybekova@mail.ru
Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі таңдағы білім беру саласындағы негізгі технологиялар туралы айтылған. Бүгінгі цифрлы технология дамыған кезеңде білім беру саласы да бірқатар өзгерістерге ұшыраған. Міне, осы жаңа ақпараттық технология, жаңартылған білім беру мазмұны туралы жазылған бұл мақалада бастауыш сыныптағы оқытудың негізгі ерекшеліктері сараланған. Бүгінде осы бағытта ізденіп жүрген жас педагогтерге бұл мақала арнайы көмекші құрал ретінде қолдануына болады.

Кілтті сөздер: педагог, цифрлы технология, ақпараттық технология, білім беру, ғылым, мұғалім, оқушы.

Аннотация: В этой статье рассказывается об основных технологиях в современном образовании. В период развития современных цифровых технологий образовательная сфера также претерпела ряд изменений. Вот в этой статье, посвященной этой новой информационной технологии, обновленному содержанию образования, выделяются основные особенности обучения в начальной школе. Для молодых педагогов, которые сегодня ищут в этом направлении, эта статья может быть использована в качестве специального вспомогательного средства.

Ключевые слова: педагог, цифровая технология, информационные технологии, образование, наука, учитель, ученик.

Annotation: This article describes the main technologies in modern education. During the development of modern digital technologies, the educational sphere has also undergone a number of changes. Here in this article devoted to this new information technology, the updated content of education, the main features of primary school education are highlighted. For young teachers who are looking in this direction today, this article can be used as a special auxiliary tool.

Keywords: teacher, digital technology, information technology, education, science, teacher, student.

Адамзат баласының бүгінгі жеткен жетістіктерінің негізгі бөлігі білімнің арқасында. Ғылымның дамуы, технологияның алға қадам басуы – қоғамның сан алуан саласын алға қадам бастырған болатын. Осыған байланысты білім беру саласы да өзіндік жаңғыру бағытына түсіп, салалық, құрылымдық, мазмұндық жағынан түрленуде. Бұл заманның талабына сай болып жатқан өзгерістер деп қабылдауымыз керек.

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары жаңартылған білім жүйесі енгізіліп, сабақ жүргізу процесі жаңғыра түсті. Бұл шетелдік және отандық мол тәжірибенің қорытындысында туындаған дүние еді. Оқыту үдерісі ақпараттық-коммуникациялық технологияға сүйеніп, аталмыш саладағы жүйенің қалыптасуына мүмкіндік жасады. Жалпы, инновация – жаңалыққа талпыну, жаңашылдықты үйрену деген мағынаға жетелейді. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнын жаңаша әдістемененің негізінде дамыту өзекті. Бұл осы әдістеме бағытындағы оқытудың мәні мен функциясын арттыруда аса маңызды. Өз кезегінде әдістеме мен оқыту технологиясының тығыз байланысты екенін айта кеткеніміз жөн.

Бүгінде біздің міндетіміз – бастауыш сыныптан бастап оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылық потенциалын арттыру. Жаңартылған білім беру мазмұны да осы ұстанымды берік ұстанып, бүгінгі талаптар мен міндеттердің игерілуіне толыққанды ат салысып жатыр. Сондықтан, білім беру жүйесін жандандыру, бастауыш сыныптағы білім беру саласын ізгілендіру, цифрландыру – қоғамдық мәні бар басты мәселе болып саналады. Бұл З.Айдосова да өзіндік ойын білдіріп: «Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту үшін, жұмысымызды жаңашаландыру – жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан.Технология грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздың, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Технология инновациялық іс-әрекет оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып,

белгілі бір уақытта алдыға нақты, тұжырымды мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбиеде ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғарғы көрсеткіштерге жету деген сөз. Жоғарғы көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу. Осы мақсатта жұмыс істеу бүгінгі күн педагогтарының көкейкесті мәселесі» деп тұжырымдаған болатын. Міне, бастауыш сыныпта цифрлы технологияны дамытудың маңызы ерекше болып саналады. Себебі, оқушының тұлғалық қабілетін шыңдау мақсатында оның барлық потенциалын осы жаңа ақпараттық технология арқылы ашудың маңызы зор.

Мектеп қабырғасында оқушыны жан-жақты бағытта тәрбиелеу ерекше жолға қойылған. Ал осы мектепте, негізінен, оқушының ақыл-санасының, білім-тәрбиесінің, өнеге-тәлімінің бастау кезеңі бастауыш сыныптан қаланбақ. Бастауыш сынып кезінде оқушылардың сөйлеу шеберлігін арттырып, мына қоршаған ортаға көзқарасын бір жүйеге түсіріп, ой-санасын кеңейтіп, сөздік қорын молайтады. Балаларды ізігілікті дүниелерге жақын болып, жақсыға үйретіп, жаман нәрседеналшақтауға бағыт береді. Себебі, біздің кемел келешегіміз, баянды болашағымыз – жас ұрпақтың білімі мен білігінің молдығымен, рухани байлығымен байланысты. Жас ұрпақ үлгілі тәрбие сәулесіне шомылса ғана, білім мен ілімніңбұлағымен сусындаса ғана еліміз бен халқымыздың білім деңгейі көтеріліп, егеменді еліміздің болашағы баянды болады. Егеменді еліміздің негізгі ұстыны – білім жолына түскен ұрпақ екені сөзсіз. Бүгінгі күні оқыту мен білім беру бағыты оқушылардың тұлғалық болмысын дамыту мен сапалы білім беріп, тәрбие үйрету мақсатында сабақ берудің жаңа форматын, тиімді әдіс-тәсілдерін, әдістемелерінұдайызерделеуді талап етіп отыр. Осыған байланысты оқушының болмысындағы барлық дүниені, дағдыны, қасиет пен қабілетті, білім мен шеберлікті, талап пен еңбектібіртұтас сәйкестікте арттыруға бағытталған білім форматынбір жолға түсіру қолға алынып жатыр. Жан-жақты білімді, өз пікірінайқын жеткізе алатын, сөйлеу мәдениеті қалыпты деңгейде жолға түскен «жеке тұлғаны» бастауыш сыныптан бастап қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Себебі, болашақтың негізгі тірегі болып саналатын бастауыш сыныптағы оқушының білімі мен білігін қатар дамыту аса маңызды.

Психологиялық-педагогикалық теорияда бұл мәселеге қатысты әр түрлі көзқарастар бар. Олардың бірі баланың дамуы, тәрбие мен оқытудың тәуелсіз, яғни тез түрде жүзеге асады дейді (Э.Мейман. А.Ф.Лазурский, Ж.Пиаже). Бұл орайда тәрбие мен оқыту дамуға бейімделеді, «баланың дамуының соңында бірге жүреді» (Л.С.Выготский). Келесі бір көзқарас бойынша даму іс-әрекеттің тарихи қалыптасқан формаларын меңгеруі арқылы жүзеге асырылады яғни, оқыту мен тәрбие көмегімен, бұл орайда оқыту мен тәрбие баланың дамуының қол жеткізген деңгейінде ғана тоқтап қоймай, сонымен қатар алдағы міндетін шешу (К.ДУшинский, П.П.Блонский, Л.С.Выготский). Л.С.Выготский оқыту мен дамудың ара қатынасын зерттей отырып, оқытуды ұйымдастыруда баланың «дамудың ең жақын аймағына» сүйену керектігін айтқан. Ол былай деп жазған: «Дамудың алдында болған оқыту ғана жақсы болып табылады». Сондықтан, тәрбиенің ең маңызды құралы — табиғи нышандар жиынтығын мұқият айқындау, сол арқылы оларға және қоршаған орта жағдайларына сүйене отырып, баланың соған сай іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру.

Тәрбие мақсаты қазақ тәлім-тәрбие тағылымына да қойылды. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деді.

Ы.Алтынсарин «өмірдің негізгі мәні — еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу - кісіліктің басты белгісі» - деген.

Абай Құнанбаев талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, маңтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

Тәрбиенің қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, демократиялық принципті іске асыруына, адам құқығын қорғау мәселелеріне тығыз байланыстылығы.

Жас ұрпақты іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы тәрбиелеу - балаларды ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлік пен пысықтыққа машықтандыру, өнімді еңбек етуге бейімдеу, ата-ана мен бала, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, үлкен мен кіші арасынғы қарым-қатынасты өзара сенімге, қайырымдылыққа, имандылыкқа, бір-біріне сый-құрметпен қарауға негіздеу, тәрбие барысында психологиялық жайдарылық, үйлесімділік ахуал туғызу, жас азаматтың өзіне сенімін арттыру, қамқоршылық сезімін дамыту.

Тәрбиелік ықпалдардық тізбектестігі, жүйелілігі, үздіксіздігі. Тәрбие тәжірибесі балаларға қойылатын талап пен педагогикалық ықпал бірлігі қажет екенін дәлелдеді. Ұрпақ тәрбиесінің нәтижелілігі - тәрбие мекемелеріндегі талаптың бірлігі, іс-әрекеттің сабақтастығы.

Қазақ халқының ата-тегі текті, көрегенді, дала заңдарымен үндесіп, табиғатпен табысқан. Ертедегі ата-бабаларымыз жас ұрпақ тәрбиесіндегі көптеген маңызды факторларды ешқандай ғылым-білімді меңгермей-ақ адаспай тани білген. Мысалы: Баланды жеті жасқа дейін – ханындай көтер, он төрт жасқа дейін – құлындай жұмса, он төрт жасқа дейін досындай сырлас деген аталы сөз күні бүгінге дейін өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Тәрбие әр заманда да аға ұрпақтың өзінің тәжірибесін жас буынға беру болып келеді. Адамзат баласы барлық жинақтаған білімі мен тәрбиесін, өмірлік ұстанымдары мен көзқарастарын кейінгі ұрпағына беріп отырады. Дегенмен, заманауи тәрбиеде аға ұрпақтың тәрбиесін ескі деп қажетсінбейтін жастардың бар екендігі анық. Оған себеп өте жылдам өзгеріп жатқан ғалам, ақпараттың көптігі және батыс пен шығыстың қажетсіз тәрбиесін жастардың қабылдауы. Хеллоуин мерекесін тойлау, денелеріне түрлі сурет салу, дұрыс емес өмір салтын ұстану секілді батыстың өз менталитетімізге сай емес түрлі әрекеттерін жасап жүрген жастардың саны көбеюде. Бұл әрекеттер біздің қоғамымыздың фиаско көрінісін тудырмақ. Сол батыстық жастардың шамадан тыс еркіндігіне еліктеген жастар кішкене өздерінің табиғи қалпын бұзып жатқандығын әрине түсініңкірмейді.

Ең бірінші жастарға дұрыс бағыт-бағдар беретін ол әрине ата-анасы және білім беретін ұстаздары. Қазіргі аға буын өкілдеріне дұрыс пен бұрысты ажыратып, алдағы уақытта қателік жібермеудің маңызын түсінуі керек. Уақыттың тапшылығы қазіргі уақыттың ең бірінші проблемасы десек болады. Соған қарамастан, балаларына сапалы уақыт арнап, әрқашанда олармен сөйлесу, жас дүниесінде болып жатқан құбылыстарға мән берудің ертеңгі күні беретін нәтижесі мол болмақ.

Сонымен қатар, заманауи көштен қалмай білім алуға, бәсекеге қабілетті болуға, тозығы жеткен салт-дәстүрлерді ұстанбай, ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын дұрыстап ұғындыру керек. Рухани байлықты жоғары қойып, адами қасиеттерді әрдайым бағалауды, үлкенге ізет, кішіге құрмет жасауды, ұлттық мінезімізге тән қонақжайлық пен кісіге жағымды қарым-қатынасты ұстануды үйрету керек. Еркін даланы игерген, рухы азат, намысы биік ата-бабаларымыздың көреген көзі ашық, оң мен терісті ажырата білетін қасиеттерін жастардың бойына сіңіруіміз керек.

Батыс пен шығыстың озық технологиясы мен дамыған өркениетінен үлгі алып өз халқымызға тән тәрбиенің сара жолын қалыптастыру керекпіз. Дамыған, білімді, тәрбиелі, заман талабына сай, техника тілін меңгерген, салт-дәстүрі мен туған тілін қастерлей білетін жастарды қалыптастыру – бүгінгі аға буын өкілдерінің міндеті деп білер едім.

Дат ғалымы Вульвсон өзінің «Қазақтар» атты очеркінде қазақтың ұлттық ойындары туралы айта келіп, қазақтың балалары кішкентайынан инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелейтініне сүйсінген ғалым: қазақ өз баласына «Егер қарттарды сыйласаң құдай сені сыйлайды» деген нақылды жас кезінен миына құйып өсіреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп бас иеді және әзіл-қалжың кілт тиылады» деп жазды.

Иман арабша «сенім» деген ұғымды білдіреді. Дінге сенуге байланысты бұл ұғым халық арасында әдептілікті, адамгершілік мәнін беретін, әлеуметтілік әдептілікті ккрсететін мәнге ие болды. Иманы кәміл адам мейірімді болады. Мейірімділік-адам бойындағы қасиетті сезім, халқымыз ұрпағын мейірімділікке тәрбиелеген. «Үлкен адамның сөзін тыңдай біл» деген өсиет айтқан ата-бабамыз мейірімділік негізі сенім екенін көрсетті.

Қазақтың болмысын көрсететін әрбір салт-дәстүрде жас ұрпаққа әсерін тигізетін тәрбие тағылымдары жатыр. Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Сонымен қорытындай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дарынды да тәрбиелі жастардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.
2. Әбішқызы С., Сарманов Ж. Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние. - 2008.
3. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы, 2005.
4. Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1991.

УДК 81-1752

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

З.Д.Тулегенова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
«Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының аға оқытушысы
zulfi-tulegenova.65@mail.ru

Аңдатпа: Тіл- ұлттың тірегі, қазынасы. Қазіргі таңда Қазақстанда, басқа елдерде де орыс тілінің таралуы жоғары көрсеткіште. Қазақ жерінде 100-ден астам қолданыстағы тілдер де бар. Әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен мәлім. Алайда, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Ана тілді бірінші сатыға қойып,дәріптеуіміз керек, жоғалтпауымыз керек.
Кілтті сөздер: қазақ тілі, ұлт, орыс тілі, қарым-қатынас**.**

Аннотация: Язык – опора и достояние нации. Сегодня распространение русского языка в Казахстане и других странах идет высокими темпами. На территории Казахстана используется более 100 языков, каждый из них имеет свои особенности. Однако изучайте все остальные языки и уважайте свой родной язык. Мы должны ставить родной язык на первое место и прославлять его, а не терять.
Ключевые слова: казахский язык, нация, русский язык, родство.

Annotation: Language is the pillar and treasure of the nation. Today, the spread of the Russian language in Kazakhstan and other countries is at a high rate. There are more than 100 languages in use in the Kazakh territory. Each of them has its own characteristics. However, learn all other languages and respect your own language. We should put the mother tongue first and glorify it, not lose it.
Keywords: kazakh language, nationality, Russian language, relations.

Тіл – ұлттың тарихымен қатар сақталған баға жетпес құнды қазынасы. Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бері қазақ тілі - мемлекеттік тіл болса, орыс тілі – ресми тіл мәртебесіне ие. ҚР Президенті 2022 жылдың 1 қыркүйегі болып өткен жолдауындағы өз сөзінде де, «Орыс тілі ресми тәл мәртебесіне ие. Заңымыз бойынша, оның қолданылыс аясын шектеуге болмайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара. Орыс тілі – БҰҰ-дағы ресми алты тілдің бірі. Сондықтан бұл мәселеге парасатпен қарауымыз керек»,- деп, орыс тілінің маңыздылығын атап көрсетті.

Жалпы алғанда, КСРО кезеңдерінде орыс тілі тек орыс ұлтының ғана тілі болған жоқ. Жоғарыда аталған Кеңес үкіметінің құрамына енген барша ұлттардың ортақ тілі деп есептелді. Алайда, КСРО заңнамаларында тіл мәрттебесі дәл бүгінгі қоғамдағыдай «Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі» деп көрсетілген.

1989 жылы «Қазақ КССР-дегі тілдер туралы» заң қабылданып, ол қазақ және орыс тілдерінің мәртебесін анықтады. Атап айтқанда, онда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі - Қазақ тілі», ал орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі» делінген. 1995 жылы Қазақстан Республикасының жаңа

Конституциясы қабылданды. Конституцияның 7-бабында тілдердің құқықтық мәртебесі жаңаша айқындалған. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Орыс тілі мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең дәрежеде қолдануға мүмкіндігі бар ресми мәртебеге ие болды. 1997 жылы "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заң қабылданды, онда орыс тілі мемлекеттік – қазақ тілімен тең іс жүргізуде, есепке алу – статистикалық, қаржылық құжаттамада, Қарулы Күштерде, құқық қорғау органдарында, сот ісін жүргізуде қолданылуы мүмкін екендігі атап өтілді.

Ұлтжанды жандардың неге қазақ тілімен қатар орыс тілі қолданылу керек деген көкейдегі сұрағына Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдауында айтқан сөздері мен КСРО заңнамаларындағы ақпарат нақтылы жауап болды деп ойлаймыз. Әр ұлт үшін әрине, ана тілі жоғары тұрары түсінікті. Бірақ, ілгері дамушы мемлекет болғандықтан таралымы кең қолданысқа ие бір ортақ тілдің ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылуы қалыпты жағдай. Еліміз осы орыс тілді оң мақсатта пайдалана отырып, түрлі мемлекеттермен келісім шарттар жасауға, шет мемелекттермен байланыс орнатуға мүмкіндік алып отыр. Одан бөлек тұлғалық жеке дамуды алып қарастырар болсақ та, біз үшін ұтымды тұсы табылады. Әр жаңа тілді меңгеру арқылы адам өзіне жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашаққа бағыттар мен жаңа есіктер аша алады. Сол ұлттың әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылық тудыру арқылы тағы бір саланы меңгере алады. Сол елдің мәдениетінен өзіне қажетін тауып, даму бағытына бір үлесін қоса алады.

Республикамызда қазақ орыс тілдерінен бөлек 100-ден аса тілдер қолданыста бар. Алайда, жоғарыда атап өткеніміздей ана тіліміз бен ұлтаралық қарым-қатынас тілінің алар орны бөлек. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындары мен арнаулы орта білім беру мекемелерінде екі тілде де білім беру мүмкіндіктері қарастырылған. Ал, жалпы білім беретін мектептерде орыс тілі міндетті пәндер қатарына кіреді. Сонымен қатар, Қазақстанның барлық оқушыларының 40 пайыздан астамы тек орыс тілінде оқытатын мектептерде білім алады.

Елімізде орыс тілінде жүздеген басылым газет-журналдар басылып шығып, соған сәйкес ақпараттық және әлеуметтік сайттар да қазақ тілімен қатар, орыс тілінде ақпарат беріп отырады.

Қазақстандағы орыс тілінің ресми тіл екендігінің тағы бір дәлелі - құжаттардың екі тілде қатар жүргізілуі. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері қатар қолданылады. Құжаттаманы жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асырылады; азаматтардың құқықтарына тілдік негізде қысым жасауға жол берілмейді; оқу орындарында орыс тілі міндетті оқу пәні болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді.

Жұмыс барысында орыс тілінің қолдану көрсеткіші: респонденттердің 50% – ы орыс тілінде, орыс және қазақ тілдерінде – 33% (2002 жылы – 25,3%), тек титулдық тілде - 16% (2002 жылы-27,3%)байланысады. Сараптамалық бақылау 2002 және 2007 жылдарды салыстыра қарап шыққан. Бүгінде ол анализден кейін 20 жылға жуық уақыт өтті. 2007 және 2002 жылдардағы сандарды салыстыратын болсақ, онда бес жыл ішінде өндіріс саласында орыс тілінің таралуы мен ондағы қарым – қатынастың үлесі 2,6% – ға, екі тілді-орыс және титулды қолдану пайызы 7,7% - ға, ал тек қазақ тілінде 11,3% - ға төмендегенін көруге болады.

"Еуразия мұрасы" қоры зерттеушілерінің қорытындысы бойынша орыс тілін еркін меңгерген халықтың үлесі 2007 жылдың аяғында Қазақстанда 63%–., ал отбасында, қарым-қатынаста және өндірістік салада орыс тілін қолдану дәрежесін бағалау-46% -. құрайды. Осы сауалнамаға сәйкес респонденттердің 42% - ы 2030 жылға қарай Қазақстан азаматтарының басым көпшілігі, ұлтына қарамастан, мемлекеттік тілді меңгереді және оны барлық жерде қолданады деп есептейді, бірақ сонымен бірге 37% мұндай жағдайды екіталай немесе мүлдем мүмкін емес деп санайды. Қазақстандағы барлық салалардағы қарым-қатынастың басым тілі Орыс тілі болғандықтан, жоғарыда келтірілген деректер қазақ және орыс тілдерінің мәртебесіне қатысты пікірлердің поляризацияланғанын көрсетеді.

Орыс тілінің Қазақстанда таралуы жоғары деңгейде деп көрсетсек те, ендігі мәселе сол тілді жетік білушілердің шоғырланған аймағы болып табылады. Себебі, орыс тілінде таза және сауатты сөйлеп, жаза алатын жастар өте сирек кездеседі. Бұл тұста, тілді білу бөлек және жетік меңгеру дегеннің бөлек екендігінің дәлелін көрсете аламыз. Жұмыспен қамту не құжаттамалық мәсеелер кезінде ана тілден бөлек, орыс тілін білу деңгейі де қатар сұралады. Осы тұста туындайтын ой тілді білу деңгейін неге қажет? Себебі, құжаттамалық ақпараттар мен келісім шарттар қай тілде болмасын өзіндік талаптары мен сауаттылықты қажет етеді. Талаптан бөлек сауаттылықтан кеткен қателіктің өзі, сапалы маман көзіне бірден түсері анық.

Ендігі кезекте бұл мәселені шешу жолына назар аударсақ, тілді оқыту бағытына келеміз. Бүгінде еліміздегі даярлық тобына дейінгі балабақшалардан бастап, бастауыш және орта

мектептерде, кәсіптік және техникалық колледждерде, жоғары оқу орындарында орыс тілі міндетті пән ретінде оқытылады. Алайда, жоғарыда атап көрсеткеніміздей орыс тілін білушілер саны біршама болғанымен де, сауатты орыс тілін меңгергендер саны өте аз. Бұл мәселенің шешімі, білім беру бағдарламалары негізінде орыс тіліндегі грамматика мен өзге де орфография, орфоэпиялық талаптарға назар аудару қажет етіледі. Оқушы орыс тілін өзара сөйлесу тілі емес, қосымша, ресми тіл ретінде заман талаптары мен тілдік нормаларға сай меңгеруді мақсат етуі тиіс. Оқушылардың тіл меңгеру процесіне орыс классиктерінің шығармаларын қосу арқылы біз сабақтық ресми көркемдігін арттыра аламыз.

Орыс тілінің қолданылыс аясы кеңейген сайын талаптары да арта түсуде. Соған сәйкес, тілді жетік меңгерген мамандарды даярлауымыз қажет. ақпараттық қоғамда даму ағымына ілесу үшін ана тілімізбен қатар ресми тілдің де алатын орнын ескере отырып, екі тілдің де сапалы бағытта дамуына аса назар аударымыз қажет. Дамушы қоғамның негізгі ақпарат көзі ақпарат таратушы қосымшалар мен ғаламторлар болып отыр. Еліміздегі ақпараттық газет-журналдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланып, өз оқырмандарын тауып отыр.

Әр өңірде басылып шығатын үш тілді гезет-журналдарға сараптама жасап, қарастырар болсақ, нәтижесінде төмендегідей ақпаратты ала аламыз:

Қала	Қазақ тілді газет	Орыс тілді газет	Екі тілді газет	Үш тілді газет	Жалпы
Астана	3	6	4	1	14
Алматы	65	78	21	16	180
Қарағанды		2			2
Актобе	1		1		2
Тараз	5				5
Петропавл		1			1
Шымкент	8		3		11
Атырау	1	1			2

Осы ақпараттық сараптамаға назар аудару арқылы еліміздің газет-журнал басып шығару саласында орыс тілі қарқынды дамып келе жатқанын байқай аламыз.

Орыс тілін ресми тіл ретінде ерекше қолға алуды жоспарға алғанымызбен де, әр елін сүйген азамат пен азаматша үшн өз ана тіліне деген құрмет шексіз болары сөзсіз. Осы себепті де қай елдің тілін меңгергенде не ізденіс кезінде өз ана тіліне деген құрметті бірінші орынға қоя білуі қажет. Қазақ тілі - сан ғасырдан бүгінге дейін сақталған еліміздің қазынасы. Оны дәріптеу, тазалығын сақтау зор маңыздылыққа ие. Тіл жоғалса - ұлт та өз құндылығынан айырылады. Ана тілін ұлықтап, ресми тіл мен халықаралық тілдерді жетік меңгеру арқылы дамушы елдер қатарынан әлемдік аренаға бағыт алуға әрекет етуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://www.mykaz.kz/adebiet/tilderdi
2. https://5.dancepeople.es/?u=uuuyu
3. https://tilalemi.kz/article/31

УДК 811.161.1

РУССКИЙ ЯЗЫК-ЯЗЫК МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ

З.Д.Тулегенова
Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати.
старший преподаватель кафедры КРЯ zulfi-tulegenova.65@mail.ru
г.Тараз, Казахстан

Аннотация: Русский язык является межнациональным языком.Язык межнационального общения язык-посредник,используемый народами многонационального государство для взаимного общения.В статье особое внимание уделяется значению и роли русского языка. На протяжении

всей своей истории русский язык совершентвовался, расширял словарный запас.Все это богатсво,нажитое русским языком превратило его в один из самых развитых языков мира,который стоит на втором месте после английского.

Ключевые слова: русский язык,межнациональный язык,цивилизация, ценность,мировой язык.

Аңдатпа: Орыс тілі ең бай, үлкен және ең керемет сөздікке ие. Орыс тілі Ресей Федерациясының ана тілі және мемлекеттік тілі болып саналады. Сондай-ақ орыс тілінің рөлі ағылшын тілінен кейін 2 орын алады. Ол дүние жүзінің коммуникация жүйесінде кеңінен таралған және НАТО, ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың ресми тілі болып табылады.

Кілтті сөздер: орыс тілі, халықаралық тіл, өркениет, құндылық, әлем тілі.

Annotation: Russian is an international language.The language of interethnic communication is an intermediary language used by the peoples of a multinational state for mutual communication.The article pays special attention to the meaning and role of the Russian language. Throughout its history, the Russian language has been improving, expanding its vocabulary.All this wealth acquired by the Russian language has turned it into one of the most developed languages in the world, which is in second place after English.

Keywords: russian language,international language,civilization, value,world language.

Русский язык-великий и могучий,правдивый и свободный. Русский язык считается родным языком русского народа,государственным языком РФ.Русским языком владеют разные народы. Русский язык являясь одним из мировых языков охватывает многие сферы,такие как дипломатия,туризм, мировая торговля и медицинская деятельность.Мировое значение русского языка известно тем,что это один из богатейших языков мира,он родственный многим славянским языкам,например украинский,беларусский и тд.Также, является широко распространенным языком в мире и заслуживает место среди так называемых мировых языков. Точно так же, как английский и другие языки, используемые за пределами страны, для которой они являются государственными или официальными, который широко распространен за пределами России. Международный и межгосударственный его охват очень разнообразен. Таким образом, он уже давно выступает в качестве "языка науки" - средства общения между учеными из разных стран, а также кодирования и хранения универсальных знаний. На сегодняшний момент некоторые страны СНГ признали русский язык вторым государственным языком.Ярким примером является наша страна.В Казахстане государственным языком является казахский,а русский-официально принят языком межнационального общения.А ООН принял русский язык в качестве официального и рабочего языка. Несмотря на сложностьрусский язык находится на 5 месте и на нем говорят около 250 млн. человек.

Изучение русского языка значительно увеличивает шансы на успех на рынке труда, который занимается этими экономиками. Русский язык является официальным языком многих мировых организаций, таких как Организация Объединенных Наций, НАТО, ЮНЕСКО, Международная ассоциация Красного Креста и многие другие международные комитеты и организации. Важность русского языка может открыть двери для трудоустройства в различных профессиях, таких как нефтяная, учебная, письменная и переводческая сфера. Русский язык широко распространен в мировых системах связи. К примеру:радиопередачи, связь воздушного и космического базирования и т. д.

Роль русского языка в мире в последнее время резко возросла, что связано с развитием интернета. Русский язык стоит на втором месте после английского языка в поисковике.То есть большая часть населения ищут информацию, как на английском, так и на русском.Это означает большинство информаций дано именно на этих языках. Большая часть контента, создаваемого в интернете, написана на английском и на русском языках. Таким образом, знание русского языка позволит получить доступ к большому количеству информации, которая в противном случае может быть недоступна!

Когда-то компьютеры и мобильные телефоны были предметами, которые могли получить только люди из определенной социальной группы. Теперь этонеобходимые вещи. То же самое можно сказать и о русском языке. Его изучают во многих странах Азии. Кроме того, в эпоху цифровых технологий любой человек может выучить русский язык онлайн, не выходя из дома. Однако это не так уж и легко сделать. Изучение любого языкаэто длительный процесс, который

требует определенных интеллектуальных и финансовых затрат. Реальность такова, что добиться успеха в современном мире просто невозможно, не зная языка межнационального общения. А зная его, можно чувствовать себя свободно в любой точке мира.

Помимо всего вышеперечисленного, русский язык красив, мелодичен и легок в изучении. Международный язык должен быть простым и понятным для всех. Возможно, нам очень повезло, что именно такой простой язык объединил мир.

Для средней Азии знание русского языка имеет огромный смысл.В прошлые века Казахстан был частью СССР.Из за правления русских на территорий Казахстана было больше русских чем самих казахов.Опираясь на сведения ,в 1959 году в СССР проводилась перепись населения, и по ней в КазССР казахов было на 29% меньше чем треть всего населения, приемущество имело русское население.

Необходимость знания и владения русским языком- неоспоримо.Даже элементарно, устроиться на работу требуется знание языка.Образованность человека-это его познание других языков в совершенстве. Человек имеет возможность свободно общаться,изучать культуруи традицию данного языка.Кроме этого надо знать лексику чтобы иметь большой словарный запас.Например ,многие заседания которые состоялись в этом и прошлых годах в РК , проходили на русском языке. Так как русский язык как и английский является мировым языком для общения и понимания людей со всех концов мира,что делает язык более могущественным и богатым. Однако, что является более важным это не забывать родной язык.Поскольку,это приведёт к утере своего языка и культуры.

Русский язык-это история цивилизации ,которая раскрывает нам все достижения великой культуры.К примеру ,современный русский язык в широком смысле слова начался с А.С.Пушкина.После Пушкина многие русские писатели такие как Л.Толстой, М.Лермантов,С.Есенин продолжили деятельность и написали великие произведения которые стали классикой.

Список использованной литературы:

1. https://kopilkaurokov.ru/russkiyYazik/meropriyatia/issliedovatiel_skaia_rabota_
2. https://maktime.ru/fashion-trends/sochinenie-na-temu-russkii-yazyk-kakoi-on-
3. https://infourok.ru/rol-russkogo-yazyka-v-sovremennom-obshestve-

ӘОЖ 371.3:519.683

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ

Г.А. Тургунтаева
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
«Білім берудегі шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы

Б.М.Қонақбаев
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
7М01503(z) - «Информатика педагогтерді даярлау» магистранты bkonakbaj@gmail.com

Аңдатпа: Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан виртуалды шындық біздің әлемде оның ойын қолданбаларынан бастап білім беру жүйесіне үлкен ықпалын тигізуде. Білім беруде виртуалды шындықты қолдану танымал бола бастады. Виртуалды шындық нақты өмір сценарийлерін модельдеу және виртуалды орталарды зерттеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Ол сонымен қатар интерактивті оқытуды жеңілдетіп, студенттер мен мектеп оқушылары үшін білім алушыларға тартымды платформаны қамтамасыз ете алады. Тиісті технология мен оқыту әдістерді пайдалана отырып виртуалды шындық көмегімен білім алушыларға оқу ортасын зерттеудің және өзара әрекеттесудің қызықты жаңа тәсілдерін ұсына алады.Бұл мақала білім берудегі виртуалды шындық әлеуетін, шешуді қажет ететін ағымдағы қиындықтарды және осы технологияның болашақтағы әлеуетті қолданбаларын қарастырады.

Кілтті сөздер: компьютерлік технология, оқу процесі, ақпараттық технология, виртуалды шындық.

Аннотация: Виртуальная реальность, бурно развивающаяся в последние годы, оказывает огромное влияние на наш мир, начиная с игровых приложений и образовательной системы.Использование виртуальной реальности в образовании становится все более популярным. Виртуальную реальность можно использовать для имитации сценариев реальной жизни и исследования виртуальных сред. Она также может способствовать интерактивному обучению и обеспечивать привлекательную учебную платформу для студентов и школьников.Используя правильные технологии и методы обучения, виртуальная реальность может предложить учащимся новые захватывающие способы изучения и взаимодействия с учебной средой. В этой статье рассматривается потенциал виртуальной реальности в образовании, текущие проблемы, которые необходимо решить, и возможные будущие применения этой технологии.

Ключевые слова: компьютерные технологии, учебный процесс, информационные технологии, виртуальная реальность.

Annotation: Virtual reality, booming in recent years, is having a huge impact on our world, starting with gaming applications and the educational system. The use of virtual reality in education is becoming increasingly popular. Virtual reality can be used to simulate real life scenarios and explore virtual environments. It can also facilitate interactive learning and provide an attractive learning platform for students and schoolchildren. Using the right technologies and teaching methods, virtual reality can offer students exciting new ways to explore and interact with the learning environment. This article discusses the potential of virtual reality in education, current challenges that need to be addressed, and possible future applications of this technology.

Keywords: computer technology, educational process, information technology, virtual reality.

Қазақстандық білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі әрбір бала үшін сапалы мектеп білімінің қолжетімділігіне, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алуға, зерттеу және шығармашылық қасиеттерін дамытуға, өмір бойы оқуға мүмкіндік береді. Ал виртуалды шындық немесе толықтырылған шындық технологиясының көмегімен білім беру процесі толығымен өзгереді. [1]

Виртуалды шындық - бұл компьютерлік технологияның көмегімен жасалған нақты әлемді модельдеу. Бұл пайдаланушыларға виртуалды кеңістікке енуге және онымен нақты өмірде жасағандай деңгейде өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Толықтырып айтатын болсақ виртуалды шындық пәнді оқытудың тиімді құралы болып табылады, өйткені ол білім алушыларға шынайы және қызықты тәжірибе бере алады. Сонымен қатар, виртуалды шындықты нақты сценарийлерді модельдеу үшін қолдануға болады, бұл білім алушыларға проблемаларды шешу және сыни ойлау дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді.Оқушыларды жаңа ортаға көшіру қабілетінің арқасында виртуалды шындық күрделі ұғымдарды көңілді және тартымды түрде оқытудың бұрын-соңды болмаған әдісін ұсынады. Мысалы, медицина студенттері хирургияны шынайы модельдеумен айналыса алады немесе тарих сабақтары ежелгі өркениеттерге өз парталарынан шықпай-ақ экскурсия жасай алады! Білім беру мақсаттарына арналған әлеуетті қосымшалардың көптігімен, көптеген мекемелер осы революциялық технологияны өздерінің оқу құралдарының бөлігі ретінде қолдана бастағаны таңқаларлық емес.

Виртуалды шындық біздің үйрену жолымызда төңкеріс жасайды. Қызықты және интерактивті тәжірибе ұсына отырып, ол білім алушыларға проблемаларды шешу, ынтымақтастық және шығармашылық сияқты дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бұл ғана емес, сонымен қатар виртуалды шындық оқу әрекеттеріне қатысуды арттыратыны дәлелденді, бұл оны дәстүрлі әдістерге қарағанда көңілді және тартымды етеді. Виртуалды экскурсиялардан 3D модельдеуге дейін оқытушылар бұл технологияны өз сабақтарына қалай енгізе алатыны туралы шексіз мүмкіндіктер бар!

Виртуалды шындық керемет нәрсе - бұл барлық жастағы білім алушыларға өз үйінің ыңғайлылығында жаңа орталарды зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушыларды мүлдем жаңа әлемдерге көшіру қабілетінің арқасында виртуалды шындық күрделі ұғымдарды көңілді және тартымды түрде оқытудың қызықты әдісін ұсынады. Сіз оны медициналық оқыту немесе ежелгі өркениеттерді зерттеу үшін пайдалансаңыз да — бұл революциялық технология көптеген жылдар бойы сыныпта баға жетпес құрал болып қала беретініне күмән жоқ!

Зерттеу мағұлматтарына сай адам ақпараттаың 50% көзбен көру арқылы ал қалған 30% есту, 10% иіс сезу және дәммен алады.Виртуалды шындық технологиялары білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін қабылдаудың осы ерекшеліктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл технология мектептер мен университеттерде өте тиімді әдістемелік үй бола алады. [2]

Білім берудегі виртуалды шындық құзырлеттілігі.

Виртуалды шындықты қолдана отырып оқытуды иммерсивті технологияларға негізделе отырып айналадағы шындықты жақсы қабылдауға және түсінуге мүмкіндік беретіндігіосы технологияның қарқынды түрде дамып келе жатқандығын білдіреді.

Виртуалды шындық технолгисын қолдану тәсілің бірнеше артықшылықтары бар оларға

- Көрнекілік- нақты әлемде байқауға болмайтын немесе өте қиын объектілер мен процестерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді.
- Жинақылық - білім алушы сыртқы тітіркендіргіш көңіл аудармай. Толығымен материалға шоғырланып, оны жақсы сіңіре алады.
- Қызығушылық – Виртуалды шындықта оқушылар химиялық эксперименттер жүргізе алады, көрнекті тарихи оқиғаларды көре алады және күрделі мәселелерді неғұрлым қызықты және түсінікті түрде шеше алады.
- Қауіпсіздік - виртуалды шындық көмегімен күрделі операцияларды, көлікті басқару дағдыларын жетілдіруге , тәжірибе жасауға және т.б. Сценарийдің күрделілігіне қарамастан, білім алушы өзіне және басқаларға зиян тигізбейді.

Тиімділік - қазірдің өзінде әлем бойынша жүргізілген эксперименттерге сүйене отырып, виртуалды шындық көмегімен оқытудың тиімділін байқаға болады. [3]

Виртуалды шындықты қолдану кезіндегі өзекті мәселелер.

Оның әлеуетіне қарамастан, ол білім беруде кеңінен қабылданбас бұрын шешілуі керек кейбір мәселелер әлі де бар. Бұл сұрақтарға мыналар кіреді:

- Құны: виртуалды шындық жүйелері қымбат болуы мүмкін, бұл оларды көптеген мектептер мен студенттерге қол жетімді етпейді.
- Қол жетімділік: кейбір студенттер технологияға қол жеткізе алады, ал басқалары жоқ соған байланысты бәріне бірдей тең оқу ортасын құра алмайды.

Денсаулыққа қатысты мәселелер: кез-келген технология сияқты, виртуалды шындықты қолданумен байланысты денсаулыққа қауіптлігі бар, мысалы, қозғалыс ауруының даму қаупі, көздің нашар көре бастауы. [4]

Виртуалды шындық қашықтықта оқытудағы әсері.

Виртуалды шындық технологиясы мектептердегі дәстүрлі сабақтарды толықтыра алады және қашықтықтан оқытуды тиімді жүзеге асыруға көмектеседі.Виртуалды шындық пайда болуымен оқушылар мен студенттерге оқу орындарына келудің қажеті жоқ. Қашықтықтан басқа оқушылармен бірге сабаққа қатысуға болады. Мұғалім мүмкін сабаққа келген оқушыларды белгілеу, сондай-ақ олардың үлгерімі туралы сұрау және жеткізуақпарат неғұрлым ыңғайлы және түсінікті түрдеболады. Практикалық сабақтар сапалы болады, өйткені мұғалім бір уақытта бірнеше оқушыны бақылай алады. Сонымен қатар, виртуалды шындық өзін-өзі дамытуме айналысқысы келетіндер үшін үлкен мүмкіндіктер ашады, "интернетте көптеген виртуалды дәрістер, интерактивті дәрістер табуға болады.



Сурет 1. Виртуалды дәріс

Көріп отқарыныздай Сурет (1) виртуалды шындық көмегімен биология пәнінен адам қаңқасын толығымен және түбегейлі зерттеуге болады бұл мындаған мысадын бір ғана бөлігі. Тек қана биология ғана мемес тарих, химия, физика, информатика және технолония сияқте ен керекті пәндерті оқушымен бірге зерттер зерделеп түсіндіруге болады. [5]

Виртуалды шындық білім беру жүйесінің қалай өзгертеді

Ағымдағы тенденцияларды бақылай отырып, уақыт өте келе витруалды шындық жабдықтары қол жетімді болады деп айтуға болады. Технологияны таратудың негізгі факторларының бірі қол жетімділігі және виртуалды шындықтың мазмұнын арттыруға болады. Тек мектептер үшін ғана емес, сонымен қатар университеттер мен басқа да мекемелер үшін. Сонымен қатар, виртуалды шындықты кез – келген жаста қолдануға болады-бастауыш сынып оқушылары үшін де, жаңа мамандықты игеруге немесе бар дағдыларды жетілдіруге шешім қабылдаған адамдар үшін де.

Бірақ егер виртуалды шындық технологиялары бүгінде соншалықты дамыған болса, неге олар жаппай сипатқа ие болмады? Біз айтқан бірінші себеп – бұл баға. Смартфон құрылғыларын есептемегенде, аппараттық құрал жаппай сатып алушы үшін әлі де қымбат. Сонымен қатар, барлығы дәл қазір ақша салуға дайын емес, өйткені олар алты айдан кейін-бір жылдан кейін технологияның дамуында жаңа жылдам секіріс болуы мүмкін және сатып алынған жабдық ескіреді деген қорқыныш бар.

Бағадан бөлек басқа бірнеше маңызды факторлар бар.

1. Виртуалды шындық бағдарламаларынәзірлеу өте қымбат. Бұл процесс көп уақытты, күш пен инвестицияны қажет етеді.
2. Виртуалды шындыққа бейімделудің мүмкін қиындықтары. Барлық адамдар виртуалды шындықты бірдей қабылдай бермейді. Кейбіреулерде бірнеше минуттан кейін бас айналу, жүрек айну және бағдарсыздық пайда болады. Бұл дененің жеке ерекшеліктері, олардан құтылу мүмкін емес. Бірақ қазіргі заманғы құрылғылардың көпшілігінде бұл мәселе іс жүзінде шешілді және жақын арада оны толығымен жеңуге болады.
3. Мемлекеттік деңгейде оқу бағдарламасын айтарлықтай өзгерту қажеттілігі. Әзірге виртуалды шындық эксперимент деңгейінде енгізілуде. Технологияны оқу процесінің толыққанды бөлігіне айналдыру үшін мектептер мен университеттерде оқыту бағдарламаларында түбегейлі жұмыс істеу керек. Бірақ бюрократиялық қиындықтарға байланысты бұл жылдарға созылуы мүмкін.

Сөзімді толықтайтын болсам виртуалды шындық-бұл оқушыларға интерактивті және танымдық кеңістікке енуге мүмкіндік беретін қуатты білім беру құралы. Ол студенттерге зейінін шоғырландыруға және пән туралы түсініктерін жақсартуға көмектесетін инновациялық интерактивті зерттеулер мен оқу кеңістіктерін ұсынады. Виртуалды шындық сонымен қатар мұғалімдерге оқушыларына интерактивті және қызықты білім беруге көмектеседі. Қорытындылай келе, виртуалды шындық білім берудің тиімділігін арттырудың және студенттерге қызықты және интерактивті зерттеулерді қамтамасыз етудің қуатты құралы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы// http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution
2. Мектептер мен университеттер виртуалды және кеңейтілген шындық арқылы қалай оқытылады //https://skillbox.ru/
3. Иванко А.Ф. Білім берудегі толықтырылған және Виртуалды шындық /А.Ф. Иванко, М.А. Иванко, М. Б. Бурцева. - Мәтін: тікелей / / Жас ғалым. — 2018. — № 37 (223). — 11-17 б.
4. Виртуалды шындық қолдану преспективалары //https://cyberleninka.ru/
5. Сурет (1) //https://www.hi-fi.ru/

ӘОЖ 371.32:53+37.016

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қ.Е Набиева.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
6В01502 - Физика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының студенті,
Nabievak4@gmail.com

Р.Б. Ордабаева
ф.ғ.к., доцент м.а. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ физика пәні мұғалімдеріне заман талабына сай интерактивті әдістерді тиімді пайдалану жолдары туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар, сабақ берудегі заман талабына сай білім беру туралы сөз қозғалады.

Кілтті сөздер: жаратылыстану, тест, педагогтар, технология.

Аннотация: В этой статье речь пойдет о способах эффективного использования современных интерактивных методов для будущих учителей физики. Кроме того, речь идет об образовании, отвечающем современным требованиям преподавания.

Ключевые слова: естественные науки, тесты, педагоги, технологии.

Annotation: This article will focus on ways to effectively use modern interactive methods for future physics teachers. In addition, we are talking about education that meets modern teaching requirements.

Keywords: natural sciences, tests, teachers, technologies.

Тұғыры биік тәуелсіз еліміздің болашақ мамандары үшін қазіргі таңда жаратылыстану бағытындағы пәндерге, әсіресе физика пәнінің мектеп қабырғасынан бастап оқытылуына көңіл бөлу өте маңызды болып табылады. Қазақстанда 300-ге жуық мамандық бар десек, соның 80 пайызынан астамы түрлі сала инженерлері, ауылшаруашылық мамандары. Сондықтан бұл пәнді мектеп қабырғасынан терең меңгермеген адамның болашақта нашар маман болатыны еш күман туғызбайды.

Мұғалім ол басты тұлға, шәкіртке бағыт беруші бағдаршам деп айтсақ, оқушы өз бетімен еңбек ету арқылы, талпынып, жеткен жетістігінің жемісін көруші, мұғалім мен оқушы үнемі өзара тығыз байланыста болуы қажет. Сонда ғана еліміздің келешекте өз ісінің маманы бола алатын жастарға толы болатыны анық.

Қазіргі таңда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін оята білу олардың болашақта өз ісінің шебері болуына көптеген мүмкіндіктер ашады. Осыған орай қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамыған кезеңінде, берілген мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын арттырып, сол пәнді одан әрі жақсы көріп оқуларына жағдай жасауымыз керек.

Жыл сайын Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында білім саласына байланысты өзекті мәселелерді көтеріп, нақты шешімдерді айтады. Осыған орай мамандықтар арасында жаратылыстану пәні өте маңызды екенін, ғылымдарымен тығыз байланысты, оның ішінде физика пәнінің алатын орны ерекше екені баршамызға мәлім. Цифрлық заманда, технологиялардың дамып тұрған мезетінде неге сабақты заман талабына сай қызықты әрі сапалы өтпеске?

Жаңа технологиялар дамып, кең өріс алуына қарай оқыту процессінде «интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» терминдерін жиі кездестіре аламыз. Интерактивті әдістер – оқушылардың өзара әрекет жасауына жағдай жасайтын әдістердің бірі, ал интерактивті оқытуды өзара әрекет жасауға негізделген құрылғыға оқыту деп түсінуге болады. Интерактивті оқыту әдістері өте тиімді, неге десеңіздер? Оқушылар өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген әдіс. Сол үшін де олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірігіп әрекет жасауға, сабақта кезінде оқушы ға жайлы да жағымды психологиялық жағдайдың орнауына мүмкіндік береміз.

Бағдарламалық – ақпараттық жиынтық «интерактивтік тақта» дегеніміз бұл дәстүрлі мектеп тақтасының барлық сапасына ие және төмендегідей кең, ауқымды мүмкіндіктері бар тақта:

- экрандағы берілген проекцияны графикалық түрде түсініктеме берді;
- бір уақыт мезетінде сыныптағы оқушылардың жасаған жұмыстарына сипаттама жүргізіп, тексеруге мүмкіндік берді;
- табиғи әдіспен, яғни ұсынылатын ақпарат ағынын арттыру есебінен сыныптағы оқушылардың оқу жүктемесі артады;
- оқуға жаңа құлшыныстың бастапқы шарттарын даярлайды;
- сұхбатқа, яғни әігімелесуге негізделген оқытуды жүргізеді;
- басқа да әдістерді пайдалану арқылы, қарқынды түрде оқиды.

Физика пәнін оқытудағы интерактивті тақтаның көмегі:

- электронды форматта сақталып тұрған пайдалы мәліметтерді оқушылардың білімдерін қорытындылау сәтінде пайдаланамыз;
- сыныптағы оқушылардың сабақ барысында тапсырған тест жұмыстарының нәтижелерін шығарып, олардың білімдерінің диаграммалық түрінде көре аламыз;
- оқушыларға қызық kahhot, quizizz, wordwallжәне т.б. сайттары арқылы онлайн форматта, оқыған сабақтарын жетілдіру үшін ойын ойната аламыз;
- оқыған сабаққа байланысты интернет желісінен керекті ақпараттардың қажеттісін жеке папкаға жинақтап қояды;

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы сабақты жаңа әдіспен түсіндірумен оқушылардың назарын аударуға болады, жалпы физика пәніне қызығушылығын артады. Оқушылар сабақ барысына дайындалуға белсенді түрде қатысады, жоғарыда айтылған әдістер оқу – зерттеу жұмыстарын жасау шығармашылықпен жұмыс жасауға ойлау қабілетін дамытады, тек физика пәнімен қатар, информатика және мультимедиялық білім беру пәндерінде жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа әдістерін қолдану өте маңызды, үйлесімді тәжірибе арқылы мұғалімді табысқа жетелеп теориялық білімі шыңдай түседі. Ең қиыны оқытудың бүкіл әдістерін белгілі бір ізге сала отырып, сабақтың құрылымын қазіргі заман талабына сай қайта құру. Адамгершілігі мол сауатты, білімді мұғалім өзінің әрбір сөзіне, сөйлеміне, сыртқы келбетіне талғаммен сынай қарап, шәкірттерге де талап қойа біліп, үйретуден жалықпайтын, түсінбей қалса, оларды кінәламай, сабырлықпен сөйлеп, қателескен жерінде өз кінәсін мойындап оқумен бірге тәрбие беріп отыру негізінде мақсатқа жете алады.

Оқытудың әдістерінің, сабақ түрлерінің молдығы, оқушылардың оқу процесінің элементтеріне ретімен, жүйелі араласып отыруы, оларды шебер пайдалану - әрбір пәнді оқыту процесінің тиімді болуының аса маңызды шарттарының бірі. Сабақтың алдында мынандай міндеттер тұрады:

- оқушыларға терең білім беріп қана қоймай, іскерліктері мен дағдыларын жетілдіріп, қалыптастыру;
- өз бетінше оқуға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуына талдау жасау, алған білімді практикада қолдана білуге баулу, ойын дамыту, оқуға, білімге деген көзқарасын қалыптастыру, жүйелі оқытудың қажеттілігін ұғындыру.

Шығармашылық есептерді шығару оқушылардан шығармашылық іс-әрекеттерді қажет етеді. Шығармашылық іс-әрекеттердің анықталған нақты бір операциялар жүйесінің болмауы физиканы оқыту процесінде педагогикалық маңызды қиыншылықтарды туындатады. Біз шығармашылық есептерге оқушының есептің шарты қоятын мақсаттарды шешу жолында есептің идеясын, ондағы жаңа нәрсені, белгісіз амалдар тәсілін табуға, есепті шығаруға төмендегідей іс-әрекеттерді пайдалануға болатын есептерді жатқызамыз. Оларкелесііс-әрекеттер:

- физикалық құбылысты, объектіні өз бетінше көре білуі, көріп бақылаған құбылыс пен объект туралы өз ойларын, фактілерді іздеу тәсілдерін тұжырымдай білуі;
- бір физикалық объектіні нақты бақылай білуі, оныңбелгілері мен сапаларын танып, ажырата және ортақ белгілерді топтай білуі;
- қарастырып отырған физикалық құбылыстың және объектінің сипатын, олардың белгілері арасындағы байланысты таба білуі;
- фактілер туралы сұрақтарды тұжырымдау;

- қойылған сұрақтар бойынша проблеманы, есепті тұжырымдай білуі;
- қажет болған жағдайда проблеманың эксперименттік қойылуы.

Қорыта айтқанда, болашақ физика пәні мұғалімінің басты қызметі ұсынылған жаңа қолжетімді технологияларды дұрыс пайдаланып, жаңа қоғамға сай білімді, көкірегі ояу, тәрбиелі, әр уақытта еліне қызмет ете алатын, оңды-солын білетін жақсы азамат қалыптастыру.

Ал, мұғалімнің негізгі міндеті қазіргі кездегі жаңа оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгеріп, өз кәсібін әрі қарай дамыту, білім мен біліктілік шыңын бағындыру.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. С.А.Мухина, А.А.Соловьева. Нетрадиционные педагогические технологии в обучении Ростов –на-Дону 2004. 348с., Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М. Высшая школа. 1995. - 336с.
2. Тантыбаева Б. С. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқытудың белсенді әдістерін қолдану тиімділігі. http://www.group-global.org/

ӘОЖ 14.29.29

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ДАМЫМАУЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЗДІҢ БУЫНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ә.Қ.Нұрпапа
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
7М01902 – Арнайы педагогика мамандығының 2 – курс магистранты, asem.nurpapa@mail.ru

Б.М.Сайдаева
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
8D01901 – Арнайы педагогика мамандығының докторанты, b.saidayeva@gmail.com
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақалада сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар 2 – деңгейдегі 2 – 3 сынып оқушыларының сөздің буындық құрылымын игеру жағдайы мен оны дамыту жұмысының ерекшеліктері зерттелді. Зерттеу мақсаты – сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар бастауыш сынып оқушыларының сөздің буындық құрылымын дамыту жұмысының ерекшеліктерін анықтау. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін теориялық талдау жүргізу, сөздің буындық құрылымының бастапқы даму деңгейін анықтау және буындық құрылымды дамыту жұмысының мазмұнын жасақтау сияқты міндеттер қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде СТЖД балалардағы буындық құрылымының қалыптасуының төмен деңгейі анықталып, оларды дамыту бойынша жұмыс мазмұны ұсынылды. Ұсынылған әдістердің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, нәтижелері салыстырмалы түрде талданды.

Кілтті сөздер: сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, буындық құрылым, ашық буын, бітеу буын, тұйық буын.

Аннотация: В данной статье исследовано состояние усвоения слоговой структуры речи учащимися 2 – 3 классов 2 – го уровня с общим недоразвитием речи и особенности работы по ее развитию. Цель исследования-выявить особенности работы младших школьников с общим недоразвитием речи по развитию слоговой структуры слова. Для реализации данной цели были рассмотрены такие задачи, как проведение теоретического анализа, определение начального уровня развития слоговой структуры слова и разработка содержания работы по развитию слоговой структуры. В результате исследования выявлен низкий уровень сформированности суставной структуры у детей с ЗППП и представлено содержание работы по их развитию. Эффективность предложенных методов проверялась экспериментально,а результаты анализировались относительно.

Ключевые слова: общее недоразвитие речи, слоговая структура, открытый слог, закрытый слог, прикрытый слог.

